

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

---

**Г. А. ЖҰМАСҰЛТАНОВА  
Д. Б. КӨШЕРБАЕВ**

## **САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ**

Оқулық

**Алматы, 2012**

**ӘӨЖ 32 (075.8)**

**ББК 66.0 я73**

**Ж 81**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»  
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

***Пікір білдірушілер:***

**Ж. А. Шалабаев** - саяси ғылымдарының докторы, профессор;

**Б. И. Қарипбаев** - философия ғылымдарының докторы, профессор;

**Б. Г. Нұрмағамбетов** - саяси ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Жұмасұлтанова Г. А., Көшербаев Д. Б.**

**Ж 81 Саяси модернизация: оқулық/Г.А Жұмасұлтанова,  
Д.Б Көшербаев - Алматы: 2012 ж. - 147 бет.**

**ISBN 978-601-80326-8-4**

Бұл оқулықта модернизация үдерістерінің теориялық және әдіснамалық аспектілері, әлемдік даму контекстіндегі саяси модернизация мәселелері мен Қазақстан Республикасындағы саяси модернизацияның ерекшеліктері қарастырылған. Оның ішінде саяси модернизацияның қазіргі замандық мазмұны мен негізгі факторлары көрсетіліп, демократизация үдерісі саяси модернизацияның контекстінде айқындалады.

Ұсынылып отырған оқулықтың мазмұны ҚР МЖМБС 03.08.306-2006ж. бекітілген және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ті дайындаған типтік бағдарламасының негізінде құрылып, «Саясаттану» мамандығының студенттеріне арналған.

Сонымен қатар, саяси модернизация «Саясаттану» пәнінің өзекті мәселесі болғандықтан, осы пәнді оқитын барлық жоғары оқу орындарының студенттері кең қолдана алады.

**ӘӨЖ 32 (075.8)**

**ББК 66.0 я73**

**ISBN 978-601-80326-8-4 © Жұмасұлтанова Г. А., Көшербаев Д. Б., 2012**

© Қазақстан Республикасы жоғары

оқу орындарының қауымдастығы, 2012

## Мазмұны

|   |     |
|---|-----|
| <b>Кіріспе</b> .....  | 4   |
| <b>1-тарау. Модернизация үдерістерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық қырлары</b> ..... | 7   |
| 1.1 Саяси даму: ұғымы мен критерийлері.....   | 7   |
| 1.2 Саяси даму пішіні түріндегі саяси модернизация.....                                 | 15  |
| 1.3 Саяси модернизация құралы ретіндегі президенттік институт.....                      | 21  |
| 1.4 Интеллектуалдық элита және саяси модернизация.....                                  | 30  |
| <b>2-тарау. Бүкіл әлемдік даму контекстіндегі саяси модернизация</b> .....              | 43  |
| 2.1 Табиғи модернизация.....  | 43  |
| 2.2 Бейтабиғи модернизация.....   | 45  |
| 2.3 Ресейдегі модернизация тәжірибесі.....  | 47  |
| 2.4 Постсоциалистік елдердегі саяси модернизация.....                                   | 63  |
| <b>3-тарау. Қазақстан Республикасындағы саяси модернизацияның ерекшеліктері</b> .....   | 79  |
| 3.1 Қазақстан қоғамының ұласуының әлеуметтік-экономикалық негіздері.....                | 79  |
| 3.2 Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің ұластыру ерекшеліктері.....               | 87  |
| 3.3 Қазақстанда саяси плюрализмнің дамуы және оның жұртшылық санасына әсер етуі.....    | 99  |
| 3.4 Қазақстанда саяси мәдениеттің қалыптасуы.....                                       | 105 |
| <b>4-тарау. Пән бойынша оқу-әдістемелік материалдар</b> .....                           | 112 |
| 4.1 Семинар сабақтарының жоспарлары.....  | 112 |
| 4.2 Пән бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары.....                                       | 117 |
| 4.3 Пән бойынша емтихан сұрақтары.....  | 120 |
| 1.4 Студенттерге өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмаларының үлгілері.....         | 122 |
| <b>Қорытынды</b> .....  | 126 |
| <b>Әдебиеттер тізімі</b> .....  | 130 |

## Кіріспе

Қазіргі әлемде саяси дамудың жаңа тенденциялары пайда болды. Олардың бірі – саяси модернизация, немесе қазіргі отандық зерттеушілердің айтуы бойынша, ол – саяси жаңару. ХХІ ғасыр инновациялық дамудың жаңа кезеңінде де саяси модернизация үдерісі өз маңыздылығын жойған жоқ. Саясаттанушылардың айтуы бойынша, саяси ғылымда өзіндік орны бар модернизация үдерісі бүгінгі күнде жан-жақтан зерттеліп, танылып жатыр. Бұл осы мәселеге деген ғылыми және тәжірибелік қызығушылық деңгейінің жоғарлығын көрсетуде.

Бүгінгі әлемдік мемлекеттердің тағдыры, соның ішінде посткеңестік кеңістіктегі тәуелсіз егеменді мемлекеттердің тарихи тағдыры да, қазіргі кезде саяси модернизациямен (саяси жаңартумен) өте тығыз байланысты.

Бұл жөнінде отандық саясаттанушы В. А. Жексембекова келесі пікірді ұсынып отыр: «Ауқымды әлемдік қоғамдастыққа кіру қажеттілігіне тап бола отырып, посткеңестік мемлекеттер жаңарту жолына, яғни, негізінен, батыстық дамудың қарқындары мен стандарттарына бейімделген әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер жолына түсті. Дегенмен, ХХ жүзжылдық тәжірибесі көрсеткендей, жаңарту үдерісі айтарлықтай қарама-қайшы. Сонымен, жаңартылу реформалары барысында көптеген посткеңестік қоғамдардың бөлінуі тек жасампаз, бейбіт жолымен өтумен бірге, күйзелту үдерістерімен де ерекшеленіп, олардың барлығы реформа жасау үдерісінде әлеуметтік, экономикалық және мәдени сипаттағы едәуір қиындықтарға тап болып отыр. Сондықтан өзгерістерді шынайы бағалау, қазіргі жағдайлар мен мұнан әрі қарай даму үдерісін сипаттау көп жағдайда зерттеушілер қолданатын теориялық-методологиялық әдіс-тәсілдерге байланысты болады»<sup>1</sup>.

Осы мәселені ескере отырып, ұсынылып отырған бұл оқулықта авторлар студенттерге оқытылатын «Саяси модернизация» пәні бойынша және «Саясаттану» пәнінің жеке тақырыбы бойынша оқу материалдарды мемлекеттік тілде жинақтап, жүйелеуге тырысты. Оның үстіне, елімізде мемлекеттік тілде арнайы мамандарды даярлауда оқулықтар әлі де болса жеткіліксіз деуге болады. Осыған байланысты, біздің ұсынып отырған оқулығымыз бұл кемшілікті жоюға көмектеседі деген үміттеміз.

Өтпелі экономика жағдайындағы елдердегі бүгінгі күнгі ең бір өзекті мәселе – ондағы саяси жүйеде болып жатқан жаңарту мен интеграциялық үдерістердің табысты түрде қалыптаса жүруі және сол арқылы стратегиялық мақсаттарға жету. Ол үшін, біріншіден, ғылымға

негізделген анық стратегияны айқындап алу қажет, екіншіден, әлемдегі бай тәжірибені ескере отырып, әр мемлекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне аса назар аудару қажет.

Саяси модернизация мәселесі бойынша Дж. Джермани, Р. Инглегарт, Дж. Клоумен, Д. Ростоу, Дж. Сартори, С. Хантингтон, Ш. Эйзенштадт және т.б. сияқты батыс ғылымдары біраз зерттеулерді жүргізген. Бұл Ресейлік саяси ғылым саласында саяси модернизация мәселесі бойынша Б. С. Ерасов, В. А. Красильников, М. В. Иьин, Ю. В. Мельвиль, В. В. Лапкин, В. И. Пантин, В. А. Ачкасов және т.б. өздерінің еңбектерімен танымал болып жүр. Қазақстандағы саяси ғылым саласында бұл мәселемен А. Н. Нысанбаев, Р. К. Қадыржанов, М. С. Машан, И. Н. Тасмағамбетов, Е. Т. Іңкәрбаев, Жексембекова В., Т. Асанов және т.б. айналасып жүр.

Сонымен қатар, Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің ғылыми еңбектерінде және жылдағы Қазақстан халқына Жолдауларында әрқашанда саяси жаңарту және даму мәселелеріне көңіл бөледі. Оның жыл сайынғы Жолдауларында әдеттегідей еліміздегі жетістіктері саралап, келешегі бағдарланады. Мысалы, 2006 жылдың жолдауында Елбасымыз Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын жариялады. Ал, 2007 жылының жолдауында Президент Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне сенімді қадам басты деп белгіледі. Бұл жолда Н. Назарбаев жаңа кезеңнің негізгі міндеттерін атай отырып, оның жан-жақты жаңартуды жеделдету мақсаты мен талаптарын қойды<sup>1</sup>.

Оқулық мазмұны жағынан пән бойынша типтік бағдарламаға сәйкес дайындалған. Пәнді оқытудағы мақсат – студенттердің ой өрісін, олардың осы арнаулы пән сала бойынша саяси ғылымның маңызды бір бөлім ретінде алған білімін тереңдетіп, кеңейте түсу. Сонымен қатар, аталмыш оқулықта жинақталған материалдар студенттерге жалпы саяси модернизацияның мәні мен мазмұнын ашып көрсетуге арналған.

Бұл оқулықтың теориялық негізін әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды, әдіснамалық негізі ретінде тарихи, өркениеттік, салыстырмалы, яғни компаративистік, құрылымдық – қызметтік, жүйелілік, мәдени-детерминистік баптар мен принциптер қолданылады

---

<sup>1</sup> Жексембекова В. Саяси жаңарту: теория мәселелері және Қазақстан тәжірибесі // Саясат. – 2007. - №10.- 52 б.

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан.- 2007, 1 наурыз.

Авторлардың ойынша, бұл жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Оның негізгі тұжырымдарын саясаттанушы мамандығы бойынша оқитын студенттер және мамандырылған саясаттанушылар кәсіби жұмыстарында пайдалана алады.

Берілген оқулық «Саясаттану» мамандағының «Саяси модернизация» деген міндетті пәні бойынша Мемлекеттік оқу стандартының және типтік бағдарламаның негізінде құрастырылып дайындалды. Сонымен бірге, саяси модернизация туралы мәселелердің қазіргі кездегі барлық мамандықтар оқитын «Саясаттану» пәннің бір қатар тақырыптарына байланыстығы ескерілген. Сондықтан, бұл оқулықтың саясаттануды оқитын барлық студенттерге де өз қажеттілігін тигізетіндігі сөзсіз.

# **1-тарау. Модернизация үдерістерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық қырлары**

## **1.1 Саяси даму: ұғымы мен критерийлері**

Саясаттану ғылымында саяси өзгерістерді білдіретін «саяси процесс», «саяси өзгеріс», «саяси даму» сынды ұғымдар бар. Бұлардың барлығы белгілі бір қоғамдық саяси түрленулерді білдіреді.

Қазіргі саясаттану ғылымында «саяси даму» ұғымының жалпы танылған анықтамасы жоқ. Көбінесе саяси әдебиеттерде саяси даму мына мәндерге ие болады:

- экономикалық дамудың алғышарттары;
- өндірістік қоғамға тән саясат;
- саяси модернизациялау;
- ұлттық мемлекетті басқару;
- әкімшілік және құқықтық даму;
- жаппай жұмылдыру және қатысу;
- демократиялық қоғамды құру;
- өзгерістер сабақтастығы мен тұрақтылығы;
- әлеуметтік өзгерістердің көп жақты процесінің бір аспектісі.

Саяси ілімдер тарихында саяси дамудың әртүрлі концепциялары қалыптасқан. Мәселен, саяси дамудың либералдық өкілдері – саяси дамудың өлшемі ретінде адам құқығының жоғарылығын, мемлекеттің азаматтық қоғам бақылауында болуын, плюрализм мен рухани бостандықты алады. Ал, консерваторлар саяси дамудың негізгі құндылықтары ретінде саяси іс-әрекеттегі моральдық басымдылықты, басқарудың алдыңғы формасымен сабақтастықты, билікті ұйымдастыруда базалық қалыптар мен қағидаларын сақтауды есептейді. Марксизм саяси жүйе дамуының өлшемін жеке меншіктің қоғамдық меншікке ауысуымен жұмысшы табының гегемондығымен және коммунистік партияның жетекшілік рөлін атқарумен байланыстырады. Демек, алдыңғы екі бағыт демократияның тоталитаризмге, ал марксизм болса социализмнің капитализмге үстемдігін қолдайды<sup>1</sup>.

Бірақ саяси процестер аяқталмаған транзисті қоғамды бұл өлшемдерді пайдалану қиындық тудырып ғана қоймайды, кейде даму идеясының өзіне қарама-қайшылық тудырады.

---

<sup>1</sup> Жуков В., Краснову Б. Общая и прикладная политология.- Москва.- 2001.- 221 – 222 б

Мәселен, билікті демократиялық негізде институттау, плюрализмді кеңейту басқарудың деспоттық формасының қалыптасуына немесе қоғамды басқаруда жағымсыз салалардың тууына алып келуі мүмкін.

Саясаттанушы ғалымдар саяси даму саяси құрылымдар, қалыптар, институттардың жаңа әлемдік, экономикалық және т.б. мәселелерді тез арада қабылдау қабілеті мен сезіну икемділігіне, әрі қоғамдық пікірді қабылдау мүмкіндігіне тәуелді деген қорытынды жасады. Демек, кері байланыстың тұрақты механизмі қалыптасуы тиіс, бұл дегеніміз басқарудың тиімді буындары тұрғындар пікірлерін есепке алуға қабілетті. Шешімді тиімді таратушы, саяси жүйе шиеленісті реттеудің икемді механизміне айналған және билікті қолданудың тиімді жолдарын таңдаған деген сөз. Мұнда бұл мемлекет қандай нақты ұлттық мемлекеттік форманың өзгерісін иеленетіндігі ешқандай мәнге ие болмайды, қандай партия, қандай идеология саясатты анықтайтындығы ешбір рөл атқармайды. Ең негізгісі, саяси институттардың жаңа проблемаларды шеше білу қабілетіне, оның қоғаммен ашық сипаттағы қатынасы билік жүйесінің жағымды динамикасын өмір сүрудің жаңа сапасына өткендігін бейнелейді. Бұл пікірді Д. Истон, Г. Алмонд және Г. Пауэлдің саяси жүйедегі ең бастысы, оның құрылымында емес, іс-әрекетінде деген тұжырымдары да растайды.

Сонымен, саяси даму дегеніміз - саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау, саяси шешім – әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы.

Саяси дамудың мақсаты – қандай да бір тиянақты саяси қатынас пен қалыпты қалыптастыру немесе өзгерту емес, саяси институттармен ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу. Саяси даму үдерісі саяси жүйенің ішінде оның мақсатының мынадай факторлармен: әлеуметтік-экономикалық даму, тұрақтылық, теңдік, қатысу және т.б. – өзара байланысы болуын талап етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік пен саяси қатысуды күштеп шектеуге талпынған даму жағдайында әлеуметтік қиналыс, саяси тұрақсыздық күшейеді, сөйтіп, саяси даму процесі бұзылады.

*Саяси дамудың эволюциялық жолы үшін қажетті жағдайлар мыналар:*

- тұрғындардың шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық сұраныс пен мүддені есепке алу;



- билік үшін күресте әділ және еркін бәсекелестікті орнату;
- шиеленісті шешудің тиімді механизмін қалыптастыру;
- саяси жетекшілердің біліктілігі, хабардарлығы, қарсыласымен келісімге келе білу қабілеті, күштеуге жол бермеу.

*Саяси жүйедегі даму үдерісі:*

- Талаптар мен қолдауды артикуляциялау, оны әртүрлі күштеу топтары мен саяси партиялар атқарады. Егер олардың қызметі шектелетін болса, онда саяси жүйенің бейімделу мүмкіндігі әлсірейді. Талаптарды електеу, белгілі бір каналдарға бөлу, ол мәдени әрі құрылымдық болып екіге бөлінеді. Құрылымдық немесе саяси түрі, оған партия, жоғары қабат парламентаризм жатады. Сондықтан мұнда саяси әлеуметтендіру рөлі басым. Талаптарды қысқарту, топтастыру, баламалық талдауды қалыптастыру. Бұл қызметті саяси партиялар тиімді атқарады. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың әлсіздігі саяси жүйенің ішкі және сыртқы өзгерістерге тез арада бейімделуінің стратегиялық әлеуетін төмендетуде.

- Кері байланыс қоғамдағы шиеленістерді шешудің бірден-бір көзі, ол биліктің саяси жүйеге түскен талап-тілектерді реттеу қабілетіне байланысты. Кері байланыс саяси жүйенің өзінің мақсатына қаншалықты жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында саяси жүйе кері байланыс әлсіздігінен қиналысқа ұшырауда. Бұл саяси жүйенің ақпараттар каналдарының қызметі әлсіздігіне байланысты.

К. Дойч саяси жүйе өз мақсатына жету үшін мына төрт факторға тәуелді деп есептейді:

- жүйенің ақпараттармен жүктелуімен;
- саяси жүйе реакциясының жылдамдығымен;
- саяси жүйенің жаңа фактілерге тез, әрі сапалы жауап қайтарумен;
- мақсатты нақты белгілеумен.

Демек, саяси жүйе қызметінің тиімділігі қамтамасыз ететін факторларға айналымдағы ақпараттардың жеткіліктігі мен сапасы, жүйенің сыртқы ықпалдарға жауап қайтару жолдары мен формалары, сонымен қатар, ұжымдық әрекет арқылы білдіру, оның нәтижесінің бастапқы мақсатқа сәйкес келуін жатқызуға болады<sup>1</sup>.

Қазіргі заманғы саяси жүйеге өту саяси өмірдің жүйелік сапасы өзгеруінің және демократия қалыптасуының сөзсіз мүмкін процесі ғана болып табылмайды. Жаңа саяси тәртіптің қалыптасуы қарама-қайшылықтар тап болады. Әлеуметтік басқа қағидалар мен

<sup>1</sup> Ильин М.В. Идеальная модель политической модернизации и пределы ее применимости.- Москва.- 2000.- 98 – 100 б

механизмдеріне негізделген. Біріншіден, қоғамдық қатынастарды рационализациялау, тиімділіктің әмбебап қағидаларына өту, демократиялық институттар қалыптастыратын индивидуалистік ұжымдық құндылықтар, әлемнің иррационалдық бейнесі, дәстүр мен әдет-ғұрып қарсылығына тап болды. Дәстүрлі қоғамда индивид өзін етенелесуін дәстүр, бедел, ұлттық бірлік күшіне деген сенім арқылы сезінеді. Басқа құндылықтарды жоққа шығарады және оларға өшпенділікпен қарайды. Екіншіден, нарықтық қатынас қоғамды қызмет түріне, өмір сүру деңгейіне, әлеуметтік статусына, кетуі мен талпынысына қарай жіктерге бөледі. Сұраныстың динамикалық дамуы және сонымен байланысты еңбек бөлінісінің жаңа түрлерінің пайда болуы, азаматтарды қоғамның саяси бірлігіне, теңдік пен ұжымдық құндылықтарына бағдар ұсынушы бұрынғы саяси институттарға қызығушылығын арттырады. Бұл карама-қайшылықтар дәстүрлі қоғам мен қазіргі қоғамға өту саяси даму дағдарысы арқылы өтетінін түсіндіреді.

Тоталитризмнен демократияға өту *легитимділік дағдарысын* тудырады, оны ТМД елдеріндегі саяси реформалау тәжірибесі көрсетіп отыр. Негізінде, тек билеуші таптың ғана емес, сонымен бірге, қоғамдағы көпшіліктің құндылықтарына сәйкес келетін саяси тәртіп легитимді деп саналады. Бұрынғы тәртіп өз легитимділігін күштеу құралдары мен тұрғындарды тұтас идеологиялық өңдеу арқылы қамтамасыз етеді. Кеңестік және легитимділікті мемлекеттік тәуелді қызметкерлер деңгейінде, яғни мемлекет қаржысы арқылы күн көрушілер арқылы жасады. Бірақ жабық түрде, билеуші коммунистік партияны аз ғана билеушілерінен қалыптасты, содан соң мемлекеттік тәуелді қызметкерлер арқылы билік шешімін қабылдаумен қамтамасыз етеді. Демократиялық саяси тәртіптің құрылуы легитимділікті ерікті сайлау арқылы қамтамасыз ету арқылы ұсынды.

*Легитимділік дағдарысы* сөзсіз, ол саяси құндылықтар мен саяси жүйе арқылы тығыз өзара байланыс арқылы анықталынады. Соңғысының трансформациясы шын мәнінде біріншінің модификациясына қажеттілікті тудырады. С. Липсет легитимділік дағдарысын өзгерістер дағдарысынан көрді.

Легитимділік саяси тәртіп тиімділігіне тәуелді. Саяси жүйенің тиімді қызмет етуінің міндетті жағдайы саяси шешім қабылдау процесінің кеңеюін мойындау, оны консенсус деп атайды. Кез келген консенсустың болуы тәртіптің легитимділігін көрсетеді. Легитимділік және консенсус саяси жүйе қызметінің тиімділігі мен

нәтижелерінің негізгі көрсеткіші. Консенсус саяси жүйе құрудың іргелі қағидалары бойынша қоғамда келісім бар екендігін көрсетеді. Мәселен, азшылықтың көпшілік шешіміне бағынуы, қарсы болу, сынау және оппозиция құқықтарының болуы, консенсус билік пен беделді трансформациялайды және консенсус арқылы мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері саяси қызметтің легитимді нормалары болады.

*Легитимділік дағдарысын шешудің үш мүмкін бағыттары:*

— Легитимділікті нақты тиімділіктер арқылы иелену. Тұрғындардың негізгі тобының күткені ең алдымен экономикалық реформа табыстарына байланысты мынадай жетістікке жетуде оңай емес. Сондықтан бұл көбінесе уәделер түрінде кездеседі.

— Өз жағына консервативтік элементтерді тарту, түрлі институттарды өз қатарына тарту, сөйтіп, бірте-бірте реформа жүргізуге мүмкіндік алу.

— Саяси билік өкілдері мен көздерін кеңейту. Демократиялық жүйеде билік көздері жалпы таныған конституцияда құқықтық бейнеленген өткізу нормасы болып табылады.

*Ұқсастықтар дағдарысы.* Соңғы он жылдағы өзгерістер адамзат тарихында бұрын қайталанылмаған әлеуметтік кеңістікте транзиті (өтпелі) жағдайды туғызды. Бұл дегеніміз адамдардың өмір салтына үйреншікті болып қалған дәстүрлі (кеңістік мағынасындағы) құндылықтардың күйреуі, жаңа заман ұсынған құндылықтар жүйесін адамдардың қабылдауға тиістілігі мәселесін туындатты. Сөйтіп, жағдайлар қоғамдағы азаматтардың жаңа әртүрлі әлеуметтік топтарға жіктеп, оларды жаңа критерийлер мен бағалаудан өткізе бастады. Бұрынғы етенелесудің орнына оның жаңа типтегі түрлері келе бастады. Әлеуметтік мәртебесі жоғары делінген құндылықтар барынша өз маңыздылығын жойып, нарықпен байланысты туындаған жаңа түсініктер келе бастады. Бұл кезеңдегі жағдайды К. Л. Сыроежкин былай сипаттады: «... коммунистік идеялар күйреген және өзіндік идеологиялық вакуум туған кезеңде қоғамдық өмірде заңды түрде ұлттық құндылықтарға қайта оралумен байланысты этникалық аспектілер күшейе түсті»<sup>1</sup>.

Осы тұрғыда қоғамдық даму теориясының эволюциясы – модернизация және постмодернизацияға тоқталып өтсек. Өтпелі кезеңдегі елдің саяси даму проблемасы модернизация теориясында толық бейнеленеді.

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан.- 2007, 1 наурыз.

Яғни ол дәстүрлі мемлекеттің артта қалушылығын жою динамикасын анықтаушы әртүрлі схемалар мен модельдер жиынтығы. Өтпелі үдерістерді сипаттаудың әртүрлі бағыттарын қалыптастырған. Олардың барлығы қоғам дамуының біркелкі еместігін тануға, артта қалған қоғамнан дамыған қоғамға өту жолдарын анықтауға негізделген теориялар, модельдер. Сонымен модернизация ұғымы қоғамдық қайта құру сатысын және қазіргі қоғамға өту үдерісін білдіреді. Біріншіден, өтпелі кезең – бұл тарихи уақыт бөлігі. Онда қоғамдық жағдайларда радикалды өзгерістер өтеді. Ескі тарихи тәртіп жаңаға өзгереді. Осыған байланысты қоғамдық өту қалай қарай қозғалатындығын білу қоғамдық дамудың балама сандық және сапалық сипатын анықтау. Өтпелі кезең қанша уақытқа созылатындығын білу маңызды.

Екіншіден, өтудің өзіндік мәселесінен-ақ белгілі болып тұрған нәрсе – ол қоғамдық даму сатысы. Бұл кезеңнің өзіндік ерекшеліктері ескі мен жаңаның бірдей қатар өмір сүруі. Сондықтан да уақыт пен кеңістікте ескі мен жаңаның қатынастарының динамикасын білу маңызды.

Өтпелі қоғам мыналарға қол жеткізуге талпынады:

- индустрализацияланудың белгілі бір деңгейіне;
- тұрақты экономикалық даму мен жоғарғы валдық ішкі өнім;
- қоғамдық прогресс үшін ғылыми-техникалық жетістікті пайдалану;
- тұрғындар өмірінің жоғарғы деңгейі мен сапасы;
- жоғары мобилді тұрғындардың кәсіби сапалы құрылымының дамуы;
- әлеуметтік стратегикация жүйесіндегі орта таптардың үлес салмағының артуы.

Мәселен, осы тұста Ресейлік саяси дамудың ерешеліктерін қарастырып өтсек.

Біріншіден, Ресейдегі саяси модернизация үдерісін эндогенді - экзогенді типке жатқызуға болады.

Екіншіден, модернизацияның бұл типі әртүрлі жеке институттар мен дәстүрлердің бірігуі болып табылады. М. В. Ильиннің пікірі толығымен әділетті және қызықты болып табылды. Оның пікірінше ресейлік шарттарға байланысты бұл институттар мен дәстүрлерді «төрт эволюциялық әр текті блоктарға» топтастыруға болады. Бұл блоктар «белгілі эволюциялық типтері мен оның қисынын жаңалады...». Бұл блоктар бір-бірімен дауда болды, өйткені, олар түзілуі бойынша ажыратылды және әртүрлі эволюциялық уақыттарға тән болды.

Үшіншіден, В. И. Пантиннің пікірінше, Ресей «басқа елдермен және иницирлеудегі мемлекеттің рөлдерінің мәдениетімен салыстырылмайды». Бұл «делдалдың» көмегімен жүзеге асады. Ол саяси жүйенің үш сатысын біріктіреді: ядро, делдалдық және сыртқы қабаттар, ортасында символдық фигура автокарта тұрады (хан, император, президент). Сыртқы қабат бұл барлық жағдайда халық болып табылады.

Төртіншіден, көптеген зерттеулердің, әсіресе, В. И. Пантиннің айтқанындай «мемлекеттің модернизация үдерісін әртүрлі басқаруының және қоғам модернизациялануының жүзеге асуындағы периодтылығы. Азаматтық қоғамның әлсіздігінің арқасында қоғамның модернизациялау мемлекеттің жаңаруымен ауыстырылып отырады, яғни оның әскери-индустриалдық күшінің, бюрократиялық аппараттарының, репрессивті органдардың, экономиканың мемлекеттің секторының және т.с.с. өзгеруі».

Бесіншіден, Ресейлік модернизация өзінің табиғаты бойынша тұйық болып табылады. Модернизацияның бір фазасынан екіншісіне өтуі әлеуметтік сілкіністермен жүзеге асады.

Ресейлік модернизацияның сараптамасының нәтижесінен Ресейдің саяси дамуы зерттеушілердің айтуы бойынша жасырын және танымайтын құрылысқа жатпайтындығын көруге болады<sup>1</sup>.

С. Хантингтон өзінің «Өзгеруші қоғамдағы саяси тәртіп» деген еңбегінде саяси модернизацияның басты мақсаты – демократизация деңгейіне емес, мықтылықпен ұйымдастыру деңгейіне негізделген өзгеруші шарттарға саяси институттарды бейімдеу қабілеті деп жазды. Өзгеру сатысында тәртіпті қадағалайтын тек қана қатты авторитарлы режим рынокқа және ұлттық бірлікке өтуді қамтамасыз етіп, өзгерту үшін қажетті ресурстарды біріктіруге қабілетті. С. Хантингтон қайта қалыптастыруға қолайлы бірнеше шарттарды бөліп қарастырды. Сонымен қатар өтпелі дәуірдің авторитарлы билеушілері үшін «кеңестер» қалыптастырды. Шарттар мен «кеңестер» саяси күштердің орналасуы мен конъюктурасын ескеретін жетік саясатқа алып келеді.

«Либералды» бағытты жақтаушылар (Р. Даль, Г. Алмонд, Л. Пай және т.б.) модернизацияны тұрғындардың әлеуметтік жұмылдыруы мен интеграциясын саяси бірлікке етенелесу жолымен ашық әлеуметтік және саяси жүйені қалыптастыру деп түсіндірді.

Олар тұрғындардың саяси билікке қызығу дәрежесі саяси

<sup>1</sup> Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии.- Алматы. -1996.- 25- 28 б.б.

модернизацияның ең басты сыны деп есептеді: модернизацияның сипаты мен динамикасы бос элиталардың ашық бәсекелестігіне және қатардағы азаматтардың саяси үдеріске қызығу дәрежесіне тәуелді. Олардың пікірінше, тұрақтылық пен тәртіпті және бұқараның шоғырлығы модернизацияның табысты шарты болып табылады. Осы бағыттың өкілдері осы оқиғалардың дамуының келесі нұсқаларын бөліп қарастырды:

— Қатардағы азаматтардың қатысуынан элиталардың бәсекелестік приоритетіне қоғамды демократизациялау және реформаларды жүзеге асыру үшін оптимальды алғышарттар орнайды;

— Негізгі бұқаралық тұрғындардың төменгі белсенділігі кезінде элиталардың бәсекелестік рөлінің тереңдеу шартында авторитарлы режимдердің орнауының және қайта құрудың тежелуінің алғышарттары қалыптасады;

— Элиталардың жарысында тұрғындардың саяси қатысуының басым болуы қай түзілуді бәсеңдетуге итермелейтін ахлократиялық тенденциялардың өсуін қамтамасыз етеді;

— Элиталардың жарысын және тұрғындардың саяси қатысуын бір мезгілде азайту (минимизация) түсініксіздікке алып келеді, социум мен саяси жүйенің дезинтеграциясы диктатураның орнауына қабілеттендіреді<sup>1</sup>. Р. Даль либералды арнада протодемократиялық сипаттағы саяси тәртіптерді ұйымдастырудың полиархиялық формасына жету қажеттігін негіздейтін полиархиялық теорияны ұсынды. Бір жағынан, ол демократиялық ұйымды құрудың, азаматтардың өз ойларын айтудың, сайлау құқығының кейбір шектеулерімен ерекшелінеді. Оған қоса, ол шынайы және еркін сайлауды кепілдемейді, мемлекеттің полиархияға өтуіне әсер ететін жеті шартты бөліп көрсетеді: қоғамда әлеуметтік-экономикалық қайта құруды жүргізу үшін күшті атқарушы билікті орнату; саяси реформалардың жүзеге асуының реттілігі; әлеуметтік-экономикалық дамудың белгілі деңгейіне жету; теңдік теңсіздік қатынастарды орнату; субмәдениеттіліктің әртүрлілігінің болуы; интенсивті шетелдік көмек; активистер мен лидерлердің демократиялық сенімі.

Саяси жүйенің модернизациялық қабілеттілігі белгілі шарттарда қалыптасады. Әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің өсуі, өз мақсатын көздеген саяси құқықтардың қызығушылығына соқтығысу интенсивтілігі мен дауластығын жоғарылатады. Дауларды реттеу үшін, қоғамдық

<sup>1</sup> Джунусова Ж. Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии.- Алматы. – 1996. – 41-43 б.б.

тәртіп пен әлеуметтік прогресті қамсыздандыру үшін, саяси жүйе бәріне маңызды мақсатты орнатуы үшін, материалдық және адам ресурстарын модернизациялауға қабілетті болуы керек. Осыдан саяси жүйенің модернизациялық қабілеті байқалады. Әдетте, дәстүрлі қоғамдарда модернизацияға қабілеттілік саяси күштердің көмегімен жүзеге асады<sup>2</sup> .

Саяси жүйенің өмір сүруге қабілеттілігін, оның модернизацияға ұмтылуын куәландырады. Әлде қайда күрделі саяси жүйелер өмір сүруге деген потенциалына ие, өйткені, ол коммуникация мен әлеуметтендірудің әртүрлі формасына ие. Осы каналдар арқылы саяси жүйе белгілі саяси мінез-құлықтың үлгілерін таратады және билікке сендіреді. Оның заңдылығы мен әділеттілігіне деген сенімді қолдайды.

## **1.2 Саяси даму пішіні түріндегі саяси модернизация**

Саяси модернизация теориясы саяси ғылымда ХХ ғасырдың 50-60 жылдарда қалыптаса бастады. Саяси модернизация тұғырнамасы жалпы әлеуметтік «социологиялық даму» теориясы аясында даму алған болатын. Бұған Г. Спенсер, О. Конт, К. Маркс, М. Вебер, Э. Дюркгейм, Ф. Теннис, Г. Парсонс сынды батыстық зерттеушілердің еңбектері әдістемелік негіз болды.

Саяси модернизация теориясының әрі дамуы мен орнығуына У.Ростоу «Экономикалық даму кезеңдері» (1960), Д.Эптер «Модернизация саясаты» (1965), Г. Алмонд пен Д. Пауэлл «Салыстырмалы саясаттану» (1966), Л. Пай «Саяси дамудың аспектілері. Аналитикалық зерттеулер» (1966), С. Эйзенштадт «Модернизация: қарсылық және өзгеріс» (1966), С. Хантингтон «Өзгермелі қоғамдардағы саяси тәртіп» (1968) сынды білді батыс ғалымдардың зерттеулері ерекше үлес қосты.

Саяси модернизация теориясы қалыптасудың бірнеше кезеңін өткерді. Модернизация теориясының даму барысын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады: 50-60 жж., 60-70 жж., 80-90 жж.

50-60 жж. модернизация теориясы универсализм ретіндегі методологиялық мүмкіндікпен негізделді. Бұл теория бойынша барлық елдер мен халықтардың дамуы бір бағытта жүреді, бәрі бірдей сатылардан өтеді және әмбебап заңдылықтарға бағынады. Мұндай дамуда ұлттық ерекшеліктердің болатыны мойындалғанымен, оларға тиісті мән берілмейді.

<sup>2</sup> Машанов М. Избирательная система Республики Казахстан. // Саясат.-1995. - №4.-13- 14 б.б.

Модернизация дегеніміз - дәстүрлі қоғамнан қазіргі замандық қоғамға қарай даму үдерісін бейнелейтін ұғым. XX ғ. 50-60 жылдарда модернизация туралы жазатын авторлардың көбісі технологиялық детерминизм идеясына сүйенді. Олар қоғамның дамуын, адамдардың өмір сүру деңгейін көтеру мен әлеуметтік мәселелерді шешудің амалын экономикалық және технологиялық прогрестен көрді. Дәл сол кезде бұл теорияға ұқсас индустриалды қоғам теориясы да жасалды. Мұндай теориялар У. Растоу, Р. Арон, Д. Белл сияқты батыс зерттеушілердің еңбектерінде дамытылды. Бұлардың еңбектерінде ғылыми-техникалық прогрестің ықпалымен дәстүрлі құндылықтар мен құрылымдар өзгеріп әрі қарай дамиды деген пікір басым көрсетілген.

Модернизация теориясының өкілдері АҚШ одан кейін Еуропа елдерін едәуір дамыған қазіргі замандық елдер деп санайды, ал дамыған елдер туралы олардың озық державалар қатарына қосылу мүмкіндігі бар екендігін мәлімдейді. «Артта қалған» қоғамдар қаншалықты модернизация «мұратына» сәйкес келеді деген мақсатта олардың кейбір ұлттық ерекшеліктері мен қазіргілендіру проблемаларының шешу жолдары қарастырылды.

Сонымен, бірінші кезеңдегі модернизация теориясының бірден – бір негізгі ерекшелігі – еуроцентризм, немесе американоцентризм. Мұның дәлелі - сол кезде пайда болған модернизация туралы кейбір анықтамалар.

Белгілі АҚШ зерттеуші Ш. Эйзенштадт модернизация туралы мына пікірін білдіреді: «Тарихи модернизация – XVII ғасырдан XIX ғасырға дейінгі Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы әлеуметтік, экономикалық, саяси жүйелердің жаңа түрлерге бағытталып өзгеру үдерісі. Ал содан соң, ол басқа Еуропа елдеріне жетті, XIX-XX ғ.ғ. Оңтүстік Америка, Азиялық және Африкалық контингенттерге таралды». Осыған ұқсас анықтаманы американдық әлеуметтанушы У. Мур да берген: «Модернизация дәстүрлі қоғамдардың дамыған, экономикалық жағынан гүлденген батыс ұлттардың саяси тұрақталығымен сипатталатын әлемдік ұйымдастырылуына бағытталған жалпы трансформация»<sup>1</sup>. Осы ерекшеліктеріне байланысты бұл теорияның қолданбалы маңызы өсті. Мысалы, оның теориялық принциптері АҚШ-ның сыртқы саясатында тиімді қызмет етті. Сол кездегі теорияның ерекшеліктері зерттеушілердің саяси модернизация мазмұнын «қазіргі заманға сәйкестендіру» деп түсінуіне ықпал етті. Сондықтан, саяси модернизация теориясының бірінші кезеңіндегі мәні келесі жағдайларды анықтады:

<sup>1</sup> Эйзенштадт Ш. Новая парадигма модернизации // Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия – / Сост. Б.С. Ерасов. - М., 1998.- С. 476.



- дамушы елдерді батыстық үлгіде демократизациялау (ұлттық мемлекеттердің құрылуы мен үдейе түсуі, өкілетті билік орындарын құру, билікті бөлу, сайлау институттарын енгізу);

- құндылықтар жүйесінің өзгеруі (жеке құндылықтардың дамуы) және билікті заңдастыру амалдары (дәстүрлі амалдарды жаңа замандыққа қарай ауыстыру).

Саяси модернизация теориясының өкілдері дамушы елдердегі бұл процестің игілікті және игіліксіз факторларында көрсетеді. Оның игілікті жағы ретінде «үшінші елдердегі» тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуында АҚШ мен Батыс Еуропаның дамыған елдерімен белсенді қатынасы деп тапты. Ал игіліксіз жағы – оларда дәстүрлі қоғам элементтерінің сақталып отыруы, басқарушы элитаның елді жаңарту үшін өз мүдделерінен бас тартпауы, сауатсыздық, көпшілік халықтың рационалды санасының болмауы, дәстүрлі әлеуметтік топтасуы мен дәстүрлі өндіріс секторының сақталып отыруы. XX ғ. 60-жылдардағы саяси оқиғалар модернизация туралы бұл теорияның кемшіліктерін көрсетіп, оны әрі қарай жетілдіре түсіруді талап етіп қойды. Сол кездегі модернизация теориясына айтылған сын пікірлер мен көзқарастарды жалпы екі топқа бөлуге болады:

- дамушы елдердің өкілдері және Батыс Еуропадағы XX ғ. 60-жылдардағы “солшылдар” қозғалысының өкілдері жағынан айтылған радикалды сын. Олардың пікірінше, модернизация теориясы отаршылдықты ақтады. Сондықтан олар батыстық экспансияға қарсы болып антимодернизацияға жақтасты. Басқаша айтқанда, модернизацияның батыстық үлгісіне қарсы болды;

- «артта қалып қалу теориясы» шеңберіндегі сын пікірлер. Бұл пікірді батыстың «солшыл» радикалдары мен кейбір дамушы елдердің өкілдері қолдады. Олар модернизация теориясында даму мәселелері тым қарапайым көрсетілгендігіне және қарастырылып отырған елдердің ерекшеліктері мен мәдениетін ескермейтіндігіне қарсы болды. Сондай-ақ, бұл теория басқа елдерге міндеттеп ұсынылған жаңа қатынастар мен институттардың кіріс механизмін, оның себептерін көрсете алмады. Мұндай пікірдегі зерттеушілер, батыс үлгісіндегі модернизация дамушы елдерді артта қалуға, тәуелділікке, экономикалық құрылымның істен шығуына әкеліп тірейді және экологияны бұзып әлеуметтік қайшылықтарды тудырады дейді.

Модернизация теориясының екінші кезеңі, саяси, әлеуметтік, экономикалық дамудың әр түрлі факторларына негізделуімен, бұрынғыдан терең ұғынған сипатымен анықталады. Жалпы екінші кезеңдегі көптеген теориялық еңбектерде еуроцентризмнен алшақтау

байқалды. Ол зерттеулерде экономикалық өсу мен әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан «үшінші әлемдік» елдер үшін демократизациялаудың тиімділігі туралы ой ұсынылды.

Сол кезеңдегі көптеген модернизация теориясының өкілдері саяси дамудың тұрақтылық мәселесіне зор мән беріп, оны әлеуметтік-экономикалық процестің алғы шарты ретінде көрсетті. Ғалымдар мұндай тұрақтылықтың түрлі жолдарын ашты. Жалпы, модернизация теориясына арналған еңбектерде негізінен екі бағыт анық байқалды: «консервативтік» және «либералдық».

Модернизация теориясының «консервативтік» бағыттағы институционалды баптың өкілдері – С. Хантингтон, Дж. Нельсон, Х. Линц «модернизацияның негізгі проблемасы – халықтың саяси өмірге қатысуы мен институционализация арасындағы және оның мүдделерін артикуляциялау мен агрегациялауға қажетті құрылымдар мен механизмнің жоқтығы, сондықтан, көпшіліктің басқарылуға дайынсыздығы, билік институттарын пайдалана білмеуі, - деп көрсетті. «Өзгеруші қоғамдағы саяси тәртіп» деген әңгімеде С. Хантингтон саяси модернизацияның ең басты мәселесі – саяси институттардың өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілеті демократизациялық деңгейімен емес, беріктігі мен ұйымдастырылуының негізделуінде деп көрсетеді. Өзгермелі кезеңде тәртіпті бақылай алатын қатаң авторитарлы режим трансформацияға қажетті ресурстарды жинақтап нарыққа көшу мен ұлттық бірлікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, С. Хантингтон, қайта өзгерту үшін бірнеше шарттарды анықтап өткел кезеңдегі авторитарлық басшыларға біршама ақыл кеңес береді. Оның пікірінше, олар тиімді реформаторлық саяси мақсатына қызмет етулері керек. Жалпы оның ақыл-кеңесінің мәні – саяси күштердің сұраныстары мен талаптары туралы саяси хабардар (компетентті) болуда.<sup>1</sup>

Екінші кезең 70-80 жж. модернизация теориясының «либералдық» бағыттағы бихевиоризм бабының өкілдері Р. Даль, Г. Алмонд, Л. Пай модернизацияның негізгі мазмұнын әлеуметтік жетілуді интенсификациялау және жұртты саяси қоғамдастыққа біріктіру арқылы ашық әлеуметтік және саяси жүйені қалыптастыру деп түсінді. Олардың пікірінше, саяси модернизацияның негізгі белгісі – халықтың саяси өкілдік жүйесіне ұйғарылу дәрежесі. Модернизацияның сипаты мен дамуы элиталардың ашық бәсекесімен және қатардағы азаматтардың саяси үдеріске ұйғарылу дәрежесімен тікелей байланысты.

<sup>1</sup> Хантингтон С. Модернизация и вестернизация // Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия / Сост. Б.С. Ерасов.- М., 1998.-С. 480-481.

Сондықтан, тиімді модернизацияның шарты – тұрақтылық пен тәртіпті және халықты ілгері қарай дамыту болып табылады. Осы жағдайларға байланысты бұл бағыттың өкілдері модернизацияның келесі даму нұсқаларын анықтады:

- қатардағы азаматтардың саясатқа қатысуынан элиталардың бәсекесі басым болған жағдайда демократизациялаудың және реформа жасаудың тиімді алғы шарттары құралады;

- элиталардың бәсекестік рөлінің елеулі өсуі және көпшіліктің саясатқа немқұрайды көзбен қараған жағдайда авторитарлық режимнің, қайта құрудың алғы шарттары құралады;

- жұрттың саясатқа қатысуы элиталардың өзара бәсекесінен басым болса, охлократиялық үдерістерді күшейте түсуі мүмкін. Ал мұндай үдеріс режимді қатаңдыққа итермелеп қайта құру үдерісін бәсеңдетеді;

- элиталардың бәсекесі мен жұрттың саясатқа қатысу деңгейі төмендеп кетсе, хаосқа апарып, көпшілікті саяси жүйенің қайраткерлерімен соқтығыстырса, мұның нәтижесі диктатураны орнатуға әкеледі.

Модернизация теориясының бұдан кейінгі эволюциясының үшінші кезеңі дәстүрлер мен қазіргі заманды бір-біріне қарсы қоюы дұрыс емес деген ойдың таралуымен сипатталды. Көптеген зерттеушілер технологиялық үдерістердің «батыстық» институттар мен нормаларды енгізудің маңызды факторлары екендігін жоққа шығармай, олардың шешуші фактор болмайтынын және әр түрлі қоғамдардағы әлеуметтік-мәдени құндылықтарға тәуелді екенін дәлелдейді.

XX ғ. 80-жылдардың екінші жартысында батыстық үлгілерді міндеттейтін әлеуметтік-мәдени дәстүрді сақтауға зор мән беретін саяси даму концепциясы пайда болды. Бұл жаңа концепцияны едәуір дамытқан зерттеуші батыс ғалымдар: А. Абдель-Малек, А. Турен, С. Хантингтон, Ш. Эйзенштадт және т.б. болды. Саяси модернизация туралы жаңа концепцияның шеңберінде қоғамдық және саяси дамудың әмбебаптылығы жоққа шығарылмайды. Солай бола тұрса да, универсализм принципі партикуляризммен үйлеседі, ал олардың үйлесімді синтезі модернизациялық процесс жетекшілігінің кепілі ретінде қарастырылады. Модернизация өзінше даму процесі ретінде тек саяси элиталардың әрекетіне ғана емес, ең алдымен, объективті жағдайлар мен қатардағы азаматтардың мінез-құлқына байланысты деген пікір айтылды.

Осы концепцияның шеңберінде «контрмодернизация» және «антимодернизация» терминдері пайда болды. Контрмодернизация деген, батыстық үлгідегі модернизацияның баламалы түрі (мысалы, сталиндік модернизация), ал антимодернизация деп модернизацияға

қарсы бағытталған белсенді процесті айтады. Американдық зерттеуші А. Туреннің пікірінше, модернизацияның осы екі нұсқасы универсалдық принципке сенімсіздік көзқараспен негізделген ХХ ғасырдың қоғамдық-саяси дамуының ең басты үдерісі. ХХ ғасырда саяси және әлеуметтік-экономикалық модернизациялардың өзара қатынасы жаңа маңызға ие болды. Оны түсіндіру оңайға түспеді.

Сол 80-жылдардағы концепцияларды қарастыра отырып, олардың біршама жетістіктерін ескеріп (көп факторлы бап, еуроцентризмді мойындамау, модернизацияның түрлі жолдары мен даму мүмкіндігін мойындау), олардың әлі де кемшіліктері бар екенін жасыруға болмайды.

Зерттеушілердің пікірінше, модернизация туралы тұжырымдамалардың негізгі әлсіз жері – модернизация механизмдерінің ерекшелігі мен амалдарын жете талдауға және оларды қолданудың тарихи контекстіне қажетті көңіл қойылмауында.

Модернизацияның зор саяси маңызы бар аспектілерін екі топқа жіктеуге болады. Біріншіден – әлеуметтік (саяси) мобилизация. Бұл процесс арқылы ескі әлеуметтік, экономикалық, саяси басымдықтар құлдырауға ұшырайды немесе жойылады, жүріс-тұрыс пен әлеуметтенудің жаңа үлгілерін қабылдау қалыптасады. Бұл процесс адамдардың қазіргі әлемге сәйкес келетін жаңа көзқарастарының, құндылықтарының, үміттерінің қалыптасуын белгілейді. Екіншіден, адамдар мүмкіндіктерінің өзгеруімен байланысты экономикалық даму. Ол индустриализациямен, урбанизациямен, жеке адам басына келетін табыстың көбеюімен, өмір сүрудің сапасымен байланысты. Оның бәрі адам талаптарының көбеюіне апарды және саясатқа әртүрлі нысандарда қатысуға ұмтылуымен байланысты.

Сонымен бірге, модернизация процесі бір қатар маңызды субпроцестермен тікелей байланысты. Оларға келесі факторларды жатқызуға болады<sup>1</sup>:

- қазіргі заманғы мемлекеттің қалыптасуы: сәтті модернизация мемлекеттің мүмкіндіктерін кеңейтеді, өйткені қоғамның талаптарына сәйкес келетін және тиімді болатын бюрократиялық әкімшілік саласының дамуына дем береді;

- саясатқа қатысуда жол көрсетіп тұратын саяси партиялар рөлінің күшеюі. Себебі қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттің азаматтық қоғаммен өзара байланысы саяси партиялар арқылы жүзеге асырылуы керек;

- қоғам мен саясаттың демократизациясы: демократизация үдерісі арқылы азаматтардың теңсіздігі жойылады;

<sup>1</sup> Жұмасұлтанова Ф.Ә., Мырзабекова А.Ш. Постсоветтік кеңістіктегі саяси модернизация / саяси модернизация пәні бойынша оқу құралы. – Қарағанды, 2007. – 15.б.

- заң шығарушылық пен саясат саласында эгалитарлық (яғни бостандық туралы) талапнамалар мен саясатқа көпшілікті қатыстыру туралы талапнамалардың көбеюіне, әлеуметтік (саяси) мобильділіктің (жылдам қозғалуының) ұлғаюына дем беріледі;

- консенсустің (келісімнің) қалыптасуы (қазіргі ғылым саласында оны салыстырмалы гомогенділік деп атайды): қоғам өзінше ынтымақтасып жаңа сапалы қалыпқа жетуде өмір сүру үшін маңызды бағдарлауды, мақсат пен міндеттерді, нәтижелерді анықтауы керек. Бұл ерекше ұлттық келісім. Д. Растоу оны “ұлттық бірлік”, яғни “саяси қоғамдастыққа шын жүрекпен берілу сезімі” деп атайды;

- автономдығы көбірек болған тұлғаны көтермелеу: бұл өз басымен ойлайтын және әлеуметтік іс-әрекеттің альтернативтік (баламалы) мүмкіндіктерінің негізінде рационалды таңдау жасайтын тұлға;

- қоғамның бейімделу қабілетінің қалыптасуы мен дамуы, яғни қазіргі заманғы үлгілерге қарай жүріс-тұрысы мен әлеуметтену модельдерін өзгертуге қабілет;

- білім беру мен ғылымның дамуы, өйткені модернизация процесі ғылыми білім мен әдістерді пайдалануға кең жол ашып, қазіргі заманға сәйкес келмейтін, ескіріп қалған дәстүрлі түсініктерді шетке ығыстырады.

Сонымен, қазіргі ғылымда саяси модернизация саяси дамудың көрінісі ретінде қарастырылып, осы күрделі процестің өзіндік сипаты бар екені айтылады. Бірақ, жалпы алғанда, саяси теориялық тұрғыдан алып қарағанда, модернизация дәстүрлі агралық қоғамнан индустриалдық жаңа қоғамға өту деп белгілейміз. Ал, саяси жағынан қарағанда, модернизацияны барлық салаларда демократизациялау үдерісімен түсіндіруге болады.

### **1.3 Саяси модернизация құралы ретіндегі президенттік институт**

Қазіргі саяси модернизация үдерістерде мемлекетті басқару нысаны, оның пайда болуы мен дамуының нақты тарихи жағдайына тәуелді. Мұндай жағдайда мемлекеттіліктің тарихи қалыптасқан түрі мен мәні мемлекеттік басқару нысанын таңдауға шешуші әсер етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару нысаны өзінің қалыптасу кезеңінде елдегі саяси күштер арасалмағына да тәуелді болады.

Мемлекеттік басқару нысанына елдің ұлттық құрамы мен аумағының көлемі де әсер етеді. Әдетте, көлемі шағын мемлекеттерді басқару үлкен аумақты елдерге қарағанда анағұрлым жеңіл болады.

Мемлекет тұрғындарының көпұлтты құрамы да басқару нысанына өз талаптарын қояды. Ол мемлекеттің күйреу факторына айналып, өзара қырқыстар мен азамат соғысына да әкелуі мүмкін. Мысалы, қазіргі кезеңде өз мемлекеттік басқару нысанын таңдау барысында Югославияда, Молдова, Кавказ аймағында болған қанды қырғындар осыған дәлел бола алады.

Сондықтан әрбір ел өз ерекшелігіне сәйкес келетін конституция мен басқару нысанын таңдауды қажет етеді. Бұл мәселеле әсіресе модернизациялық жағдайларда одан әрі күшее түседі. Абсолютті бірдей конституция мен басқару нысаны ешқашан болған емес, болмайды да. Басқа елдің конституциясы мен басқару нысанын көшіру саяси көрсоқырлық қана емес, ол елді күйрету факторына да айналуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару нысанын анықтайтын себептер мен жағдайлар арасында мемлекеттің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін, елдегі әлеуметтік топтар араларындағы қарым-қатынастар мінезін, элиталар арақатынастарын, ішкі саяси реттеу тәртібі мен сыртқы әсерді атап көрсетуге болады.

Қазіргі ғылыми және оқу әдебиеттерде мемлекеттік басқарудың классикалық түрлері – монархиялық және респуликалық басқарушылық болып есептеледі. Саяси модернизация процеске байланысты бізді, әрине, көбірек республикалық басқару түрі қызықтырады. Себебі, президенттік басқарушылық осы республикалық басқарушылықтың өте маңызды және тарихи тәжірибеде жиі кездесетін мемлекеттің түрі болып табылады.

Жалпы республикалық басқару формасы соңғы түрінде Афин мемлекетінде қалыптасты. Қоғамдық өмірдің даму кезеңінде сай ол өзгеріп жаңа белгілерге ие болып, демократиялық мазмұнға көптеп толыға бастады.

Ғылыми еңбектерде «президенттік басқару нысаны», «парламенттік басқару нысаны» және т.б. аталымдар жиі кездеседі. Ғылыми терминология тұрғысынан президенттік, жартылай президенттік және парламенттік басқару жүйелері туралы айтуға болады. Осыған байланысты әр түрлі әдебиеттерде, соның ішінде, қазіргі саяси ғылымның оқулықтарында Республикалық басқарудың негізгі бірнеше түрлері атап көрсетіледі. Өз кезегінде олар мемлекеттік құрылым формасы бойынша бөлінеді деп белгіленеді қазақстандық оқулықтардың бірінде:

- парламенттік
- президенттік

- аралас (жартылай президенттік)<sup>1</sup>.

Бірақ, белгілі қазақстандық ғалымның М. Б. Қасымбековтың айтуынша, қандай да болмасын республикалық басқарушылық түрінде мемлекет басшысы болып қайтсе де Президент саналады. Сондықтан, президенттік институттың қалыптасуы республикалық басқарушылықтың қалыптасуымен байланысты деп есептейді белгілі отандық зерттеуші <sup>2</sup>.

Мемлекеттік және атқарушы биліктің басшысы ретінде Президент лауазымы бірінші рет Америка Құрама Штаттарында пайда болды. Ал, қазіргі кезеңге сай президенттік республика XX ғасырдың екінші жартысында белсенді қолданыла бастады. Мысалы, осы заманда дүние жүзінің көптеген дамыған мемлекеттерінде, оның ішінде, АҚШ-та, Францияда, Италияда, Түркияда, Аргентинада, Филиппинде, Тайваньда, Корей Республикасында және басқа мемлекеттерде Президенттік Республика қызмет етеді. Сонымен қатар, қазіргі кезде көптеген елдерде ел Президенті лауазымы орнықтырылды. Президент қазіргі таңда Еуропаның, Азияның, Африканың, Американың көп елдерінің саяси жүйесінің элементі болып табылады. Қазіргі таңда әлемнің 130-ға жуық елінде президенттік институт бар деген дәлелдер ғылыми әдебиеттерде кездеседі <sup>3</sup>.

Жалпы алғанда, президенттік республика – бұл парламентаризммен қатар президент қолына мемлекет басшысы және үкімет басшысы өкілеттігін жинақтайтын мемлекеттік басқару формасының бір түрі. Президенттік республиканың сипаттайтын белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- президентті сайлау мен үкіметті қалыптастырудың парламенттік емес әдісі;
- үкіметтің парламенттік алдында емес президент алдында жауаптылығы;
- мемлекет басшысының өкілеттіліктері парламенттік республикаға қарағанда әлдеқайда кең болып келеді.

Атқару билігі Президентпен жүзеге асырылады. Оның тікелей қоластында барша мемлекеттік басқару аппараттары: министр, көптеген ведомстволардың басшылары және т.б. Республика президенті және атқарушы мемлекеттік аппарат АҚШ-та президенттік билікті құрайды. Президент әкімшілікті, министрлер кабинетін атқару басқармаларын құрайды.

<sup>1</sup> Әбсағтаров Р. Саясаттану және оның проблемалары. Оқу құралы. – Алматы, 2007.- 115 б.

<sup>2</sup> Қасымбеков М.Б. Институт президентства как инструмент политической модернизации. – Астана, 2002. -11 б.

<sup>3</sup> Сахаров Н.А. Институт президентства в современном мире. М.: Наука, 1994. – 38 б.

Президенттік республиканың өзге өлкесі ретінде президент мемлекет басшысы болып табылатын, бірақ бұл мәртебесін үкіметтің басшысы мәртебесінен қоса атқармайтын басқару формасының құрылымын айтуға болады. Мұндай жағдайда президент Конституцияда берілген өкілеттіліктерді орындауда ат салысатын президент жанындағы мемлекеттік және қоғамдық органдар жүйесін қалыптастырады. Осыған сәйкес президенттік республикада конституциялық заңдылық сақталған жағдайда үкімет тұрақты, ал парламент едәуір шынайы өкілеттіліктерге ие болады.

Тәжірибеде кейде басқару формасының аралас түрі, яғни президенттік және парламенттік билік өз үйлесімдерін тапқан парламенттік-президенттік басқару формасы да кездеседі, оған мысал ретінде президенттік республиканың және парламенттік республиканың белгілері байқалғандықтан, 5 шілде 1995 жылы қабылданған негізгі заң аралас сипаттағы республикалық басқару формасын бекіткен Арменияны алуға болады. Жоғарыда келтірілген республикалық басқару формаларының үлгілері, олардың әртүрлі фактілерге тәуелді екеніне қарамастан әрқайсысын абстрактілі бағалауға болмайды.

Президент институты президенттік, сондай-ақ парламенттік басқару республикаларында құрылып, қызмет етуде. Парламенттік басқару жүйесі кезінде ел басшысы қызметін Президент атқарады, ал нақты атқарушылық билік Парламент алдында есеп беретін Үкіметтің қолында болады. Президенттік Республикада Президент кең өкілеттілікті және ерекше жағдайды иеленеді.

Қазіргі әлемдегі көпшілік елдерде Президенттік Республика келесідей белгілерімен сипатталады деген өз пікірін атақты отандық заңтанушы Ф. Сапарғалиев білдіреді:

- Үкімет Президент алдында жауап береді, Үкімет мүшелерін Президент өз қалауымен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- Президент заңдар бойынша ұсыныс енгізуге, Парламент қабылдаған заңдарға қол қоюға немесе оларға тиым салуға құқылы;

- Президент өз қалауымен заң күші бар Жарлықтар шығаруға құқылы;

- Президент лауазымы бойынша Қарулы Күштердің Бас Қолбасшысы болып табылады;

- Президент Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыруға, Парламент таратуға және мерзімінен бұрын Парламент сайлауын тағайындауға құқылы;



- Президент референдум өткізуге, төтенше жағдай енгізуге және т.б. құқылы<sup>1</sup>.

Президенттік республикаға мысал ретінде АҚШ-тың басқару жүйесін келтіруге болады. Президент мемлекет және үкімет басшысы болып табылады. Бұл тұста үкімет парламенттің алдында жауапты болмайды, ал президент конгресс палаталарын таратуға құқығы жоқ.

Конституция бойынша президенттік басқару жүйесінің негізіне биліктің бөліну қағидасы алынған. Мемлекеттік билік Конгресс, президент және жоғарғы сотқа берілген. Бір органның екінші органның қызметіне негізсіз араласпауы мақсатында тепе-теңдік және тежемелік жүйесі енгізілген.

Республикалық басқару нысанының үшінші түрін аралас республикалық басқару нысаны құрайды. Оның келесідей ерекше белгілерін атап өтуге болады:

- 1) мемлекеттегі жоғарғы билік президент пен үкіметтің қолында шоғырланған;
- 2) Парламенттің рөлінің төмен болуы;
- 3) Үкіметтің президент алдында жауапты болуы;
- 4) Президент парламентке қатысты басым билікке ие.

Аралас президенттік республикаға мысал ретінде Францияны атап өтуге болады.

Айта кететін жайт, барлық президенттік басқару нысанына негізделген республикаларға ортақ дүние, президент мемлекет және үкімет басшысы қызметтерін қоса атқарады және де министрлер кабинеті немесе министрлер кеңесін құруға қатысады.

Бұл тұста президент көптеген өкілеттіктерге ие болып, парламентті таратуға, төтенше жағдайлар енгізуге, заңдарға қол қоюға, жоғарғы соттың мүшелерін тағайындауға қатысады, сонымен қатар әскерлердің бас қолбасшысы болып табылады.

Қазіргі заманда көптеген дамыған президенттік басқарудағы мемлекеттерде күшті атқарушы билікті байқауға болады, бірақ ол тепе-теңдік және тежемелік қағидасына қайшы келмейді, сонымен қатар билік тармақтарының тұрақты қызмет етуіне кедергі келтірмейді.

Президенттік басқарудың бірқатар модельдерінің қызмет атқаруы, олардың әр түрлі саяси режимдер мен мемлекеттік басқару жүйелеріне тәуелділіктерін білдіреді.

---

<sup>1</sup> Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004.- 262 б.

Тоталитарлық немесе авторитарлық режимдерде президенттік билік жеке басқа табынушылық мінезіне ие болуы мүмкін. Демократиялық мемлекеттерде Елбасы саяси жүйенің конституциялық негіздерінің басты кепілдігі болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың әрбір түріне өзінің ерекше қызметтерін иеленген, тиісті президенттік басқару нысаны қалыптасатынын да ескеруіміз қажет.

Әр түрлі елдерде сан түрлі мемлекеттік басқару нысандарының пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Бұл үдерісте елдің тарихи дамуының ерекшеліктері, оның халқының саяси мәдениеті деңгейі, мемлекеттілік дәстүрі, конституцияны даярлау мен қабылдау сәтіндегі елдегі саяси күштердің араласпағы өз ізін қалдырады.

Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік билік жүйесіне президент қызметінің енгізілуі біздің қоғамда әр түрлі саяси жүйелердегі президенттік басқару институтына қызығушылықты күшейтті. Бұл қызығушылық, әсіресе қазіргі қазақстандық қоғамда болып жатқан модернизациялық өзгерістермен тығыз байланыста көрінеді. Соның ішінде, қоғам өміріне демократиялық құндылықтарды енгізу барысында президенттік институт сияқты демократиялық көрсеткіштерге назар аудару қажет болады. Бұл жолда, біріншіден, президенттік институт және президент деген ұғымдардың мәнін ашу қажеттілік туындайды.

«Президент» (presidens) деген ұғым латын тілінен аударғанда алда отыратын деген мағынаны білдіреді. Саяси сөздіктерде президенттің түсінігі келесідей анықталады: «Президент – ол республикалық мемлекеттік басқару жүйесінде орын алған елдердегі бір мерзімге сайланған мемлекеттің басшысы <sup>1</sup>.

Президенттік мемлекеттерде президент бір мезгілде мемлекет басшысы да және үкімет басшысы да болып табылады. Әлемдік саяси тәжірибеде президентті сайлаудың үш жүйесі қалыптасқан:

1) Президентті тікелей сайлау (Франция, Австралия, Ирландия, Мексика, Бразилия). Президент Парламентке тәуелді болмайды;

2) Президентті жанама сайлау (АҚШ, Аргентина, Финляндия). Президентті тұрғындар алдын ала таңдаған сайлаушылар тобы сайлайды;

3) Парламенттік мемлекеттерде (сайлау тікелей болатын Австрия, Ирландия, Исландияны қоспағанда) Президент көп деңгейлі сайлау арқылы сайланады (әдетте, екі деңгейлі). Бұл жүйенің де төмендегідей түрлері бар:

а) Президентті парламент сайлайды (Греция, Израил, Турция, Ливан);

<sup>1</sup> Оксфорд қысқаша сөздігі: Саясаттану. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001. - 263 б.

б) Президентті сайлау үшін, парламент депутаттары мен ірі әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінен сайлаушылар тобы құрылады (Италия);

в) бірқатар федеративті мемлекеттерде (ГФР, Индия) Президентті сайлау үшін одақтық парламент депутаттары мен федерация субъектілері өкілдерінен тұратын арнайы алқалы орган құрылады.

Президенттің өкілеттілік мерзімі барлық елдерде де заңмен шектеледі. Қазіргі зерттеулерде оған көп мысалдар келтірілген. Мысалы, осыған байланысты отандық тарихшы - ғалым Т. З. Рыспеков келесі фактілерді ұсынады: Франция, Ирландия, Италия мемлекеттерінде – 7 жыл; Аргентина, Бразилия, Мексика, Финляндия елдерінде – 6 жыл; ГФР, Венесуэла, Үндістан, Ресейде – 5 жыл; АҚШ пен Колумбияда – 4 жыл.

Бірқатар мемлекеттерде Президенттіктен үміткерлер үшін жас шектеуі белгіленген. Мысалы, АҚШ-та үміткер кемінде 35 жаста болуы тиіс; ГФР-де 40 жас; Италияда - 50 жас белгіленген. Мексика мен Эквадорда бір адам екі рет қатарынан Президент бола алмайды. АҚШ, ГФР, Австрия елдерінде бір адамның үш рет қатарынан Президент болып сайлануына рұқсат етілмейді. Италия, Франция, Финляндия мемлекеттерінде Президент қызметіне сайлануға шектеу мерзімі қойылмаған<sup>2</sup>.

Барлық елдерде тиісті жағдайларда Президент қызметін қадағалап отыратын, оны орнынан түсіріп, ісін тергеуге беру құқығы берілген институттар бар.

Әдетте, Президент саяси жауапкершілік арқаламайды, ал қылмыстық жауапкершілікке заңда қатал белгіленген істер бойынша ғана тартылады. Мысалы, Италияда Президент қылмыстық жауапкершілікке отанына опасыздық жасаған жағдайда тартылса, ГФР-де қылмыстық кодексті қасақана бұзғаны үшін де тартылады. Президент өкілеттілігі мемлекеттегі басқару нысанына тәуелді.

Парламенттік республикаларда «әлсіз» Президент негізінен өкілдік, рәміздік қызметтер атқарады, мемлекет басшысы өкілеттігін Үкімет өкімімен атқарады. Президенттік республикаларда Президент Үкіметті өзі құрып, өзі басқарады және Үкімет Парламент емес, Президент алдында жауапты болып табылады.

---

<sup>2</sup> Рыспеков Т.З. Президенттік басқару нысаны: әлемдік және отандық тәжірибе / Тарихтағы тұлғаның рөлі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Ғыл. Ред. М.Б.Қасымбеков, С.Ш.Аязбекова. – Астана:ҚР ТПМ, 2007. – 42 б.

Мысалы, АҚШ-та Президент атқару департаменттерінің басшыларын де-юре Сенат келісімімен тағайындаса да, де-факто жеке өз күзiреттiлiгi болып табылады деген фактiлер қазiргi зерттеулерде кездеседi<sup>1</sup>.

Парламенттік республикаларда Президент Парламенттегі саяси партиялар арасалмағына тәуелдi. Президент үкiмет басшысы етiп, Парламент көпшiлiк дауысымен жақтаған саяси қайраткердi тағайындайды. Әдетте, бұл парламентте көпшiлiк орын иеленген саяси партияның көшбасшысы болып табылады немесе парламенттегі саяси партиялар арасалмағы шамамен тең болса, бiр-бiрiмен келiсiмге келген партиялық коалиция ұсынған тұлға.

Барлық республикаларда да Президент өкiлеттiлiгi ең басты бес топ төңiрегiне жинақталады:

- басқару саласында;
- заң шығару саласында;
- сыртқы және әскери саясат саласында;
- сот әдiлеттiлiгi саласында;
- төтенше жағдайларда.

Кейбiр елдерде, Елбасына парламент қызметiне қатысты мынадай өкiлеттiктер берiледi: Парламенттiң кезектi және кезектен тыс сессияларын шақыру; Парламенттi мерзiмiнен бұрын таратып жiберу және жаңа парламент сайлауын жариялау құқығы; Парламент келiсiмiмен заң шығару құқығы. Барлық елдерде де Президент Қарулы күштердiң бас қолбасшысы болып табылады.

Президенттік республика жағдайында Президент мемлекет басшысы мен үкiмет басшысы қызметтерiн бiрге атқара отырып, үкiмет саясатын тiкелей басқаратын өте тұғырлы саяси көшбасшы болуы тиiс деген пiкiрлер баршылық қазiргi әдебиеттерде <sup>2</sup>.

Жартылай президенттік республика жағдайында президент үкiметтi тiкелей басқармаса да, министрлер кабинетi мен парламент арасындағы қарым-қатынастарда өте жауапты төрешi ретiнде көрiнедi.

Парламенттік республика президентке үлкен адамгершiлiктi жауапкершiлiк жүктейгiн «бiрiншi азамат» мәртебесiн бередi және президент сыртқы және iшкi ресми шараларда өз елiнiң атынан өкiлдiк етедi.

Мемлекеттік басқарудың қандай нысанында болмасын, заңдылық пен қоғамдық ынтымақтастықты сақтау iсiнде мемлекет басшысына

<sup>1</sup> Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. - Алматы: Жетi Жарғы, 2004.- 262 б.

<sup>2</sup> Мустафин С. Республикалық басқару нысаны: тарихи аспектiлерi мен тәжiрибе // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2007. - №1.- 33 б.

үлкен жауапкершілік жүктеледі. Президент қызметі президенттік басқару институты элементтерінің ең негізгісі болып табылады. Президенттік басқару институты саяси жүйеде өз орнын алуы үшін мықты конституциялық негіз және кең көлемді қоғамдық-саяси қолдау қажет.

Конституция мен басқа да заң актілерінде мемлекет басшысының мәртебесі, оның өкілеттіктері мен осы өкілеттіктершегі толық және нақты айқындалуы тиіс. Президенттің үкіметпен, парламентпен, жергілікті билік органдарымен қарым-қатынастарының құқықтық негіздері мұқият реттелмей тұрып, Президент билігіне институционалдық сипаттама беру мүмкін емес.

Президенттік басқару институты президент аппаратының жетілген ұйымдық-басқару құрылымы, шешімдер қабылдаудың тиімді рәсімі, мемлекеттегі ең жоғары қызметті иеленген тұлғалардың ізгілікті моралдық-этикалық бейнесі болуын талап етеді.

Көптеген елдерде президентті қызметінен кетірудің күрделі парламенттік процедурасы қарастырылған. Мысалы: Америка Құрама Штаттарында мемлекеттік сатқындығы, жемқорлығы немесе басқа да қылмыстарды (құқықтық тәртіпті бұзғандығы) болған жағдайда Президентке импичмент жарияланады. Мысалы, АҚШ-тың тарихында 1967 ж. Джонсонға, 1974 ж. Р. Никсонға қатысты президенттік импичмент процедурасы қолданылды. 1999 ж. Б. Клинтонға қарсы импичмент қаупі төнді. Францияда қызмет бабындағы іс-әрекеті үшін президент жауап бермейді, тек мемлекеттік сатқындығы үшін ғана жауапқа тартылады. Парламент палаталары президентті кінәлап алады. Жоғарғы Сот палатасы ғана президентті соттай алады. Ресейде президент отставкаға кеткен жағдайда, денсаулығына байланысты қызметін атқара алмаса ғана мерзімінен бұрын өзінің құзырлығын тоқтатады. Мемлекеттік сатқындық немесе басқа да ауыр қылмыс жасап, ол дәлелденген жағдайда Мемлекеттік Дума Президентті қызметінен алуға ұсыныс жасай алады. Шешімді мемлекеттік Дума мен Федерация Кеңесі бірігіп қабылдайды. Шешім үш айдың ішінде қабылдануы керек. Қарсы жағдайда Президентке қойылған кінә қабылданбай тасталады. Ресей тарихында бір рет қана Б. Н. Ельцинге қатысты кінә ғойылған еді, бірақ Мемлекеттік Думада жеткілікті қолдауға ие бола алмады.

ТМД елдері Конституцияларында импичментке негіз болатын себептің тізімдері барынша көрсетілген, екіұдай түсінуге мүмкіндік жоқ. Оны жүргізудің процедурасы әртүрлі елдерде реттеледі; Импичментті қандай құрылым бастап отыр, кім мемлекет басшысын қызметінен

тайдыру мәселесін көтеріп отыр, президент міндетін уақытша атқару кімге жүктеледі реттеу ерекшеліктері болады.

Басқару жүйесін таңдауда, өзін ұлтты біріктіре алатын тұлға ретінде көрсеткен саяси көшбасшының субъективті пікірі де орасан зор рөл атқаруы мүмкін. Мемлекеттік билік пен басқарудың барлық конструкциясы белгілі бір деңгейде осы саяси қайраткердің жеке қасиеттеріне сәйкестендіріліп құрылады. Сол себепті де, әлемнің саяси картасында өз құзыреттілігі бойынша заң шығару және сот биліктерінен жоғары тұратын, өте күшті президенттік басқаруға негізделген мемлекеттік басқару нысандарын иеленген елдер пайда болды. Олардың көбісі қазіргі таңда әлемдегі модернизацияланған мемлекеттер қатарына жатады. Сондықтан, президенттік институттың қалыптасуы саяси модернизацияның көрсеткіші болып табылады десек қателеспейміз.

#### **1.4 Интеллектуалдық элита және саяси модернизация**

«Интеллектуалды элита» ұғымы бүгінгі таңда ғылыми әдебиеттерде ғана емес, сонымен қатар бұқаралық басылымдар мен күнделікті өмірде де кең қолданылуда. Кең таралғандығына қарамастан ғылыми қауымдастықта «интеллектуалды элита» ұғымының мазмұны жөнінде ортақ пікір қалыптаспай отыр.

«Интеллектуалды элита» ұғымының мән-мағынасын ашу үшін кем дегенде екі сұраққа жауап беруіміз керек: Бірінші - «элита» дегеніміз не? Екінші – қандай элитаны «интеллектуалды» деп атаймыз?

Элита, элитарлық, элиталық – ұғымдары қоғамда өте кең тараған. «Элита» ұғымының тарихы латын тіліндегі «*eligete*» – «таңдау» деген сөзінен бастау алады. Ғылымға бүгінгі мазмұнына жақын француз тіліндегі «*elite*» (таңдаулы, ең жақсы, топ жарған, сұрыпталған) сөзі кең көлемде қолданысқа енеді<sup>1</sup>.

Бүгінгі күні арнайы сөздіктерде бұл ұғымның мән-мағынасына қатысты әрқилы анықтамаларды кездестіруге болады. Бірінде ғылым мен мәдениетті дамытуда басқарушылық функцияны атқаратын қоғамның жоғарғы, дәрежелі топтары делінсе<sup>2</sup>. Екіншісінде, «*elite*» ұғымы ең тәуір, таңдаулы, сұрыпталған деген мағынада көрсетіледі.

<sup>1</sup> Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 602 б.

<sup>2</sup> Краткая философская энциклопедия. – М.: Прогресс, 1994. – С. 498.

Және үстем мүмкіндіктер мен құзыреттерге ие немесе өз қызмет саласында (ғылым, өндіріс, мәдениет және т.с.с.) үлкен жетістіктерге жеткен қоғамның жоғары дәрежелі топтары деп анықтама беріледі<sup>3</sup>. Үшіншісінде, қоғамның белгілі бір бөліктерінің көрнекті өкілдері ретінде қаралса<sup>4</sup>. Төртіншісінде, әлеуметтік-саяси өлшемдерінен гөрі этикалық белгілеріне басым мән беріледі<sup>5</sup>.

Ресейлік элитолог Г. К. Ашинның пікірінше, элита ұғымын «XVII ғасырдан бастап (көпестер) жоғары сапалы тауарларды атауда қолданған. XVIII ғасырда оның қолдану аясы кеңейе түседі, енді «таңдаулы адамдарды», оның ішінде жоғары ақсүйектерді, сұрыпталған әскери жасақтарды білдіруде қолданылады. XIX ғасырда генетика, селекция салаларында жоғары сапалы тұқымдарды белгілеуде қолданады»<sup>6</sup>.

«Элита» ұғымы саяси ғылымда Г. Моска, В. Паретоның және Р. Михельстің еңбектері жарық көргеннен кейін бекіді. Г. Лассуэллдің еңбектері элитаны зерттеуге деген белсенділікті, қызығушылықты арттырды. Осыдан кейін элита қоғамның саяси-әлеуметтік иерархиясында байлықтық, биліктік, беделдік белгілеріне қарай жоғары тұрған азшылық ретінде Дж. Сартори тәрізді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырыла бастады.

Элитаны түсінуде біздің зерттеуімізге жақын анықтаманы Х. Ортега-и-Гассеттің «Восстание масс» еңбегінен көреміз. Элитадан автор мәдени қасиеттері жоғары азаматтарды көреді. Олар өте аз, алайда олар болмаса адамзат құрдымға кетеді. Адамзаттың тағдырын белгілі бір жіктемелік белгілері бойынша өзгелерден жоғары тұрған азшылық шешеді. Мұндай көзқарас меритократиялық стратификациялық факторды тудырды.

Кең түрде элитарлық көзқарас Арнольд Тойнбидің өркениеттік ілімінде көрсетілді. Оның пікірі бойынша, «әлеуметтік шығармашылық әрекет актілері - шығармашыл азшылықтың ерекше құқығы». Бұл шығармашыл азшылық-элита болып табылады. Егер элита тез өзгеріп тұрса, икемді болса, қоғам өркениеті дами түседі, керісінше, егер оның шығармашылық мүмкіндіктері сарқылатын болса, өркениет өз құндылықтарын жоғалтып, тез таусылады. Уақыт өте келе элитаның шығармашылық мүмкіндіктері таусылады, сондықтан да ол прогреске кедергі жасайтын тежеуішке айналады, жаңа шығармашыл элитаны (контрэлитаны) қоршап ұстауға ұмтылады. Дәл осы элитаның болуы өркениеттің дамуына дем береді, «шығармашыл емес көпшілікті

<sup>3</sup>Толковый словарь обществоведческих терминов. – М.: Издательство: «Лань», 1999. – С. 455.

<sup>4</sup>Энциклопедический социологический словарь / Под ред. Г.В.Осипова. – М., 1995. – С. 870.

<sup>5</sup>Даниленко В.И. Современный политологический словарь. – М.: Nota Bene, 2000. – С. 764.

<sup>6</sup>Ашин Г.К. Основы элитологии. – Алматы, 1996. – С.87

шығармашыл пионерлердің деңгейіне дейін жақындатпайынша қоғамның алға басуы мүмкін емес... Көпшілік басқарушы азшылықпен тәрбиеленеді, солардан үлгі алады және оған еліктейді»<sup>1</sup>.

Ал, Кенестік зерттеушілердің еңбектерінде «элита» ұғымы мүлдем қолданылмады. Оның орнына партиялық және мемлекеттік жетекшілерді номенклатура деп атау кең тарады<sup>2</sup>. Элитаны идеологиялық сарында зерттеу және осыған сәйкес теоретикалық ұстанымдар шынайы шындыққа жауап бере алмады.

Енді қандай элитаны «интеллектуалды» деуімізге болады? – деген сұраққа келетін болсақ, алдымен «интеллектуал», «интеллигенция» ұғымдарының этимологиялық және семантикалық эволюциясына қатысты негізгі байланымдарға қысқаша тоқтала кету қажет. Себебі, интеллигенция жайлы зерттеулер көп болғанымен, «интеллигенция» ұғымының мән-мағынасы жөнінде, «интеллигенция» деп қандай әлеуметтік топ өкілдерін айту керектігі жайлы бір жақты пікір қалыптаспаған. Оларды қоғамның әрбір тарихи кезеңдерінде әр ғалым өз қырынан атаған: бірі «жаңа тап», «интеллектуалды тап», «интеллигенция» десе, келесі бірі – «ақ жейделілер», «интеллектуалдар», «технократтар», «менеджерлер» деген.

Қоғамда білімділік, біліктілік, моральдық жағынан ерекшеленетін топтардың болатындығы жайлы және олардың қоғамды дамытудағы орны мен рөлі туралы мәселелер ХІХ ғ. аяғынан бастап ғалымдарды толғандырды. Осы тұста интеллектуалды тапқа қатысты бірнеше идеялар туындады. Солардың бірі «жаңа тап» ұғымымен байланысты.

«Жаңа тап» ұғымын алғашқылардың бірі болып М. Бакунин «Кнута-Германская империя и социальная революция» (1871 г.), «Государственность и анархия»<sup>1</sup> атты еңбектерінде қолданған болатын.

М. Бакунин марксистік жобадағы социализмнің салдарын қарастыра келе, капиталистік емес үкіметке саяси басқарушылармен қоса экономика саласы басшылары да қажет болатындығына баса назар аударады. Ал, бұл жоғары біліктілікті қажет етеді. Мұндай жағдай ғылыми интеллигенцияның үстемділігін тудырады. Бұл бүкіл режимдердің ішіндегі ең аристократиялысы, деспоттысы болмақ. Өздерін ғалым немесе ғылыми қызметкер деп атайтындардың жаңа иерархиясы, «жаңа табы». Әлем білім атынан билейтін азшылық пен қайырсыз, сауатсыз көпшілікке бөлінеді. Қоғамда көптеген шиеленістердің ушығуына соқтырары сөзсіз. Мұны М. Бакунин жақсы түсінді.

<sup>1</sup> Тойнби А. Постигание истории. – М.: Изд-во «Прогресс», 1991. – С. 160.

<sup>2</sup> Авторханов А. Технология власти. – М., 1991; Восленский М.С. Номенклатура. – М., 1991; Джилас М. Лицо тоталитаризма. – М., 1992.

<sup>1</sup> Анархия и Порядок: Сочинения. – М.: Издательство:2000. – С.27 /»ЭКСМО»



Осы кезеңнен бастап «жаңа тап» тақырыбы қоғамның таптық құрылымы мен қоғамдық теңсіздік мәселелері ішіндегі ең өзектісіне айналады. Және саясаттанушылардың жаңа буындары осыған қатысты тың ойлар мен ұсынымдар жасай отырып, бұл идеяны жаңа қырынан өрбітті.

Батыста элитаға қоғамның тіршілігі үшін маңызды қызмет атқарушы ретінде қарау 1940-1960 жылдардан басталды. Бұл бағытта алғашқылардың бірі болып неміс әлеуметтанушысы Карл Мангейм ой қозғады. Ол элитаны қоғамда атқаратын қызметтерінің біртекті еместігіне сәйкес «интегративті» және «сублимативті» деп екіге бөлді. Интегративтіге саяси, экономикалық, әкімшілік және өзге элита жатқызылды. Ал, сублимативтіге (яғни, тобырдың жағымсыз энергиясын сублимациялайтын) діни, интеллектуалды, «эстетикалық» элиталар жатқызылды<sup>2</sup>. Бұл жерде интеллектуалды элитаның міндеті қоғамда әлеуметтік қайшылықтар мен қақтығыстарды болдырмау. Өзінің интеллектуалдық деңгейін пайдалана отырып, қоғамның әрі дамуына атсалысатын кәсіби топтар. Олардың міндеті қоғамға жаңашыл идеяларды енгізу арқылы оны жүзеге асыру.

«Біліктілер табын» зерттеуді Э. Гидденс, Э. Гоулднер, П. Дракер, Дж. Голдторп және басқа батыстық ғалымдардың жаңа буындары жалғастырады. Бұлардың ойынша қоғамның саяси, экономикалық салаларының қарқынды дамуы интеллигенцияны, интеллектуалдарды, менеджерлерді алдыңғы қатарға шығарады. Себебі, қоғамға тың өзгерістерді әкелетін де, оны тиянақты жүзеге асыратын да осы аталмыш топтар. Олардың саясатқа қатысу, қатыспауынан мемлекеттің болашағы айқындалады.

Осы тұста Ф. Махлуи ғылыми айналымға «интеллектуалды еңбек қызметкері»(knowledge-worker) ұғымын енгізеді. Ф. Махлуи бойынша интеллектуалды тап – жоғары мобильді, ақпаратты тиімді қолдана алатын, жаңа білім тудыра алатындар тобы<sup>3</sup>. Олар қоғамдағы саяси өзгерістерге тез бейімделе отырып, өзге қоғам мүшелеріне де тиімді жағдайлар туғызады.

Бүгінгі таңда элитаны кәсіби-біліктілік жағынан анықтауға қатысты зерттеулердің ішінде ағылшын әлеуметтанушысы М. Янг енгізген меритократия идеясы басым ұстанымдардың біріне айналууда.

<sup>2</sup> Mannheim K. Man and society in an age of reconstructin. Studies in modern social structure. London: Paul, Trubner & co., 1941. / Крыштановская О. Анатомия российской элиты. – М.: Захаров, 2005. – С. 32.

<sup>3</sup> Иноземцев В.Л. «Класс интеллектуалов» в постиндустриальном обществе // Социологические исследования. – 2000. – №6. – С.68.

Меритократия терминін (лат. *meritus* - лайықты және грек. *kratos* - билік; тікелей – қабілеттілердің билігі деп аударуға болады) М. Янг 1958 жылы өзінің «Возникновение меритократии, 1870-2033» атты роман-тәбсілінде оқу жүйесін жақсарту мәселесіне қатысты қолданған болатын. Американдық саясаттанушысы Даниэл Беллдің «Становление постиндустриального общества» (1973) атты еңбегі жарық көргеннен кейін «меритократия» ұғымы бюрократияны, технократияны және жалпы қоғамның таптық құрылымын өзгерте алатын қоғамды басқарудың жаңа принципі ретінде қаралды.

Митчел Янгтың ойынша, әлеуметтік прогресс билік пен интеллектінің ара қатынасына байланысты. Сондықтан меритократияның міндеті қоғамды интеллектуалдандыру, адамдардың табиғи қабілет-қасиеттерін ашу.

М. Янг пен Д. Белл меритократия арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің шешілуінің «әділетті» жолдарын іздестірген. Олардың ойынша қоғамда міндетті түрде белгілі бір өлшемдер арқылы анықталатын төбе топтар болады. «Меритократиялық қоғам дегеніміз адамдардың өз қабілет-қасиеттеріне қарай көтерілетін және жекелеген жетістіктеріне сәйкес бөлінетін қоғам. Мұндай қоғамдағы басқару түрі «қабілеттілердің билігі» – меритократия. Яғни, мемлекеттік басқару шыңында қабілеттілігіне қарай сұрыпталып алынған өте білімді, өте іскер – элита орналасады. Қоғамдағы дистрибутивтік қатынастар меритократиялық принциптер негізіндегі «әркімге – қабілеті бойынша» ұранымен жүзеге асады»<sup>1</sup>.

«Меритократия» теориясын құрушылар (М. Янг, Д. Белл) элитаризмді тек саяси демократиямен ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік әділеттілік идеясымен біріктірмек болады.

Осы концепцияға сәйкес қоғам «мінсіз элита» үстемдігіне келеді. Және әр кезеңде өзіндік элита түрі қоғамда қалыптасып, үстемдік құрып отырған. Д. Белл бойынша әр тарихи кезеңге сәйкес келетін элита типологиясы мынадай:

- 1) «*тектік элита*» – аристократиялық, құлдық және феодалдық, яғни «индустриалдыға дейінгі» қоғамға сәйкес келеді;
- 2) «*байлық элитасы*» - капиталистік «индустриалдық қоғам»;
- 3) «*білім элитасы*» - «постиндустриалды» қоғамға сәйкес келеді.

Постиндустриалды қоғамда экономикалық қатынастар кейінге ысырылып, эксперттер негізгі рөл ойнай бастайды.

<sup>1</sup> Мальцев Г.В. Буржуазный эгалитаризм: эволюция представлений о социальном равенстве в мире капитала. – М.: Мысль, 1984. – С. 214

Енді алдыңғы қатарға «білімді өндіру» үрдісі шығады. Осыдан қоғамдағы үстемдік жағдайға біліктілер элитасы ие болады. «Меритократия» - дегеніміз өз ісінде үлкен жетістікке жеткендер, сүйсінуге, бас июге тұратын біліктілер тобы. Д. Беллдің ойынша «меритократия принципі университеттерге, бизнеске, үкіметке енуі керек»<sup>2</sup>. Сонда ғана қоғамда белгілі бір өлшемдерге сәйкес прогресс болады.

Сонымен, меритократиялық жүйенің жоғарғы бөлігін дарындылар, тарихтың қозғаушысы болып табылатындар құрайды. Одан төмен шығармашылық интеллектісі, қабілеті бар адамдар орналасады. Одан кейін орташа интеллектісі, яғни шығармашылық идеяны түсіне алатын адамдар. Соңында еш нәрсеге қабілеттері жоқ адамдар орналасады. Сондықтан бүгінгі қоғамға біліктілік, кәсібилік, білімі жан-жақтылық тән. Осыдан меритократия деп өз ісін жетік меңгергендердің, кәсіби мамандардың үстемділігі деуімізге болады.

Бізде мұндай кәсіби топтарды интеллигенция деп атап келген. Ал, батыстық философия мен әлеуметтану үшін «интеллектуал» ұғымын қолдану «интеллигенция» ұғымына қарағанда кең тараған.

Батыста біздегідей «интеллигенция» ұғымы кең қолданысқа ие болмағандығын тарих ғылымдарының докторы Ш. Тастанов жақсы келтіреді. Ш. Тастановтың пікірінше, Батыстың дамыған мемлекеттерінде интеллигенция қоғамдық өмірде ерекшеленіп айтылмайтын болса керек. «Оларда интеллектуалдық еңбекпен кәсіби түрде айналысатын адамдар категориясы қалыптасып, интеллигенттер интеллектуалдарға айналған. Бізде бұл жағдай әлі қалыптасқан жоқ»<sup>1</sup> - дейді автор. Осыдан интеллектуалдар дегеніміз интеллигенцияның келесі бір көрінісі деуімізге болады. Айырмашылықтарының болуы тарихи-мәдени ортаның ерекшеліктерінде ғана.

Кеңестік дәуір тұсында интеллигенцияның негізгі критеріі ретінде дипломдық ценз алынды. Сол тұстағы «Философиялық энциклопедиялық анықтамалыққа» көз жүгіртсек, интеллигенция «ақыл-ой еңбегімен кәсіби айналысатын және соған сәйкес келетін жоғары білімдері бар адамдардың қоғамдық буындары ретінде сипатталады»<sup>2</sup>.

Кеңестік мемлекетте «интеллигенция» деп аталған «қоғамдық

<sup>2</sup> Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество: Опыт социального прогнозирования / Пер. с англ. – М.: Academia, 1999. – С. 454

<sup>1</sup> Тастанов Ш. Казахская интеллигенция в ретроспективе и перспективе. // Мысль. – 1999. – №12. – С.29.

<sup>2</sup> Философиялық сөздік / Бас. Ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қаз. энцикл., 1996.

буынға» жоғары оқу орнын аяқтағаны жөнінде тиісті дипломдық құжаты бар кез келген субъект ене алды. Мұндай қазыналы қағазы бар кез келген адам интеллигенция тобына еш кедергісіз жатқызылатын болды. Сапалық жағы ешкімді ойландырмай, ескерусіз қалды. Жоғары, орташа немесе екі сыныптық оқу орнын бітіргендігіне қарамастан бәрін интеллигенция табына жатқызды. Тек тиісті куәлігі болса болғаны.

Интеллигенцияны дипломына қарап өлшеу күрделі мәселелерді көтеруші ойшылды немесе мәдениетті «құрушы» мен «таратушының» жанына техникум немесе одан да төмен оқу орнын бітірген адамдарды ажыратпастан бір қатарға қойды. Мұндай іс-әрекеттердің салдарынан интеллигенцияның қоғамдық ортасын дифференциациялау үдерісі кең етек алды. Осының нәтижесінде интеллигенция өкілдерін бірнеше бөліктерге майдалап тастадық. Интеллигенцияға қатысты жаңа ұғымдар пайда болды. Мысалы: «техникалық интеллигенция», «ауыл интеллигенциясы», «ғылыми интеллигенция», «шығармашылық интеллигенция» және т.б. әлемде кездеспейтін ұғымдар қосылды.

Интеллигенцияны тек сыртынан ғана топшаламай, оны өз ішінде де бөле бастады. Мәселен, тарих ғылымының докторы Х. Әбжанов интеллигенцияның құрамдас бөліктерін: интеллектуалдар; мамандар; жартылай интеллигенттер – деп 3 сағыға бөліп қарастырады. Ал, ресей ғалымы А. Севастьянов интеллигенцияны өз ішінде үш негізгі топқа бөледі. Біріншісіне, бұқаралық мамандық иелері жатады – дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, құқықтанушылар, офицерлер, діндарлар, шығармашылық интеллигенцияның кейбір бөлігі жатқызылады. Екінші топ интеллигенциясына – интеллигенцияның қажет-тіліктерін қамтамасыз ететін тарихшылар, әлеуметтанушылар, философтар, әдебиеттанушылар, жазушылардың, суретшілердің кейбір бөлігі жатады. Үшінші топ интеллигенциясына – жалпылай алғанда барлық интеллигенцияның іс-әректін айқындайтын, идеяларды тудырушы, интеллектуалдық элита кіреді.

Ресейлік ғалымдар үшін «интеллигенция» «ұлт рухы», белгілі бір идиалдың этолоны екендігін айта аламыз.

Енді, Қазақстан интеллектуалды элитасын сөз етер болсақ, Қазақстанның интеллектуалды элитасының қалыптасуы мен дамуы не Ресейде, не Еуропада өткен тарихи-мәдени жайттарға мүлдем ұқсамайтын жағдайларда өткендігі белгілі. Сәйкесінше, қазақ қоғамында «интеллигенция» ұғымының сіңуі мен қолданылуы, ұлттық интеллигенцияның бейнесі мен болмысында өзіндік мәдени ерекшеліктері болды. Қазақ даласында «интеллектуал», «интеллигенция» ұғымдарының баламасы ретінде «зиялы», «зиялылық» түсініктері кең қолданылған.

Қазақ зиялысы қашан пайда болып, қалай қалыптасты деген сұраққа жауапты тарих ғылымдарының докторы Х. Әбжанов қазақ этногенезінің қойнауынан іздейді. Қазақстан жерінде, әрісі сақтардан тартып, берісі байырғы түркі халықтары мекендеген замандарда тегі бір этностардың жақындасуы мен кірігуі негізінде солардың заңды мұрагері қазақ халқы тарих сахнасына шыққан. Байырғы түркілер қоғамында зиялылардың мәртебесі мен құрамы мейлінше күрделі болғанын Орхон-Енисей жазулары бұлтартпай айғақтап отыр. Руна жазуларында қағандарды, тархандар мен бектерді «білгіш кісілер, алып, батыл кісілер» деген ұғым – терминмен ұлықтаса, әскербасылар мен қол бастаған батырларды «соғыс иесі, әскер иесі» деп атаған<sup>1</sup>.

Одан әрі, бұл үдеріс қазақ хандығы тұсында өз жалғасын тапты. Елі мен жері үшін қиын-қыстау заманда жанын құрбан ететін, кез келген ұлттың бетке ұстар ұлдары болады. Қазақ даласында да халқының болашағы мен елдіктің тірегі бола білген ұлы тұлғалар аз болмаған.

Оларды қазақ хандығы тұсында «жақсылар», «ел ұстайтын ұл», «ерлер» ұғым, түсініктерін қолдану арқылы атаған. Ел, жер қамын жеп, Отанының болашағын ойлаған ел азаматтары. Италиян фэлсафашысы А. Грамши көрсеткендей халықтың өзі тудырған зиялылары. Оларға: билер, шешендер, жыраулар және т.с.с. ел ұлдары жатқан.

Мәселен, ел қамын жеген Бұқар жырау:

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерде көл табылады.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ, - деп толғайды. Ел басқарудан гөрі, сөз алудың, ақылмен жол бастау ісінің қиын екендігін және ондай істің кез келген адамның қолынан келе бермейтіндігін байқатады. Мұндай ауыр жауапкершілікті кез келген азамат мойнына жүктей алмаған.

Қазақтың бетке ұстары жапан түзде өмірін малдың соңында өткізетін, ойы күйбің тірліктен аспайтын, қара емес, ол - дала ойшылы. Елді жақсылыққа бастаған қоғам қайраткері, ел үшін ерлік жасаған батыры.

Бұл жайында Елбасымыз Н. Назарбаев «Тарих толқынында» деген кітабында былай деп жазды: «Қазақтардың рухани әлемі негізінен ауыз екі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған.

<sup>1</sup> Әбжанов Х. М. Тарих және қазақ зиялысы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 25 қыркүйек. – 12 б.

Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жақыншылықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар»<sup>1</sup>.

Қазақтың төбе топтарының рухани жағынан ішкі дүниесінің кең екендігін көреміз. Осы руханилықты, адамгершілік қасиеттерді белгілеу мақсатында «зиялы» ұғымы қолданылған деп топшылауымызға болады.

Сонда «зиялы» ұғымының ішкі мән-мағынасы қандай болғаны. Бұған М. Шоқай жақсы жауап береді. Өзі басқарған және Парижде жарияланып тұрған «Яш Түркістан» журналында «зиялы», «зиялылық» жайында көп ойлар жазған.

М. Шоқайдың ойынша белгілі мақсаттың соңында жүрген және соның төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Және тәрбие көрген, оқыған адамдардың бәрін зиялы деп, ұлтқа қатысына қарай «ұлт зиялысы» қатарына жатқызу қате. Ұлт зиялысы қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адам жатады.

Адам зиялы дәрежесіне жету үшін халқына аянбай еңбек етуі керек. Тіпті, халық үшін жанын қиюға әзір болуы тиіс. Ол мансаптан жоғары тұруы керек.

М. Шоқайдың пікірінше, зиялылардың халық алдындағы жүгі ауыр. «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі»<sup>2</sup> - деп жазады М. Шоқай. Халықты асқақтатып көтеретін де, тамырына балта салатын да зиялы. Және бір ерекшелік, М. Шоқайдың ойынша, зиялылар өзін зиялы санатына көтерген халыққа тәуелді. Тәуелділік дегеніміз – халықтың қолдауы. «...дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасында бірлігі болған емес. ...халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды»<sup>1</sup> - дейді М. Шоқай. Халықтың шынайы қолдауынсыз зиялылар тарих сахынасынан, артынан із қалдырмастан өше бермек. Бір сөзбен айқанда, зиялыны – зиялы ететін халық.

Жалпы барлық интеллигенцияға қатысты келтірілген

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 28 -29 б.б.

<sup>2</sup> Иноземцев В.Л. «Класс интеллектуалов» в постиндустриальном обществе // Социологические исследования. – 2000. – №6. – С.68.

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 28 -29 б.б.

анықтамаларды топшылай келіп екі тұғырнамаға әкелуге болады - мәдени және әлеуметтік. Бірі формалды емес, адамгершіліктік белгілерді алдыңғы қатарға қойса, екіншісі формалды, әлеуметтік-экономикалық критерилерді қояды.

Бұл критерилер Қазақстандық ұлттық энциклопедияда топтастырылып анықталған: зиялылық, зияткерлік, интеллигенттік – адамның жоғарғы мәдениеттілігінің, ақыл парасатымен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Және зиялылық тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық қиындықтарды тарихи тұрғыдан түсініп, бағалай білуінен, әлемдік және ұлттық мәдениет туындыларын талғампаздықпен белсенді игеруінен, бойындағы махаббат, ізгілік және әділеттілік сезімдерінің молдығынан, басқа жанға, жалпы адамзат баласына сүйіспеншілігінен, өзінікінен өзге ой-пікірге төзімділігінен, т.б. қасиеттерінен анықталады<sup>2</sup>.

Ондай болса «интеллигенция» мен «зиялы қауым» ұғымдарының арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Бұл ұғымдар әр елдің өзіндік игі жақсыларын бейнелеуде қолданылады және ішкі, сыртқы мән-мағыналарындағы сәйкессіздіктер әр елдің мәдени-тарихи орталарына байланысты. Біздің ойымызша, бүгінгі таңда интеллигенция, зиялы қауым ұғымдары әлеуметтік көрсеткіш ретінде ұқсас ұғымдар. Себебі, кеңестік сарында қолданылғаннан кейін «зиялы қауым» түсінігінде де таптық-топтық мағына естіледі. Және де, белгілі бір нақты шекарасы жоқ аморфты әлеуметтік топты көрсетеді. Интеллигенция, зиялы қауым ішкі әлеуметтік мүдделер мен құндылықтар негізінде топтаспаған, бірікпеген топ. Және де, «интеллигенция», «зиялы қауым» ұғымдары сапалықтан гөрі сандық өлшемге жақын жалпылама атау. Интеллектуалды элита ұғымын қолдану арқылы сапалық белгісін көрсетеміз. Саяси, әлеуметтік-қоғамдық және т.б. салаларда үлкен жетістіктерге жеткен адамдарды белгілейтін, топтастыратын түсінік. Басқаша айтқанда интеллектуалдылықты да, зиялылықты да бір өзіне біріктірген екі ұғымның гибриді интеллектуалды элита. Интеллектуалды элита ел болашағына лайықты саяси шешімдер мен жаңарулардың бастауында тұратын қоғамның интеллектуалды туын ұстаушылары.

Алайда, интеллектуалды элитаға кімдер жататындығын анықтау күрделі мәселе. Мәселен, АҚШ-да интеллектуалды элитаға мыналарды жатқызады<sup>3</sup>:

- ұлттық кәсіби және ғылыми қауымдастықтардың немесе бірлестіктердің өкілдерін;

<sup>2</sup> «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. / Бас. Ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 202 б.

<sup>3</sup> Журкобаева А. Социодинамика элитарной культуры // Мысль. – 2003. – №6. – С. 69.

- конгресс комиссиясының алдында ғылым мен техника мәселелеріне қатысты сөз сөйлейтіндер;
- саяси ғылым бойынша беделді, танымал еңбектердің, мақалалардың авторлары;
- Ұлттық ғылым академиясы мүшелері мен оның бөлімдерінің қызметкерлері;
- Нобель сыйлығы мен математика бойынша Филдс сыйлығының иегерлері және т.с.с.

Интеллектуалды элита құрамына кірген ғалым жан-жақты болуы абзал. Көп жағдайда ғалымдар бір саламен шектеліп, өзге бағыттарға көп мән бере бермейді. Осыған сәйкес ғылымдағы ғалымның ниеті мен негізгі қауқары қалыптасады. Кейбір отандық және ресейлік ғалымдар ғалымдардың ғылымдағы орны мен көздеген мақсаттарына сәйкес оларды өз ішінде бірнеше сатыға бөледі. Ресейлік ғалым Б. М. Фирсов «Воспроизводство научной элиты» атты зерттеуінде ғылыми элитаны өз ішінде үшке бөледі. Біріншісі, *постэлита* – ғылымда үлкен жетістіктерге жеткендер. Екіншісі, *креативті элита* (25-тен 55 жас аралығындағылар). Өте мобильді, бір саладан екінші салаға тез ауысып, бейімделе білетіндер. Үшіншісі, *алғы элита* (эмбрионды элита), бұған өте қабілетті студенттер, аспиранттар және жас кандидаттар мен докторанттар жатады. Ал, Қазақстандық жас зерттеуші А. Жұрқобаева ғалымдардың өз өздерін ғылымда анықтауына қарай, оларды үшке бөледі. Біріншісі, ғалымдар-«сопылар» ғылымға берілгендер және тек сол үшін ғана өмір сүретіндер. Екіншісі, ғалымдар-«прагматиктер» ғылымға берілген, алайда өздерін де ұмытпайтындар. Үшіншісі, «карьеристер» ғылымға немқұрайлы қарайтындар және ғылымның атын карьера жасауда пайдаланатындар.

Бұл интеллектуалды элитаға тек ғалымдар ғана жатады деген емес. Интеллектуалды элитаға интеллектуалды еңбек саласында үлкен жетістіктерге жеткен білікті мамандар мен ғылыми қызметкерлерде жатады. Олар өз саласының маманы бола отырып қоғамдағы теріс немесе оң өзгерістерге ықпал жасай алады. Сонымен қатар, интеллектуалды элитаға кәсіби саясаткерлерді де жатқызуға болады. Оны басқаша ғылыми әдебиеттерде «стратегиялық элита» деп те атайды.

«Стратегиялық элита» ұғымын алғашқылардың бірі болып батыс зерттеушісі Сьюзанн Келлер қолданады. С. Келлер бұл ұғым арқылы шешімдері мен іс-әрекеттері қоғамның басым бөлігі үшін шешуші болып табылатын кәсіби саясаткерлерді атаған. Кәсіби саясаткер деп сәйкесінше білімі мен біліктілігі бар, саясатты мамандық тұтқан адамдарды айтуға болады.



Ресейдің белгілі элитологы О. Крыштановская стратегиялық элитаны былай түсінеді: «стратегиялық жоспарлау мен жобалауды өздеріне алған формалды емес субэлиталық топтар»<sup>1</sup>. Бұл топ дамудың жаңа жобасын ұсынушы, жаңа идеялардың көзі, ақыл орталығы болып табылады. Бұл топқа кірудің басты талабы статус емес, интеллектуалдық потенциал және жаңа идеялар ұсына алушылық. Бұл топқа саясаттанушылар мен аналитиктерді жатқызуға болады. Мәселен, біздің елімізде бұл топқа М. Тажинді, Е. Ертісбаевті, Н. Масановты, Н. Әмреқұловты, П. Своикті, С. Әкімбековті, Е. Арынды, Ф. Есімді және т.б. беделді сарапшылар мен саясаттанушыларды жатқызуға болады. Бұлар қоғамда белгілі бір тұжырымдар мен көзқарастарды қалыптастырушы күшті интеллектуалды топ болып табылады. Және бұл топтың көмегіне басқарушы элита да жүгінеді.

Интеллектуалды элита қоғамның ерекше бір тобы. Себебі, жаһандану заманындағы саяси түрлену мен мемлекеттік істерді және күрделі экономикалық үдерістерді басқару тек интеллектуалды элитаның қолынан ғана келеді. Сондықтан бүгінгі Қазақстандық интеллектуалды элита басқарушы саяси элитаның әлеуметтік базасы және саяси жаңарулардың тірегі болып табылады. Басқарушы саяси элита кадрларды интеллектуалды элита қатарларынан алынып, толығып отырылады. Демек, интеллектуалды элитаның қоғамның саяси жүйесіндегі орны мен рөлі маңызды. Бүгінгі күннің өзінде интеллектуалды элита Қазақстан қоғамының дамуына, демократияланудың нәтижелі болуына және қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың тиянақты жүргізілуіне елеулі үлес қосып отыр.

Осыдан интеллектуалды элитаның саясаттағы ерекше қызметтері кұралады:

Бірінші функциясы – инновациялық. Саясатқа жаңа идеялар мен көзқарастар әкеледі. Негізінен ғылыми ортада «үлкен» жоспарлар мен жобалар құрастырылып, уағыздалады;

Екінші функциясы – коммуникативтік. Саяси элита мен ғылыми элита арасындағы «көпірдің» орнатылуы. Интеллектуалды элита саясаткерлерді өздерінің жобаларын қаржыландыру мақсатында қызықтырады. Ал саяси элита болса, өздерінің экономикалық, саяси жобаларын интеллектуалды элита көмегімен халыққа майдалап жеткізуде пайдаланады;

Үшінші функция – өкілдік. Эксперттер, кеңесшілер, саясаттанушылар белгілі бір әлеуметтік немесе саяси топтың қызығушылықтарын білдіреді;

<sup>1</sup> Крыштановская О. Анатомия российской элиты. – М.: Захаров, 2005. – С. 85.

Төртінші функция – жұмылдырушылық. Ғылыми-аналитикалық орталықтар халыққа белгілі бір көзқарастар мен идеяларды ұсына отырып оларды жақтауға немесе қарсы тұруға жұмылдырады;

Бесінші функция – саяси жағдайды легитимациялау. Ғылыми элитаның пікіріне сүйенген немесе олардың сөзін сөйлеген саяси жетекші халықтың алдында үлкен құрмет пен сенімге ие болады;

Алтыншы функция – индикативті. Эксперттік-аналитикалық орталықтардың зерттеулері қоғамда болып жатқан өзгерістерді дереу бақылауында ұстап отырады.

Сонымен, интеллектуалды элита деп – терең кәсіптік білімі бар, интеллектуалдық қабілеттерін өндіріске, рухани салаға, саяси жүйеге енгізуге, жұмыс істей алуға дағдысы бар, қоғамда белгілі бір әлеуметтік статуска ие болған, өзінің біліктілігімен, білімімен және әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін ой еңбегімен айналысатын адамдар тобын айтамыз.

## **1-тарау бойынша студенттерге өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Модернизация теориясының жалпы сипаттамасы.
2. Модернизация теориясының «либералдық» және «консервативтік» бағыттары.
3. «Саяси даму» ұғымы және оның мәні.
4. Саяси дамудың негізгі түрлері.
5. Саяси модернизацияны – жалпы модернизация процесінің бір бөлігі ретінде тану.
6. «Саяси модернизация» ұғымы.
7. Саяси модернизация процесінің белгілірі.
8. Модернизацияны жүзеге асырудың мәні мен басты бағыттары.
9. Саяси модернизацияның модельдері.
10. Қазіргі демократия жағдайындағы президенттік институты.
11. Елспе модернизация елдеріндегі президенттік институттың ерекшеліктері.
12. Саяси лидерлер, олардың модернизация процестеріндегі саяси рөлі.
13. Саяси және интеллектуалдық элитаның ұқсастығы мен айырмашылығы.
14. Интеллектуалдық және саяси элиталардың саяси модернизациядағы рөлі.
15. Дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға көшудің қажеттілігі.

## 2-тарау. Бүкіл әлемдік даму контекстіндегі саяси модернизация

### 2.1 Табиғи модернизация

Модернизацияны қоғам өмірінің тек алға қарай жылжуы ғана емес. Сонымен қатар, дәстүрлі қоғамнан дамыған индустриалды қоғамға өтуі. Бұл мәдени, экономикалық салаларды қамтитын ауқымды үдеріс. Осыған сәйкес ғылыми әдебиеттерде модернизацияның мынадай түрлерін ажыратады:

- «органикалық» немесе «біріншілік», Ұлыбритания, АҚШ кейбір Европа елдерін жатқызуымызға болады. Оның бастауы өндірістік төңкерістің бірінші дәуірін, дәстүрлі мұралардың бұзылуын және тең азаматтық құқықтарды жариялауды, демократизацияны және т.б. қамтиды. Бұл елдерде модернизация көбінесе жеке мәдени дәстүрлер мен үлгілердің негізінде эволюциялық жолмен жүзеге асқан.

- «бейорганикалық» немес «екіншілік» «бейнелі», «іле шала жаңарту» (Ресей, Бразилия, Түркия және т.б.) оның факторы – өзінің дамуында «артта қалған» елдердің модернизация ядросымен әлеуметтік-мәдени байланыстары болып табылады, ал негізгі механизмі – еліктеу үдерістері болып табылады. «Екіншілік», «қуып жететін» модернизация – қоғамның бір элементтері ілгері «қашып кетіп», алдыңғы қатарлы елдердің дамуына сәйкес келеді. Ал екіншісі әлі «ашылмаған» өзінің дамуында артта қалады немесе тіпті болмайды деп болжамдайды <sup>1</sup>. Бразилиялық тарихшы Н. Вернек Содренің пікірінше «екіншілік» модернизация кезінде қоғамның дамуы «шаршы дөңгелектің қозғалысын» еске түсіреді дейді. Әр елде тек қана «сілкіністің» жүйелілігі, «соқпақтардың» тереңдігі қозғалыс жылдамдығына дейін түрленеді. «Шаршы дөңгелектің қозғалысы» - эволюциялық және төңкерістік бастаулар кезектескен кезде «қауіп жететін» модернизацияның циклдік процесінің басты үлгісі <sup>2</sup>.

Бұл типологияның кейбір типтерді бөлуге негізделгендігін айта кету керек. Шынында да, «классикалық» модернизация ядросының аумағында даму, еліктеу механизмдерін қолдана отырып, жүзеге асады. «Модернизацияны қуып жетуші» елдерде айтып өткендей,

<sup>3</sup> Политология. Учебник / под редакцией А.Ю. Мельвиля. - М., 2007

<sup>1</sup> Қасымбеков М. Институт президентство как инструмент политической модернизации. - Астана.-2002.- 45 – 46 б

еліктеу әртүрлі сипатта болуы мүмкін және саяси дамуда басты рөл атқармауы мүмкін. Қазіргі оқулықтарда келтірілген модернизацияны үш типке бөлу жетілген типология болып табылады:

- Эндогенді, яғни жеке өзінің негізінде жүзеге асады (Европа, АҚШ және т.с.с.);

- Эндогенді – экзогенді, жеке өзінің негізінде жүзеге асатын, өзара қатынас негізіне тең (Ресей, Түркия, Греция, т.б.);

- экзогенді модернизация (еліктеушілік, еліктеу симуляциялық және симуляциялық нұсқаулар), жеке өзінің негіздері болмаған кездегі қарым-қатынас ретінде жүзеге асады<sup>3</sup>.

Қоғамдағы «қуып жетуші» жаңартудың бірінші типіндегі елдермен салыстырғанда саяси фактор маңызды рөл атқарады.

Модернизациялаудың екі типі бар. Біріншісі, өзіндік ішкі себептерден пайда болып, соған бейімделу. Оған Англия, АҚШ, т.б. елдер жатады. Оларда ұзақ жылдар баяу барысында қоғамның дамыған құрылысына өтуді бастан кешірген, яғни дамудың жоғары деңгейіне табиғи жеткен болып есептелінеді. Осы жолды кейін өткен елдер даму деңгейі өмір сапасы жағынан жоғарыдағылардың жолын қуушы «қуалай дамушы» елдер болып табылды. Қуалай дамуды жүзеге асырудың басты әдісі – Батыстық елдер көмектесуі. Ол ақша. Ол әлеуметтік технологияларды, қазыналарды, демократиялық институттарды таратуға көмектеседі. Сол арқылы тұтыну деңгейін көтеруге, адам құқықтарын бұрмалауды тоқтатуға, мәдени құрылымдарын жеңуге болады деп есептейді.

Екіншісі, модернизацияның сызықтық теориясы, мұнда дәстүрлі қоғам дәстүрлі даму жолындағы елдер бірте-бірте капиталистік даму жолына түсетіндігі айтылады. Модернизацияның сызықтық формасы Африка, Азия, Латын Америкасы елдерінде батыстық үлгіге көшуді ойлаған нәтижеге жеткізген жоқ<sup>1</sup>. Демократияландыру либералдық құндылықтарды институттандыру, парламент жүйесін орнату және т.б. батыстық үлгідегі мемлекеттік басқару тиімділікке әкелмеді. Керісінше, олар шенеуніктердің сатылғыштығы мен жемқорлығына, бюрократияның қызмет бабын пайдаланып, баю жолын көздеген зорлық-зомбылық жемқорлығына әкелді.

<sup>3</sup> Политология. Учебник / под редакцией А.Ю. Мельвиля. - М., 2007

<sup>1</sup> Қасымбеков М. Институт президентство как инструмент политической модернизации.- Астана.-2002.- 45 – 46 б

## 2.2 Бейтабиғи модернизация

1970-1990 ж. бойы модернизация теория комплекстерін қайта қарау теоретикалық матрица перспективасында қамтылған эволюционизм мен функционализм критикасы бағытында жылжыды.

Қазіргі заманғы модернизациялық зерттеулердің үлгілері (неомодернизациялық және постмодернизмдік анализ) Э. Тирнакьян, П. Штомпка, В. Цапра, Р. Робертсон, К. Мюллер, Р. Хантингтон, П. Турен, У. Бека аттарымен байланысты.

Қазіргі заманғы қауіпсіздікті модернизация үлгісінің теоретикалық ядросы бірнеше мәселелерді қамтиды. Берілген модельдің нақтаушылары Батыс институтын біржақты миниардың модернизация трактовкасына бас тарты (оны көп жағдайда этноцентристік дейді). Олар, өзіндік оригиналды даму жолын табу мүмкіндігін мойындайды (өзінің жергілікті әлеуметтік-мәдени болуы бар модернизацияның ұлттық моделі).

Э. Тририльянның айтуы бойынша, фиксацияланған «модернизация орталығы» болмайды, керісінше, модернизация жаңа және бірнеше «эпиорталығының» пайда болуы мүмкін. 1985 ж. еңбегінде ол модернизация орталығының Шығыс Азияға ауытқуы туралы жазған. Модернизация маршруты мәселесінің әрқилылығын (модернизация есіктері) Т. Терборном, және В. Цапфом кең талқылады. Модернизация траекторийлерінің әрқилылық мүмкіндігі тарихи типтер мен даму модельдерінің әрқилы мәселелерін талқылауға жол ашады.

Сонымен көпсызықтылық жағдайында модернизацияға тән демократия қазір феномен болып саналмайды, алайда ол дәстүрліктен қазіргі көшудің альтернативті қайшылықтары ретінде қаралады, оның ең айқын үлгісі болып фашизм және коммунизм болып табылады.

Демократизация үдерісінің өзі әртүрлі тарихи ипостасияларда кездеседі (Мысалы: сызықты, циклдық және С. Хантингтоның диалектикалық модельдері)

Модернизациялық көшу кезіндегі социомәдени дәстүрдің конструктивтік, жағымды рөлі пайымдалады, оған дамудың қосымша факторы статусы беріледі. Э. Тириакьянның ұсынысы бойынша, модернизация процесінегі дін рөлін қайта қарау ұсынылды. Оның ойы бойынша, бұл роль белгілі бір жағдайда өзекті болуы мүмкін. Сонымен қоса дін тобырдың литимация мен мобилизация функциясын атқаруы мүмкін.

Ол эффективті емес саяси құрылымның делегитимизациясын қамтамасыз етеді және авторитарлы және тоталитарлы режимдердің

қарсыласуын стимулдайды. Триакьян Польша, Никарачуа, Иран, Чили, Филиппины және т.б. елдердегі соңғы 15 жыл және сол уақытқа жуық кезеңдегі үдерістерге сүйенеді, олар, оның ойынша, діннің «әлеуметтік өзгерістер тірегі» ретіндегі актуалды және потенциалды рөлін қолдайды. Комплинеарлық тәсілдің жақтастары бұрынғыдан гөрі сыртқы, халықаралық факторларға, глобалды контекстке көп көңіл бөледі. Зерттеулер әдеттегідей көп жағдайда модернизацияның ішкі факторлардан құралса да, оқымыстылар дамудың модификациялық үдерістеріндегі сыртқы факторлардың рөлдерін жоққа шығармайды. Модернизацияны қазіргі заманғы зерттеушілері (С. Хантингтон, Р. Робертсон) эндогенді-экзогенді процесс ретінде қарастырады.

Мысалы, С. Хантингтон, дамушы елдеріндегі саяси модернизация үдерістерін зерттей отырып, маңызды назарды сыртқы орта тәрізді факторға бөледі. Автордың айтуы бойынша, демократизация – көп деңгейде эндогенді дамудың нәтижесі болып табылмай, Британ және американдық қалпының таралуының салдары болды: (колонизация (отарлау), отарлық бақылау, әскери іс-әрекеттер және тікелей басып алу жолдары арқылы).

Мысал ретінде ол Екінші дүние жүзілік соғыс жылдары және соғыстан кейінгі әлем құрылыс жағдайларын қарастырады: американдық жерлерімен басып алынған елдерде, - демократия қалыптасты; Кеңес әскери кірген елдерде, - демократия қалыптасты; Кеңес әскери кірген елдерде, - халық демократиясының коммунистік тәртіптері құрылды (батыс мағынасында демократиялық емес).

Осы жерде, Хантингтон пікірі бойынша, глобалды масштабтағы демократияның өсуі және құлауы – күшті демократиялық мемлекеттердің күшейді және әлсіздену функциясы болып табылады. XIX жүз жылдықтағы демократияның таралуы Рах Britannicаның кеңеюімен қол тіресіп жүрді. Демократияның кеңеюінің Екінші дүние-жүзілік соғыс барысынан кейінгі кезеңі АҚШ-тың супердержава ретінде өсуіне әкелді. Керісінше, 1970 ж. Латын Америка мен Шығыс Азияның демократия өсуінің тоқырауы американдық ықпалдың өшуінің көрінісі болды. Хантингтон атап өткендей, демократиялық ықпал жасау тікелей түрде жүзеге асады (мысалы, американдық үкіметінің әртүрлі елдердегі саяси процестерге бағытталған күш қолдануы), сонымен бірге күшті және тиімді дамудың моделін қалыптастыру арқылы. Мұндай енгізулер мағыналы түрде классикалық түрден ішкі өзгермелі, мысалы, әлеуметтік институттар және мәдени құндылықтарды зерттейді.

Тәсіл шеңберінде эволюционистік телеологизм өзгерістері туындады. Зерттеушілердің назары эволюцияның анонимді заңдарынан

гөрі, көп жағдайда ерікті түрде қосылу әдісі арқылы әрқашанда жағдайдың өсуі мен трансформациясын қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік актер рөліне (коллектив және индивид) бөлінді.

Үшінші әлем елдерінің перспективалы саяси модернизациясына (демократизация) арналған қызықты зерттеулерде, С. Хантингтон, экономикалық даму деңгейі тәрізді факторларды жоққа шығармай, саяси элита еріктеріне көңіл бөледі, оның ойынша, ол жаңа саяси контурлардың қалыптасуына үлкен ықпал жасайды.

Классикалық кезеңнің модернизацияның тік сызықты кестесін ұсынған авторлармен қоса, зерттеуші ауысу аймақтық транзициялар және таңдау тұғырнамасын ұсынады. Осы тұғырнамаға (тұжырымдама) сәйкес, экономикалық даму бойынша, елдер дәстүрлі институттардың функционалды қажеттіліктерді өтеуге қиын болатын аймаққа өтеді. Экономикалық даму өзіндік.

### 2.3 Ресейдегі модернизация тәжірибесі

*Ресейдегі модернизацияны сипаттаудың әдістемелік негізі.* Ресейдегі демократизация процесі де «классикалық» моделден айырықша ерекшеленеді. Егерде Шығыс Еуропа елдері жалпы алғанда консолидендірілген демократия элементтерін құруға бағытталған дейтін болсақ, Ресейдегі саяси режим көптеген зерттеушілердің ойынша демократиялық түрінде қарастырылмайды. Ресейдегі және КСРО-ның басқа елдеріндегі режимді сараптау саяси дамудың альтернативтік және аралық саяси дамудың шегінде өтіп жатыр. Оның негізінде ресейлік трансформацияның ерекше сипаты тұрақты белгіленеді.

Ресейдегі демократизация процесі мен оның ерекшеліктерін түсіндіретін бірнеше модельдері бар. Мысалы, А. Ю. Мельвилдің жартылай «себептілік сүзгіш» әдістемесін қолданып, демократизацияның құрылымдық және процедуралық бағыттарының үйлесуі негізінде құрған моделі. Немесе К. Джовит жасаған және ресейлік материалдарға В. Елизаров ауыстырған «лениндік мұра» мен В. Гельман жасаған Ресейдегі саяси режимнің трансформациялануы модельдері.

А. Ю. Мельвилдің моделін қарастырайық. Оның негізінде А. Кэмпбел жасаған «себептілік сүзгіш» әдістемесі жатыр. Ол көзқарастың негізі мынада: «Себептілік сүзгіш» ішіндегі оқиғалар бірізділігін елестетуде келесі сәтте елестетіп көруге болады. Сүзгіштің осі - ол уақытша өлшеу. Оқиғалар конустың кең басынан кіші басына қарай қозғала отырып, олар бірінен кейін бірі себепті тізбекпен ұқсас

бірзділікпен жүретін болса қабылданады. Сүзгіштің түрі міндетті түсіндіруге алынған логикалық нәтиже болып табылады. Сүзгіштегі күрделі оқиғалардың көпшілігі көптеген алғышартты себептердің нәтижесі болады. Ондай оқиғалардың әрқайсысы өз кезегінде көптеген салдарға әсер етеді. Алайда біздің фокусымыз тәуелді ауыспалы, өзін-өзі ұстауға негізделген мінез-құлыққа жақындауымызға байланысты тарылып отырады. Осыған байланысты біз біртіндеп саяси әрекетке әсер етпейтін салдарды шығарып тастап отырамыз. Себебі біз барлық жекелеген себептерді айрықша момент ретінде қарастыруға мәжбүр боламыз, ал оның нәтижесінде біз үшін маңызды болатын салдар олардың себептеріне қарағанда тіпті аз болады. Нәтижеде - конвергенция эффектісі, бір нүктеге бірігу, бір көзқараста болу пайда болады»<sup>1</sup>.

А. Ю. Мельвиль Ресейдегі демократизация үдерісіне әсер ететін бірнеше жағдайларды бөліп қарастырады. Бұл жағдайларды ғалым «себептер сүзгіштің» шегінде былайша реттейді:

1. Халықаралық факторлар деңгейі (геосаяси, әскери-стратегиялық, экономикалық, саяси, мәдени-идеологиялық факторлар). Оған 80-жылдары көрінген және КСРО-дағы реформаторлық тенденцияларға әсер еткен факторлар енеді. Олар шешуші болып табылған жоқ, алайда олар демократияның одан әрі дамуына қолайлы болып табылады.

2. Мемлекет деңгейі мен ұлт біріктіруші факторлар. Ең бірінші КСРО-да, содан кейін Ресейде кепілденген мемлекеттік тұтастық пен ұлттық бірегейлік болған жоқ. Демократизация мен антикоммунизм лозунгісімен ұлтшылдық пен сепаратизмнің артуы байқалды. Ол КРСО-ның ыдырауына себеп болды. Қазіргі заманғы Ресей үшін ұлттық тұтастықты қамтамасыз ету міндеті қиын шешілетін мәселе болып отыр, ол демократизация басталғанға дейін шешілуі керек. Сонымен, аталған фактор Ресейдегі демократизациялану процесін асқындырып жіберді және оның басқа елдерде болып жатқан ауыспалы үдерістен айырмашылығын көрсетті.

3. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың құрылымдық деңгейі. Ресей демократизация үдерісін нашар экономикалық даму деңгейінде өткізіп отыр. Сонымен бірге, бұл елде қандайда бір нарықтық экономиканың басталуы көрінбеді. Ол трансформациялық үдерістердің дамуын тежеді. Сондықтан аталған фактордың әсері жайсыз болып табылады.

<sup>1</sup> Проблемы политической трансформации и модернизации России / отв. ред. А.Ю.Мельвиль. - Москва: МОНФ, 2001.



4. Әлеуметтік-таптық факторлардың деңгейі. Ресейде демократияға тепе-тең әлеуметтік базасы болған жоқ. Ең біріншіден, ол, демократияның жалпы әлеуметтік базасы болатын қажетті орта таптың болмауын көрсетті. Екінші ерекшелігі, аздап жаңартылған басқарушы тап болып табылады. Ол билікті ұстап қалды және меншік сатып алып, оған кіретін кландар мен картелиялар арасындағы ауқымды қайта бөлу мен ең бірінші кезекте мемлекеттік меншікті және жеке меншікті акционерлеудің басты жүздегері болды. Осы фактордың әсерін де қолайсыз деп тану керек.

5. Мәдени-құндылықтылық факторлар деңгейі. Ресейдегі демократизация процесі азаматтық саяси мәдениетке тән құндылықтар мен бағыттарды көпшілік таратумен көрінген жоқ. Алайда, кейбір әлеуметтік сауалнамалардың нәтижесі және әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай осы құндылықтар мен нормаларды ресейліктер аздап игеруі мүмкін.

6. Процедуралық факторлар деңгейі. Ол саяси және экономикалық қайта құрылудың өзара шарттастығын ұйғарады. Х.Линц пен А. Степанның зерттеулері бойынша сәтті демократиялық транзиттер біртіндеп болатын саяси демократизацияны ұйғарады. Одан әрі қарай тиімді демократиялық институттарды бекіту мен оны құруды талап етеді, ал одан кейін «экономикалық қоғамды» құруды қажет етеді. Ол әлеуметтік кепілдіктерді және мемлекет пен нарық арасындағы аралық институттар жүйесін құруды көрсетеді. Тек содан кейін ғана сырқаттанған экономикалық реформалар жүзеге асырылады. Ал Ресейдегі оқиғалар басқа логикаға бағынды. Онда экономикалық реформаларды қолдау үшін демократиялық институттар, не нарықтық экономикаға қолдау көрсететін институттар және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі де құрылған жоқ. Одан басқа, демократизация үдерісіне теріс әсер еткен факторлар ретінде саяси және экономикалық реформаны жүзеге асыратын әкімшіліктік әдістің қолдануы болып табылды. Ол қоғам мен билік арасын алшақтатты, азаматтық қоғам емес, мемлекеттің өзі тудырған КСРО мен Ресейдегі саяси оппозицияның құрылуының ерекшелігін және бірінші «құрылтайлық сайлаудың» болмауын күрделендірді. Ал олар жаңа қоғамдық және саяси күштердің балансын легитимизацияландыруды талап ететін.

7. Микродеңгей. Ол маңызды шешімдерді нақты түрде қабылдап жүзеге асыратын негізгі саяси акторлардың жекелік және жекелік-психологиялық ерекшеліктерін қамтиды. Мұнда сақталып қалған авторитарлық көңіл-күйді атап өту керек. Тек жалпы алғанда қоғамда ғана емес, сонымен қатар, маңызды саяси факторлардың санасында сақталып қалған авторитарлық көңіл-күйді да айту керек.

Осы аталған факторлардың «себептер сүзгіші» түріндегі бірлескен әсерлері қазіргі заманғы Ресейдегі авторитарлық нұсқасының жүзеге асырылуының мүмкіндігін көрсетеді.

Алайда, А. Ю. Мельвилдің ойынша осындай альтернативті түрдегі демократизацияның жүзеге асырылуы үшін бірнеше кедергілер туындайды. Оның ішінде топтық және корпоративтік мүдделер плюрализімінің артуын, аймақтық элиталардың өз артықшылықтарын сезінуін атауға болады<sup>1</sup>.

Екінші модель - В. Елизарова сипаттаған К. Джовиттің «лениндік мұра» моделі. Бұл модельге екі маңызды параметрлер енеді: институционалды түрде ресімдеп ұйымдастырылған саяси байланыстардың және көпшіліктік немесе ресми емес салалардың арасындағы өзара байланыстар ерекшеліктердің сипаттары.

«Лениндік мұра» туындайтын жауаптар блокталды, ал горизонталды ұйымдастырылған кері байланыстар нақты түрде институционалған жоқ. Себебі горизонталды өзара әрекеттестіктер толығымен дамыған жоқ болатын. Ол көпшіліктік және ресми емес салалардың өзара байланысының асқынуымен қоса жүрді. К. Джовитт «лениндік тәжірибе саяси саланың теріс бейнесін арттырды» деп көрсетеді. «Партиялық монополия мен тұрғындарға деген репрессиялық көзқарас Шығыс Еуропада саяси мәдениеттің «геттосын» құрды. Тұрғындар одан алшақ болу қажет және ол қауіпті нәрсе деп қабылдады» - дейді әрі қарай ғалым <sup>1</sup>.

Бұл жағдайда партия қоғам өмірінің басым салаларына қол сұғуды ғана бақылап және жазалап отырды. Туындап отырған саяси байланыстар клиентел желісінің пайда болуына қолайлы жағдай жасады. Олар саяси байланыстар ішіндегі жетіспей отырған горизонталды байланыстың орнын толтырды.

Қазіргі ресейлік сарапшылардың айтуы бойынша, кеңестік блоктың тарауынан кейін жағдай күрт өзгерді: вертикалды байланыстар әлсіреді, ол горизонтал бойынша консолидацияның қажеттігіне әсер етті. Осы уақытта көпшіліктің және ресми емес салалар арасында ушығу механизімі туындады. Ол саяси бірегейлік жиынтығын қалыптастырды. Ал оның қалыптасқан жағдайы ең бірінші кезекте клиентелистік байланысты пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен бірге бұрынғы аппараттың кадрлық құрамы сақталып қалды. Алайда, жаңа саяси акторлардың консолидациясы идеялық - саяси бірегейлік

<sup>1</sup> Мельвиль А.Ю. Политология. - М.: МГИМО (У) МИД России, 2008. – С. 353.

<sup>1</sup> Исаев Б.А., Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России - СПб.: Питер, 2009. // <http://www.twirpx.com/file/650544/>

шегінде жүрді. Бұл жағдай, В. Елизаровтың ойынша Ресейдегі саяси трансформацияның «тек қана белгісіздігін арттырады»<sup>2</sup>.

Ұсынылған моделдің негізінде К. Джовитт келесі қорытынды жасайды: «Шығыс Еуропа мен Ресейдегі осындай жағдайдың дамуы демократияға емес, керісінше авторитарлық олигархияның қалыптасуына негіз болады»<sup>3</sup>.

Аталған модельдің жетістігі мыналар болып табылады: ситуациялық модельдерге қарағанда неғұрлым корректілі және ол болашақтың саяси дамуына нақты болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Ал оның кемшілігі қатал еместігінде жатыр.

Ресейдегі демократизацияның басқа бір моделін В. Гельман құрды. Ол Ресейдегі саяси режимді сараптауға негізделген. Бұл жерде осы модельдің авторы посткоммунистік режимдерді ерекшелендіретін келесі құрылымдық параметрлерге сүйенеді:

- саяси биліктің ауысу механизімі;
- саяси режимнің акторларының сипаттамасы;
- саяси режимнің формалды және формалды емес институттарының өзара қатынасы;
- сайлау жүргізу сипаты;
- өкілетті институттардың рөлі;
- БАҚтың рөлі.

Саяси биліктің ауысу механизімі ауыспалы режим үшін билікке келгеннен де маңызды болып табылады. В. Гельманның ойынша, демократиялық емес режимдегі биліктің ауысуының негізгі механизмдері – ол революция мен элитаның көтерілісі. Посткоммунистік елдер үшін революция тән емес. Мұнда көтеріліс зорлықты пайдалануға бағытталған және элита шегінде жоғары комфортация деңгейінің нәтижесі ретінде туындайды

Көрсетілген модельдерді сараптай отырып, автор мына ойға келеді: «Ресейдегі және оның аумақтарының көпшілігінде саяси режим бүгінгі күні гибриді режимге сәйкес келеді. Бірақ кейбір аумақтарда авторитарлық жағдайдың барлығын да айтса болар еді. Гибриді режимнің ерекшелігі оның қатысты түрдегі тұрақтылығы. Ол «нақты режим эволюциясын авторитаризмге немесе демократияға тұрақты жаққа шығаратын сыртқы және ішкі факторлардың» жоқтығының себебі»<sup>1</sup>.

<sup>2</sup> Каменский А.Б. Российские реформы: уроки истории // Вопросы философии.- 2006. - №6. - С.36

<sup>3</sup> Мельвил А.Ю. Политология. - М.: МГИМО (У) МИД России, 2008. – С. 354.

<sup>1</sup> Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. – Ставрополь . -2006 // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/>

Жоғарыда ұсынылған модельдер жалғыз емес. Бірақ олар Ресейдегі демократизация процесінің ерекшеліктерін сапалы түрде түсіндіріп бере алады. Келтірілген сараптамадан көріп отырғандай, олар елдегі жағдайлардың одан әрі дамуын әр түрлі болжайды. Ол Ресейдегі экономикалық және саяси жүйелер өзгеру процесінің күрделілігін көрсетеді.

Ресейдегі модернизациялық процестерді түсіндіру міндеті модернизациялаудың өзіндік ресейлік ерекшелігін негіздейтін жаңа терминдерін пайда болуына ықпал етеді. Мысалы, А. А. Кара-Мурза мен А. Г. Вишневский сияқты ғалымдар «консервативті модернизация» терминін пайдалануды ұсынады. Олардың ойынша осындай модель түрінде түсіндірілетін модернизация дәстүрлі құндылықтардың, институттар мен қатынастардың баяу трансформациялануын көрсетеді.

Ал, С. Н. Гавров деген ғалым ресейлік ерекшелікті есепке ала отырып негізгі келесі екі модельдерді ұсынады: либералды және имперлік. Оның ойынша Ресейде тұрақты амбивалентті (екі жүзді) жағдай қалыптасты. Онда доминанты имперлік модернизациясының моделі либералды модельмен араласқан ресейлік өркениеттің әлеуметтік мәдени негіздері маятниктік цикл арқылы анықталады. Бұл жолда модернизациялық процестің өз тұрақты доминанты бар. Ол – имперлік модернизация моделі.

Ғалымның айтуы бойынша, ресейлік имперлік моделі идеократиялық болып табылады. Ол ұлы мессияндық идеямен байланысты. Тұрақты имперлік сананың болуы, империяның құру мүмкіндігін және оның перманентті қайта туындау мүмкіндігін көрсетеді. Имперлік модернизация империяның негізгі сипаттамаларын тұрақтыландыру үшін жүзеге асырылады. Оны жетістікпен жүзеге асыру имперлік құрылыс міндетін жаңа тарихи және әлеуметтік мәдени жағдайда шешуге көмектеседі.

Либералды модель ретінде ресей қоғамын либералды бағытта трансформациялауды меңзейтін Батыстың мәдени-өркениеттік тәжірибесі түсіндіріледі. Алайда, батыстық институттарды (өкілетті демократиясын, сайлау жүйесін, адам құқықтарын, сот өндірісін) импорттау Ресейде имитациялық түрді алды. Бұл оның мағынасын толық түрде өзгертіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, антимодернистік тенденциялардың алдында тұрақтылығын кемітті.

Ресейлік реформаларын түсіндірудің бір түрі ретінде «жаңа орыс феодализм» концепциясы алынады. Ол шетелдік және ресейлік қоғамтанушылар арасында кең таралған. Аталған концепция туралы дискуссияны жалпылауға ағылшын зерттеушісі Д. Лестер талпыныс

жасады. Ол аталған феноменнің маңызды сипаттамаларын былай бөліп көрсетті:

- тек күнделікті түрде ғана емес көбінесе жеке қалау мен мемлекеттік қызметкерлердің өзін ұстауынан көрінетін жеке мүдденің көпшілік мүддесінен абсолютті басымдылығы;

- жеке меншік пен биліктің тығыз байланысуы;

- саяси, әлеуметтік және экономикалық саладағы ресми емес қатынастарға негізделген жеке байланыстардың артуы;

- социумның барлық деңгейлеріндегі бартердің жалпы үстем етушілігі – өндірістік коллективтер мен мемлекеттік басқаруға дейін;

- адамдарды өз күштеріне ғана сенуге мәжбүрлейтін зорлықтың өсуі, ол тіпті қолында күші барлардың ресми емес әскерді құруына дейін апарды;

- елдің «провинциализациялануы», яғни өмірдің барлық саласында интерграциялану тенденциясының күрт төмендеуі;

- саяси салада компромисс пен келісімге қол жеткізе алмау, себебі билікке таласу барысында келіспеушіліктің туындауы үнемі жоғары деңгейде болады;

- саяси партиялар мен ассоциациялардың қызығушылық артикуляция мен агрегация түрлерінен жеке мақсатқа қол жеткізу үшін және жеке саясаткерлердің билікке жылжуы үшін неғұрлым нақты трансформациясы;

- биліктің жоғары сатысындағы жеке қауіпсіздік пен жеке игілікті қамтамасыз ету үшін құрылған «мемлекет ішіндегі мемлекеттің» пайда болуы <sup>1</sup>.

Барық айтылған модельдер қандай бір деңгейде болмасын модернизациялық үдерісті түсіндіреді. Оны ресейлік реформаторлар әр түрлі тарихи кезеңдерде қолданған болатын.

*Ресейлік модернизацияның тарихы.* Ресей бірнеше ғасырлар бойы органикалық емес модернизация немесе дамуды қуу жолымен жүрді. Алайда оның модернизацияны қуудағы бірде бір тырысулары толығымен орындалған жоқ. Егер де технологиялық және әлеуметтік-мәдени түрдегі тарихи жағдай кейде дұрыс болса да, саяси модернизация міндеті реформаторлар үшін өтпес қамал болды. Реформалардың аяқталмауы екі себеппен түсіндіріледі: оларды толығымен аяғына дейін жеткізген жоқ немесе, одан кейін контрреформалар болды.

Қазіргі әдебиеттерде Ресейдің кең тараған циклдық дамуы теориясы баршылық. Оның негізін А. Л. Ядов деген зерттеуші толықтай түсіндіріп берген болатын.

---

1 Каменский А.Б. Российские реформы: уроки истории // Вопросы философии. - 2006. - №6. - С.38.

Оның айтуынша, Ресей үшін «кең жайылған мерзімдікпен анықталатын қалтырауланған модернизациялық белсенділіктің қысқа фазалары» тән <sup>1</sup>.

Ресейлік модернизацияның бірінші тәжірибесі Петрдің реформасы болып табылады. Оның елді вестернизациялау талпынысы бұрын да болған еді. Алайда, Петрдың реформасы «куып жетушүші модернизацияның» тәжірибесі болды. Дұрыс жетістікпен жүргізілген өзгерістер Ресейдің одан әрі индустриализациялануын, азаматтық қоғам мен саяси демократияның құрылуын қамтамасыз етер еді. Алайда ол болмай қалды.

Әр түрлі салада өткізілген Петрдың реформалары бірдей болған жоқ. Осы нұсқадағы ерте модернизациялаудың кейбір кемшін тұстары ресей тарихтың кейінгі кезеңдерінде де жүргізілді. Петр I Батыстағы әлеуметтік экономикалық институттарға тән техника мен технологияны өзіндік түрде игергісі келді. Сондықтан да болар, шетелдік технология үлгілерін пайдалану басқа елдерге қарағанда қарама-қарсы нәтижелерге соқтырды. Мысалы, Батыс Еуропада мануфактуралық өндірісті дамыту феодалдық құрылымның ыдырауына соқтырса, Ресейде мануфактураны «жоғарыдан» орнату, тек қана феодализмнің крепостнойлық құқық институтының қалыптасуына қосымша импульс берді деп айтылады әдебиеттерде. Кейбір жанашылдықтар елдің одан әрі дамуына дайын емес болғандықтан, олар табиғи емес жасанды түрде болды. Мысалы, Петр I Санкт-Петербуртта бірінші университет құрғанда, шетелден тек қана оқытушыларды «жаздырып алғызу» емес сонымен қоса студенттерді де алғызу керек болды<sup>2</sup>.

Ресейдегі басқа да петрлық реформациялар да кешенді болған жоқ және аяқталмай қалды. Қоғам дайын болатын саяси модернизация жүзеге асырылған жоқ. Дегенмен петрлық реформалар Ресейдің саяси дамуы мен оның мемлекеттік жүйесінің модернизациялануына айырықша әсер етті.

Петр I заманында реформаларды жүзеге асырудың негізгі әдісі зорлық жасау болатын, ал модернизациялаудың құралы «самодержавие мен крепостнойлық құқық» болды. Реформатор патшаның қол жеткізген мақсаты бір басқару жүйеге келтірілген, қатал түрде орталықтандырылған, милитаристік мемлекет құру болды. Бұл

<sup>1</sup> Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России: Курс лекций. В 3-х ч. СПб.: БГТУ, 2004. 30 п.л. // <http://nicbar.narod.ru/Spetskurs.htm>

<sup>2</sup> Ланцов С.А. Российский исторический опыт в свете концепций политической модернизации // Полис. - 2001.- №3. - С.97

мемлекетте жеке бостандығы жоқ және жалпы игілікке еңбек етуге міндетті бар әрбір адамға үнемі бақылау орнатылған болатын.

Петр I заманында Ресейдің мәдени изоляциясы аяқталды. Алайда императордың әрекетінің жақсы жағын тек қана қоғамның артықшылдығы бар ерекше тобы ғана көрді. Кейінгі екі жүзжылдықта Ресейдегі әлеуметтік мәдени процесс дуалистик сипатта болды. Еуропаланған элита батыстық құндылықтар мен идеалдарды қабылдаса, тұрғындардың негізгі бөлігі дәстүрлі патриархалдық ортада өмір сүре берді. Олар бұрынғыша сыртқы әлемнен тұтастай жабық алшақталған болды. Сондықтан, ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық қатынастарында Ресей Батысқа жақындамаса зиялы топ арқылы рухани жағынан еуропалық өркениетке жақын болды. Сонымен қатар, Петр заманынан бері Ресей еуропалық саясаттың ықпалы бар қатысушысы болды. Осы жағдайлар Ресейдің одан әрі саяси дамуының өзіндік ерекшелігі бар екенін көрсетті.

Екатерина II өзінің негізгі күшін батыс еуропалық үлгідегі сословиелік қоғам құруға бағыттады. Ол әрбір сословияның нақты түрдегі құқықтық мәртебесін анықтап беруге бағытталды. Бұл жерде оның мемлекетке қатысты міндетін анықтауды ғана емес, сонымен бірге оның нақты бір құқықтар мен артықшылықтарды анықтауға бағытталды. Петрға қарағанда Екатерина II крепостнойлық құқық әлеуметтік және экономикалық дамудың кедергісі болатынын сезінді. Патша-ханымның модернизациялық бағыты патша-реформаторға қарағанда басқаша болды. Оның бұйрықтары толықтай қарастырылған түрде айқындалды және халықтық дәстүрге бейімделген болды. Ол оған жетістік әкелді. Белгілі ресей ғалымы А. Б. Каменскийдің ойынша Екатерина ресей тарихындағы ең бір сәтті реформаторлардың бірі болды. Ол өзінің бағдарламасын сол замандағы мүмкін деген әлеуметтік толқу туғызбай жүзеге асыра білді <sup>1</sup>.

XIX ғ. басында Ресейдің білімді топтары халық өкілдікті конституционалдық түрде дайындаумен қоса экономикалық либерализм және саяси жаңашылдық рухындағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу қажеттігін түсінді. Дегенмен осы жоспар жүзеге асырылған жоқ. Оны жүзеге асыруға сыртқы және ішкі факторлар бөгет жасады. Ресей еуропалық саясатқа ықпалды актор ретінде тартылды. Бұл жағдай оған мемлекет ішіндегі мәселелерге көңіл бөлуге мұрша бермеді. Ел ішінде консервативті бағыттағы аристократия мен үкіметтік бюрократия қарсылық көрсетті, оған радикалдардың әрекеті

<sup>1</sup> Каменский А.Б. Российские реформы: уроки истории // Вопросы философии. - 2006. - №6. - С.37.

қосылды. Ол уақытта ресейлік топыраққа белсенді түрде еніп кеткен революциялық радикализм идеясы оның жақтастары есептеп отырған нәтижеге әкелген жоқ.

В. В. Леонтович айтқандай, Александр I революциялық радикализмнің себебінен оңшыл элементтерге арқа сүйеуге мәжбүр болды. Соның салдарынан оған либералды реформаларды өмірге әкелу қиын болды. «Себебі, осы топтар тек қана революциялық тенденцияларды теріске шығарып қойған жоқ, либералды реформаларды да теріске шығарды»<sup>2</sup>.

Александр I көзқарасы біртіндеп либерализмнен консерватизмге эволюцияланды. Ол сол уақыттағы маңызды болып табылатын және ресейлік әлеуметтік дәстүрдің неғұрлым архаикалық элементтерін сақтау арқылы жүрді.

Декабршілердің сәтсіз әрекеті Ресейдегі XIX ғ. басындағы әлеуметтік саяси модернизацияны жорқа шығарды. Заңсыз одақтардың ұйымдастырған көтерілісі реформаларға қарсы тұрғандардың қолын босатты. Бұл жағдай өз алдына Николай I-нің саяси және әлеуметтік саясатын анықтап берді.

Басқа ресей ғалымы С. А. Ланцов айтқандай, босқа кеткен оңжылдықтар елге қымбатқа түсті. Тура сол уақытта, басқа да әлемдегі алдыңғы қатарлы елдерде ерте индустриалды түрдегі модернизацияға тән процестер туындағанда, онсыз да технологиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан артта қалып отырған Ресейдің дамуы қатты тоқтап қалды. Экономикалық дамудағы айырықша бөлінудің артуы Ресейдің әскери-техникалық арта қалуын туғызды және ол Қырым соғысында жеңілуге себеп болды. Әскери сәтсіздіктер үкіметті тағы да модернизациялау туралы мәселені шешуге итермеледі<sup>1</sup>.

Александр II заманында билік саяси тұрақтылығын сақтай отырып әлеуметтік-экономикалық реформа бағдарламаларын тек «төменнен» емес, мақсатты түрдегі ойластырылған «жоғарыдан» жүзеге асыруға тырысты. Халыққа өзінің сол замандағы жүзеге асыра алатын және игере алатын саяси көзінің ашықтығына байланысты қаншама азаматтық құқықтар мен еркіндіктер берілді.

Ресейдің тарихында бірінші рет қоғам бюрократиялық бақылаудан босатылды. Экономикалық және әлеуметтік-мәдени сала нақты бір автономия алды. Ол тәжірибеде азаматтық қоғамға жылжуды көрсетті.

<sup>1</sup> Ланцов С.А. Российский исторический опыт в свете концепций политической модернизации // Полис. - 2001. - №3. - С.98.

<sup>2</sup> Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России: Курс лекций. В 3-х ч. - СПб.: БГТУ, 2004. 30 п.л. // <http://nicbar.narod.ru/Spetskurs.htm>



Оған сот реформасы мен жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа түрі да ықпал етті. Александр II либералды реформалары ресейдің тарихында неғұрлым маңызды либералдық моделі арқылы модернизациялауға тырысуды көрсетті. Онда тек қана технологиялар ғана емес сонымен қатар, әлеуметтік институттар да модернизацияланған болатын.

Билеушілердің келесі логикалық акциясы ретінде саяси модернизациялау міндетін шешу болатын. Оның қажеттігін жоғары әкімшіліктік-саяси бюрократияның түсінуі оның ауытқуына қарамастан мүмкін болды. Ол туралы тарихқа «Лорис-Меликов конституциясы» атымен енген реформаның жобасы куә. Аталған жобаның жеткіліксіздігіне қарамастан, демократиялық дәстүрі жоқ және енді ғана крепостнойлық құқықтан қашып құтылған ел үшін, осындай бағдарламаны жүзеге асыру авторитарлық-бюрократиялық жүйені модернизациялаудың әсерлі қадамы болар еді. Одан әрі осы қадам саяси модернизациялау міндетін шешудің негізін қалар еді. Алайда, солшыл радикалдардың әрекеттері бұл мүмкіндікті жоққа шығарды.

Ресейдегі радикалдар интеллигенцияның өзіндік табын құрастыратын. Олардың санасы батыс еуропалық социалистік идея негізінде қалыптасты. Осы идея мен нақты түрде реформаланған Ресей арасында айырықша тұңғыш болса да, оны ресей жеріне әкелу аңыздан басқа ештеңе туғыза алмады. Ал оларды орыс революциялық қозғалыстың теоретиктері мен практиктері негізге алды. Оның салдарынан орыс ауылдары абстрактілі саяси лозунгтарды қабылдамады және социалистік насихатшылар мен олардың ұсынып отырған қоғамдық қайта құруларына күмәнмен қарады. Жалпы алғанда шаруалар самодержавиялық билікке қатысты төзімділігін сақтап қалды және оған өзінің жерге қатысты мәселені әділ шешеді деген үмітін артты.

Революцияның «төменнен» жүргізілуінің болашағының жоқтығына көз жеткізген жастардың біразы, саяси террорға бет бұрды. Александр II патшаны өлтіру ісі реформаның кері кетуін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар Александр III заманындағы реакциондық, консервативтік элементтердің позициясының артуына әкелді.

Александр III билік етуімен әлеуметтік-саяси салада контрреформаторлық курсы басым болды. Оған қарамастан, бұрын өткізілген қайта құрулар елдің экономикалық тұрғыдан жедел дамуын туғызды. XIX ғ. Ресейде индустриалдық революцияның бірінші фазасы пайда болды. Осы уақытта қала тұрғындарының саны артты, көпшілік түрде орта таптың саны көбейе бастады және модернизация арқылы өмірге келген басқа да әлеуметтік топтар туындады. Экономикалық

қайта құрумен қоса жер мекемелерінің билік құзырлығын шектеу де жүргізілді, олардың өкілеттігін бюрократиялық құрылымдарға беру қарастырыла бастады.

1900 жылдардың басында, саяси саладан әлеуметтік өзгерістер көріне бастады. Қала тұрғындарының әр түрлі топтарының белсенділігі артты. Олардың ортақ мүддесі саяси өмірге араласу болды. Саяси қатысушылықты институционализациялауға бағытталған талаптарды ұсыну басталды. Басында осы талаптар бірінші солшыл радикалдық партиялардың бағдарламаларында болды, сосын олар қалыпты либералдық оппозициялық топтардың әрекеттерінен көрінді.

Алайда, саяси модернизациялау жолында бейбіт және эволюциялық жылжу мүмкін болмады. Николай II мен оның қасындағылары самодержавиялық билікті шектеу мүмкіндігін жоққа шығарды. 1905-1907 ж.ж. оқиға революциялық дағдарыстың дәстүрлі көрінісі болды. Ол саяси модернизацияның әлеуметтік құрылымнан және экономикадағы жылжудан қалып қою арқылы көрінген болатын.

Конституцияландырылған реформалардың арқасында туындаған саяси институттар парламенттік демократияның толыққанды элементі болған жоқ. Мемлекеттік Думаның заң шығару өкілеттілігі қатты шектелді, оның үкімет құру құқығы болған жоқ, тек қана мемлекеттік бюджетті бақылауға аздаған құқығы болды. Сайлау жүйесі тіпті де демократиялық болған жоқ. Жоғары билік басынан бастап Думаға өшпенділікпен қарады, оны уақытша, ең бастысы – қоғамдық тыныштық үшін қауіпті элемент деп санады. Жағдай мүмкіндік берісімен, самодержавие бұрын берген құқықтарын тартып ала бастады, сайлау жүйесіне тіпті антидемократиялық бағытта өзгерістер енгізді. С.А.Ланцовтың мойындап отырғанындай сол кезде ресейлік қоғам өзінің әлеуметтік мәдени сипатына қарай толыққанды парламенттік демократияға жете алмады <sup>1</sup>.

XX ғ. басында Ресей саяси модернизациясыз бола алмайтын болды, алайда оны дұрыс жүзеге асыруға қабілетсіз болды. Бірнеше маңызды экономикалық және әлеуметтік міндеттер шешілмеуі, азаматтық қоғамның жетілмегендігі құқықтық мемлекетке көшуді және тиімді демократиялық жүйеге көшу мүмкіндігін жойды. Саяси тұрақтылықты сақтай отырып, көбінесе репрессиялық шаралар арқылы премьер-министр П. А. Столыпин біртіндеп реформаларды жүргізуді таңдаған жол нақты түрдегі қарама-қарсы ресейлік шындықты көрсетті.

Мүмкін нақты бір тарихи жағдайда Столыпиннің таңдап алған

<sup>1</sup> Ланцов С.А. Российский исторический опыт в свете концепций политической модернизации // Полис. - 2001.- №3. - С.101.

шешілмеген әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың авторитарлық нұсқасы жетістікке жететін шансы болды. Алайда, саяси шындық самодержавияның ерікті түрде өз режимін конституциялық монархия режимінде трансформациялау қабілетсіз екенін көрсетті.

Егер де бірінші орыс революциясы модернизация дағдарысын көрсетсе, онда 1917 жылғы оқиғаның аздаған осындай негізі болды. Революциялық үдерістің формасы мен динамикасы созылып кеткен соғыстың қиындығымен көрінсе, ол елдің экономикалық және саяси өмірін ұйымдастыруда қиындықтар туғызды, ал ол қоғамның психологиялық ахуалына әсер етті. Онда мәселе диктатура мен демократия арасында емес диктатураның әртүрлі нұсқасы арасында тұрды. Революциялық жарылыс саяси жүйенің қарқынды демократизациясына әкеліп соқтырды, ақырында ол ауыр салмақты көтере алмай құлады. Өзін нақтылап алған тоталитарлық режим елдің барлық онжылдықтар бойы саяси модернизациялануы нәтижесін жоққа шығарды.

С. Н. Гаврованың ойынша, Ресейдегі соңғы жүзжылдықтардағы тарихи катастрофалар ұзақ уақыт бойы нақты түрде тарихи, экономикалық мәдени өзіндік ерекшелігін сақтап тұруға талпынудан болды. Ресейлік билік пен қоғам әлеуметтік мәдени динамиканың дәстүрге тартылуының, қолданыстан шыққан механизмдер мен әлеуметтік институттардың үлгісін табуға тырысты. Нәтижесінде Еуропалда жүзжылдықтар бойы қалыптасқан жағдайды Ресей тез арада аздаған тарихи мерзімде бес-он бес жылда жүргізуге мәжбүр болды <sup>1</sup>.

НЭП кезеңіндегі идеология саласына кең таралмаған либералды бостандықтары бар, экономикалық түрдегі либералды кезеңнен кейін кезекті империялық модернизация басталды. Сталиндік модернизацияның мақсаты идеологиялық принципке негізделген әлемдік империяны құру болды. Оның ерекшелігі нақты бір деңгейдегі бюрократизация, технологиялық пен жеке тұлға мен индустриалды экономиканың өзара байланысы бар даму деңгейге қол жеткізу болды. Сталиндік модернизация көбіне петрлық үлгі бойынша жүргізілген болатын. Онда абсолютизмнің деңгей басым болды, қарамағындағылардың құқықсыздығы мен батыстық технологияны өзіне ауыстыру арқылы көрінді.

Н. С. Хрущев пен Л. И. Брежнев кездерінде модернизация жүргізген жоқ. Кейбір жаңашылдықтар болды, қолда бардың өзін аздап болса да жақсартуға тырысушылық ешқандай сапалы өзгерістерді әкелген жоқ.

<sup>1</sup> Гавров С.Н. Модернизация во имя империи. Социокультурные аспекты модернизационных процессов в России. - М.,2004 // [http://yanko.lib.ru/books/cultur/gavrov-modernizac\\_vo\\_imya\\_imperii.pdf](http://yanko.lib.ru/books/cultur/gavrov-modernizac_vo_imya_imperii.pdf), [http://lit.lib.ru/g/gawrow\\_s\\_n/indexdate.shtml](http://lit.lib.ru/g/gawrow_s_n/indexdate.shtml)

Ю. В. Андроповтың әрі қарай модернизациялауды жүзеге асырудағы мүмкіндіктерінің болашағы болған жоқ.

М. С. Горбачев кеш болса да модернизациялаудың либералдық моделін пайдалануға тырысты. Оның нәтижесінде ол кеңестік жүйені созуды армандады. Алайда объективтік және субъективтік себептерге байланысты өзін ақтамаған кеңестік режим оның реформаторларымен бірге тарап кетті.

*Қазіргі заманғы ресейлік саяси модернизация ерекшеліктері.* Зерттеушілер модернизацияны Ресейдің соңғы ғасырлардағы дамуының басты векторы ретінде қарастырып отыр, оның ішінде кеңестік дәуір мен кеңестік дәуірден кейінгі кезеңдегі ресейлік модернизацияның өзіндік ерекшеліктерін айтып отыр. Алайда, В. А. Ядов пен Т. И. Заславская посткоммунистік трансформация мен модернизация екеуі әр түрлі үдеріс деп көрсетеді. Оны зерттеу үшін әр түрлі парадигма қажет деп белгілейді ғалымдар<sup>1</sup>. Оның жалпы болатын құрамдары болса да, ерекшеліктері де бар. Себебі трансформацияның өзі бастапқысында құру арқылы емес, құлату арқылы жүреді: ғылым мен білім берудің дағдарысы, жоғары технологиялық өндірістердің жұмысын тоқтату, білімді адамдардың шетелге кетуі арқылы, өмір сүру сапасының төмендеуі және т.б. Бұл жағдайда қазіргі заманғы трансформация ағынасын модернизациялық өзгерістермен сәйкестіру мүмкін болмайтын шығар.

Дегенмен, тұрақтылыққа қол жеткізгеннен кейін елдегі үдерісті модернизациялық деп сипаттауға болады. Қазіргі заманғы саяси институттар мен тәжірибенің қалыптасуы трансформациялық өзгерістермен қатар жүреді. Ол аталған үдерістің қоса дамуын көрсетеді.

Көптеген зерттеушілердің ойынша (М. В. Ильиннің, Е. Ю. Мелешкинаның, В. И. Пантиннің) Ресейдегі саяси модернизация процесін жалпы алғанда эндогендік-экзогендік түрге жатқызуға болады. Осы модернизация түріне тән негізгі ерекшелігі әр түрлі жекелік және басқа біреуден қабылдаған институттар мен дәстүрдің үйлесуі болып табылады. Азаматтық қоғамның әлсіздігіне байланысты және Ресейдегі үкіметтің нақты рөлінің аркасында қоғамның модернизациялануы үнемі мемлекеттің модернизациялануымен алмастырылады.

Оған оның әскери-индустриалдық қуаты, бюрократиялық аппараты, репрессивтік органдары, экономиканың мемлекеттік секторы және т.б. салалары кіреді.

<sup>1</sup>Заславская Т.И. Современное российское общество: Социальный механизм трансформации: Учеб. пособие. -М., 2004.- С.91-92

Нәтижесінде мемлекеттік тездеткен әскери-индустриалды модернизациялау міндеті, оның әлемдік держава ретінде нығайуы көбіне антимодернизация арқылы, аздап болса да қоғамды архаизациялау мен деградациялау арқылы жүргізіліп отырды.

Әдетте реформаторлар жалпы халықтың қолдауына жүк арта алмайды. Себебі тұрғындар көпшілікте консервативті және қандайда бір өзгеріске сақтықпен қарайды, себебі олардың қалыпты өмір сүру жағдайлары өзгере түседі. Реформаторлардың сүйенетіні оның көзқарасын бөлісетін әлеуметтік тұрғыдан алғанда неғұрлым белсенді топтар болады. Сондықтан кеңестік кезеңнен кейінгі Ресейді 1990-шы жылдардың басында реформалау дағдарыс жағдайында жүргізілді. «Алғашқы толқын» реформаторлары реформаның берік әлеуметтік тірегін құра алмады, қоғаммен қатынас орната алған жоқ. Реформалардың өзінің әрекеті да, олардың өмірді өзгерту мүмкіндіктері де артық бағаланды. Нәтижесінде реформа түсінігінің және оны негіздеу керек болған құндылықтардың беделі түсті.

Ресей билігі, қоғамның әр түрлі саласына мемлекеттік араласуын аяқ астынан шектеу арқылы, азаматтардың белсенділігінің күрт артуын күтті. Алайда, теңескен, патернализмге бейім, ресейлік қоғам менталдігі күш-қуаты мол, өз өмірін жаңа бастамада ұйымдастыра алатын ынталылы адамдардың пайда болуына ықпал ете алмады. Адамдардың экономикалық және саяси белсенділігі ресей өмірін еуропалық стандарттарға теңестіруге жеткіліксіз болды.

2000 жылдардың басындағы саяси модернизация неғұрлым қолайлы жағдайда жүзеге асырылды: тұрақты экономикалық өсу, саяси тұрақтылық, ақырындап өмір сүру деңгейінің артуы байқалды. Алайда, одан әрі саяси модернизациялауды алға жылжыту үшін тек қана реформаның қажеттігін түсіну мен реформатордың саяси еркі ғана қажет емес, сонымен қатар ресейлік қоғам менталдігінің терең трансформациясы да қажет.

Қазіргі заманғы ресейлік саяси шынайылықты сараптаудың қиындықтарының бірі – ол азаматтық қоғамның өмірлік белсенділігіне мемлекеттік басқару кезіндегі созылмалы құрылымдық дағдарыс әсер етіп отыр. Ресейдің 1990 жылдардағы дағдарыстың дамуы мына негізгі проблемаларды көрсетті:

- қоғамның орта және ұзақ мерзімдік даму стратегиясын құрастыру. Оның мақсаты қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық құрылымды тұрақты түрде қайта құру және Ресейдің әлемдік шаруашылыққа органикалық интеграциялануы;

- қазіргі заманғы ресейлік қоғамның жағдайына сәйкес әлеуметтік-

экономикалық курсты анықтау барысында экономикаға жеке инициатива мен мемлекеттік араласудың арасындағы тепе-теңдікті орнықтыру;

- білік топтарының кәсіби-интеллектуалдық деңгейін қоғамды басқару талаптарына сәйкестендіру, оны неғұрлым күрделі ұйымдастырылған саяси жүйе арқылы неғұрлым жоғары деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық дамуына өткізу;

- негізгі саяси институттардың сапалы өзгеруі және оның қызметінің мазмұны мен мемлекеттік басқарудың принциптері мен нормаларын жасау.

Ресейлік өркениеттік даму еркешелігі Батыста секілді ресейлік қоғамның фундаменталдық рухани-интеллектуалдық қайта құруды басынан кешкен жоқтығында жатыр. Мысалы, Батыста ол Ренессанс, Реформация, адам құқығы үшін қозғалыс болып табылады. Олар шаруашылықтық қызметтің рационалистік түрлерінің және қазіргі заманғы саяси өкілеттілік жүйесінің негіздерін салды. Сонымен қатар, кеңестік дәуірден кейінгі Ресейдегі әлеуметтік құрылымның кейбір сегменттерінің өзіндік сипаты бар. Олар күрделі тарихи-психологиялық, этникалық, демографиялық және мәдени-діни факторлар негізінде туындады.

Кейбір ресейлік ғалымдардың айтуы бойынша ресейлік қоғам аралық өркениеттегі қоғам деп саналады. Ол «дәстүрлілік шегінен шығып, бірақ әзірше либералды өркениеттік шегін аттап өте алған жоқ»<sup>1</sup>. Ал И. Заславскаяның ойынша, Ресей қоғамында қазірдің өзінде қазіргі заманғы сипат дәстүрлі сипатпен үйлесіп жатыр, «олардың қайсысы басым екенін айту қиын»<sup>2</sup>.

В. А. Ачкасованың көзқарасы бойынша, ресейлік қуып жетуші модернизация жүргізуінің әдісі ол жалпы «имитациялау» болып табылады. Онда үнемі жоғарыдан нұсқалып отыратын социумның толығымен реформа үдерісіне тартылуының көрінісі ғана құрылады. Ал қоғам құрылымы жағынан да, басымды күйлер жағынан да оған теңеліп отырған радикалды өзгеріске дайын емес болады. Нәтижесінде бұрынғы заман мен символ түріндегі алшақтауы Ресейдің символика мен формасының нақты мазмұнын өзгеруін алмастырады. Одан кейін ескі негіз белгісіз түрде қайтарылады<sup>3</sup>.

Ресейлік қоғам тиісті түрде жоғарыдан төмен қарай жүретін модернизациялық импульстарға жүгінеді. Тиісті сипаттарының бірі ретінде қабылдамауды, жаңашылдыққа ақырындап болса да қарсылық

<sup>1</sup> Исаев Б.А., Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России. Учебное пособие. –СПб.: Питер, 2008. – С.210. // <http://www.twirpx.com/file/650544/>

<sup>2</sup> Заславская Т.И. Современное российское общество: Социальный механизм трансформации: Учеб. пособие. -М., 2004.- С.91-92

көрсетуді, өзіндік сәйкестендіру дағдарысын, халықтың наразылығын айтуға болады.

Бүгінгі күнгі Ресей бүлініп жатқан дәстүрлі қоғам болып табылады, алайда ұсынылып отырған саяси элитаның мақсаттары, ұқсастықтары мен стандарттары қазіргі заманғы талаптарға сәйкес екені белгісіз. Зерттеушілердің айтуы бойынша қазіргі күнде Ресейдің жаңа демократиялық түрдегі, бірақ әзірше әлсіз және бекітілмеген саяси және экономикалық институттары бар. В. В. Лапкин мен В. И. Пантиннің ойынша Ресейдің саяси модернизациялануын 2007-2008 жж. және 2011-2012 жж. сайлау анықтады, ол ресейлік жүйені мықтылығын күрделі тексеруге ұшыратты <sup>4</sup>.

Ресейдегі қалыптасып келе жатқан институционалды жүйе тұрақты түрде әрекет етіп отырған демократиялық саяси институттар құруға кепіл болмайды. Сондықтан тізбектелген «билік вертикалі» «қоғамдық горизонталдықпен» толықтырылуы керек, яғни қоғамдық және саяси ұйымдардың өзара әрекеттері арқылы.

Бүгінгі күні Ресейдің саяси жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне ауысты, ол бірнеше өзгерістермен байланысты. Қазіргі заманның ресейлік expertті саясаттанушы П. С. Каневскийдің ойынша: «... Бұл өзгерістерді үш кезеңге бөлуге болады: жүйешілік, интрасоциетальді (саяси жүйенің ішкі ортасымен байланысты) және экстрасоциетальді (халықаралық әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени қоғам шегіндегі). Осы деңгейлердің әрқайсысы саяси жүйенің айналасында ортандырылған қоршауды құрады»<sup>5</sup>. Басқаша айтқанда, ғалым басынан бастап саяси жүйені аталған саяси үлгісінің ортасына қояды, ол Ресейдің ең бір танымал элитарлардың бағдарламалық ұранына айналады.

Қандай да болмасын қоғамда саяси жүйе маңызды рөл атқарады, алайда Ресейде ол барлық әлеуметтік организм негізделіп отырған қырлы тас деп айтуға болады. Ресейлік этатизмнің бай дәстүрін есепке ала отырып нақты алғанда саяси жүйеге, көбінесе, одан әрі тек қана саяси емес, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгеру де байланысты болады.

## **2.4 Постсоциалистік елдердегі саяси модернизация**

Постсоциалистік елдердегі саяси модернизацияны посттоталитарлық қоғамдағы демократиялық үдерістер арқылы

<sup>3</sup> Ачкасов В.А. Россия как разрушающееся традиционное общество // Полис.-2001.-№3.-С.84.

<sup>4</sup> Лапкин В.В., Пантин В.И. Ритмы международного развития как фактор политической модернизации России // Полис. -2005. -№3. - С.57.

<sup>5</sup> Каневский П.С Проблемы Российской модернизации: элиты, общество, мировой кризис // Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. - 2010. - № 4. - С.19.

сипаттауға болады. Қазіргі саяси әдебиеттерде бұл үдерістер посткоммунистік трансформация деп аталады. Оны демократия мен нарықтық экономикаға жетуді саяси мақсат ретінде алдына қойған коммунистік жүйені өзгерту үдерісі деп түсіндіреді қазіргі зерттеушілер.

Посттотолитарлық жүйеде трансформацияның төрт ерекшеліктері бар:

- бір уақыттық дилеммасы (екінің бірін алу): посткоммунистік демократизация саясат саласымен қатар қоғамның барлық жақтарына – экономикалық негіздеріне, адамдардың тұрмыс қалпына, ақыл құрылымына тиіп, қозғап жіберді;

- меншік иелерінің «табын» қалыптастыру қажет, өйткені оның нәтижесінде «орта тап» қалыптасады деген үміт пайда болады;

- трансформация барысында әскер қызметкерлері маңызды, бірақ басты емес рөлді ойнайды. Түбегейлі өзгеріс кезеңінде әскери құпияшы қызмет, жаңа жүйеге өтудің жолын тапқан мемлекеттік билік аппаратының тірегі болып шығады;

- «посттотолитарлық валюнтаризм»: түбегейлі өзгеріс кезеңінде жүйелі трансформацияның бағытын (демократия мен нарықтық шаруашылыққа қарай) жаңа үміттердің және халық көпшілігінің саяси еркі анықтайды.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар антидемократиялық, орталықтанған сипатын білдіреді және экономика бұрынғыдай жоспарлы болып қала береді. Демократия мен нарық жағдайында адамдардың келешегі қандай болатынын ешкім білмейді.

Батыстың теоретиктері бұрынғы коммунистік елдер бастан кешіп отырған кезеңінің ерекшелігі оларда бір мезгілде бірегейлі, көп астарлы өзгерістердің қатар жүруі дегенге саяды. Расында да, аталмыш мемлекеттерде бірден плюралистік саяси жүйе, нарықтық экономика мен жаңа мемлекеттілікті қалыптастырылуға бағытталған экономика, саясат және территориялық, ұлттық қалыптастар, мемлекеттік құрылыс салаларында үш бірдей күрделі міндеттер камтылып отыр деп тұжырымдайды кейбір ғалымдар.<sup>1</sup>

Дегенмен де, қанаты қатаймаған демократиялардың әлгідей әлсіз күйінде ұзақ уақыт бір орында қалып, жартылай шексіз биліктік, жартылай демократиялық күй кешуі секілді бірталай қауіп-қатердің бар екендігі рас. Шексіз билікке негізделген қоғамнан кейінгі кезеңдегі мемлекеттердің көпшілігі демократияны орнату жолын таңдайды деп қою қиын. Мұндай жағдайда кіріспе, яғни шексіз билік пен демократия элементтеріне бірдей негізделген және тұрақты, бірақ қабырғасы

<sup>1</sup> Вайнштейн Г.И. Посткоммунистическое развитие глазами западной политологии // МЭ и МО.- 1997.- №8. -С.144.



қатпаған демократиясы бар саяси құрылымдардың пайда болуы танданарлық емес.

Жалпы алғанда, саяси модернизация демократиямен тығыз байланысты, демократиясыз мүмкін еместігі туралы жоғарыда сөз етілген болатын. Сондай-ақ, қазіргі уақытта саяси модернизация демократизациялық үдерістің бір түріне айналып отыр десек қателеспейміз. Соңғы жиырма жылдықта авторитарлық режимдердің құлдырауы көптеген мемлекеттерде демократиялық институттардың орнығуымен сипатталып, саяси модернизацияның мәнін ашып отыр.

Демократизация үдерісін «заманның императиві» (бұйрығы) деп қарап, бұл мәселені зерттеушілер тиімді демократияның экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және басқа алғышарттарын ескеріп айтады. Демократияның әлеуметтік-экономикалық алғышарттарына жатқызады:

- индустриализация мен урбанизацияның жоғары деңгейі;
- жақсы тұрмыс халінің және «өмір сапасының» белгілі деңгейі;
- бұқаралық ақпарат құралдардың жеткілікті дамуы;
- азаматтардың сауатының едәуір деңгейі;
- орта таптың өрлеуі.

Батыс ойшылдардың көбісі (мысалы: Д. Лернер, С. Липсет, Д. Нейбауэр және т.б.) бұл алғышарттарды тұрақты демократияны қалыптастыру мен қоғамның жан-жақты модернизацияның алғашқы шарттары ретінде атап көрсетеді.

Бірақ соңғы жылдары бұл көзқарас көптеген дамып келе жатқан елдердің демократияға өту тәжірибесін есепке алып қайта қаралып жатыр. Демократия туралы теория саласындағы беделді ғалым Д. Растоу қарама-қарсы көзқарасты білдіреді: «Демократия үшін экономикалық даму мен әлеуметтік дифференциацияның қандай да болсын минималды деңгейі де қажет емес». Зерттеуші демократияның алдын ала қалыптасқан шарттары ретінде «экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерін» тануды күмән туғызады деп айтады. Мысалы, Д. Растоу демократиялық елдердің қатарына жатпайтын, бірақ экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жеткен мемлекеттерді келтіреді. Ал, Кувейт, нацистік Германия, Конга-Киншаса және сонымен бірге, ескертіп, 1820 ж. АҚШ-ның, 1870 ж. Францияның, 1890 ж. Швейцарияның урбанизация жағынан, ел-жұрттың сауатты мен жұрттың бір адам басына келетін табыс мөлшері жағынан дамыған елдердің қатарына жатпағандығы туралы айтады ғалым.

Демократияның саяси алғы шарттарына зерттеушілердің көбісі мына сипаттарды жатқызады:

- элита мен азаматтардың негізгі тобының арасындағы саяси құрылымның басты принциптері жайында келісімі, пікір бірлігі;

- конструктивтік саяси оппозицияның қажеттілігін тану;

- азаматтардың, қоғамның саяси өміріне белсене қатысуы.

Сонымен, тиімді демократизацияның негізгі саяси шарттары ретінде мыналар танылады:

- саясатқа белсене қатысып жүрген азаматтардың көбісі демократияның қоғамдық құндылығын тануда консенсуске келуі;

- олар әлеуметтік-саяси өмірдің демократиялық нормалар мен процедураларын өз еркімен және саналы түрде қабылдауы.

Д. Растоу демократияның бұл алғышартын қысқа да нұсқа тұжырымдады. Оны «ұлттық бірліктің болуы» және де «ұлттық бірлікті олар санасыздық деңгейінде іштей сезіп мойындайды» деп белгіледі <sup>1</sup>.

Көптеген елдердің саясаттанушылары соңғы жылдары тоталитарлық және автолитарлық режимдердің демократиялық режимге ауысу мәселелерін зерттеу нәтижесінде қазіргі замандық саясаттанудың бағыттарына елеулі өзгерістер енгізді.

Еске алатын болсақ, З. Бзежинский мен С. Хантингтон 1964 жылы шығарған «Политическая власть: США и СССР» деген кітабында «демократия мен тоталитаризм ұлы державалар үлгісінде, тіпті демократия жағымды болғанымен тоталитаризм одан ұтымды қызмет ету мүмкін» деген ой тұжырымын көрсеткен. Демек, тоталитаризм өзгермейді дегенді меңзейді.

Мұндай қорытындыға келудің себебі, 60-70 жылдары кейбір Америка елдеріндегі демократиялық режимдердің күйреуі негіз болды. Сол кезеңде Латын Америкасында әскери диктатуралардың толқыны күшейе түсті. Мысалы – Чилиде. Ал кейбір әскери диктатура орнаған Ангола, Мозамбик, Эфиопия сияқты елдер социалистік бағытқа көшті.

70-жылдардың бас кезінде Грецияда, Португалияда және Испанияда авторитарлық режим ретінде жойылды.

80-жылдары Аргентинаның әскери басшылары биліктен бас тартса, Бразилияның әскери басшылары әскери режимді демократиялық режимге көшіре бастады.

Ал 1989 жылы Шығыс Еуропаның көптеген елдері тоталитарлық режимнен демократияға ауысуды бастады. Олардан кейін кейбір кеңестік одақ елдері де осы үдерісті жалғастырды.

Міне осы оқиғалар саясаттанушылардың алдына, демократиялық

<sup>1</sup> Растоу Д.А. Переходы к демократии : политика динамической модели // Политология : Хрестоматия / под. ред. М.А. Василюка. - М., 1999. - С.658.

емес режимдер қалайша демократияға өзгере алады деген маңызды мәселені көтерді.

Қазіргі саясаттану ғылымында мұндай трансформацияның бірнеше жолдары көрсетілген:

- Бірінші жол – ол жоғарыдан реформалау. Мұның мәні, авторитарлық басшының оппозицияның ықпалсыз өз еркімен демократиялық өзгерістерді енгізуден көрінеді. Мысалы, Турция – 1960 ж., Бразилия – 1964 ж.

- Екінші жол – авторитарлық режимнің капитуляциясын мойындау нәтижесінде демократизацияландыруға мәжбүр болу. Мысалы, Греция – 1974 ж., Кипр – 1982 ж. Немесе, Аргентина әскери басшылары Фолкленд аралын Ұлыбританияға қайтару нәтижесінде олар биліктен бас тартып, оны азаматтық үкіметке берді.

- Үшінші жол – бұрынғы билік басындағы саяси күштер мен оппозицияның өзара келісімімен бірегейлі реформа жасау арқылы демократияға көшу. Мысалы, диктатор Франкодан кейінгі Испания. Немесе, 1989 жылдан кейінгі Польша, Венгрия, Болгария мен Оңтүстік Корея.

Осы айтқандарды қорытатын болсақ, онда демократияға көшу бейбіт жағдайдағы өзгерістердің нәтижесінде мүмкін. Ешбір революциялық жол демократияға апара алмайды. Революциялық жол демократиялық емес режимнің бір түрінен екінші түріне әкеледі. Мысалы, Ресейде – монархия – Кеңес үкіметі; Қытайда – авторитарлық Чан Кайши – коммунистік режим; Иран революциясы – шах билігіне – теократияға әкелгені белгілі.

Саяси ғылымда түрлі елдерде демократия құрудың нұсқаларының қорытындысы ретіндегі синтездік моделін жасаудың ұмтылысы бар. Мұндай ұмтылыстың бірін А. Ю. Мельвиль көрсеткен болатын. Оның пікірінше, демократияға өтудің моделі кейбір жетістікті жағдайларды белгілі бір логика мен оқиғаларға байланысты<sup>1</sup>.

Бұл мәселені келесі жағдайлардан көруге болады. Мысалы, Оңтүстік Корея мен Латын Американдық демократизациялар жоғарыдан басталған. Демек, реформалар консерваторлардан тұратын басқарушы элиталардың күшімен болғаны белгілі. Мұнда, реформалардың басталуына ең алдымен саяси және әлеуметтік өзгерістерді қатар көздеген алғашқы «либерализация» жолдама берді.

---

<sup>1</sup> Мельвиль А.Ю. Демократические транзиты, транзитологические теории и посткоммунистическая Россия / Политическая наука в России: интеллектуальный поиск и реальность: Хрестоматия / Отв. ред.-сост. А.Д. Воскресенский. – М.: МОНФ, 2000. // <http://www.mgimo.ru/files>

Көпшіліктік ақпарат құралдарына цензура бәсеңдеді, жеке бастың кейбір кепілдіктерін орнату, саяси тұтқындардың көпшілігін босату, т.б. Реформалар біртіндеп жүргізіле отырып, режимнің консерваторлық күштеріне қарсы тұруға тырысты. Мұндай жағдай қоғамдық шиеленістер мен дау-дамайлардың үдеуіне әкелді. Осындай шиеленістердің шешілуі бір саяси күштердің екінші саяси күшті жеңу емес, ол демократизацияның келесі кезеңдерімен, жеңілгендерге белгілі бір кепілдік беру және саяси күрестері туралы екі жақтық келісімге келуінде болды. Жасалған келісімдер негізінде құрылыстық сайлаулар жүргізілді, нәтижесінде билік басына сол реформаны жүргізуші саясатшылар емес, оларға оппозициялық күштер өкілі келді. Осыдан соң «өкілдік сайлаулар» өткізілді, ендігі жерде олар билікті ескі режимді орнатуды көздемейтін бұрынғы элитадан шыққандардың қолына қайтарып берді.

Сонымен, демократиялық процедуралардың институционализациясы жүргізілді. Ол болашақ бірлескен демократияны орнатып құрастырудың негізі болып табылады. Бұл моделдің бір ерекшелігі, ол «демократиялық транзит», формальды демократиялық институттар мен процедуралардан бірден өзіндік нақты демократиялық нәтижелерге жетуді міндет деп санамайды. Сондықтан бұл үдерістің жеке кезеңі ретінде демократияны нығайтып біріктіру фазасын көрсетеді.

Қазіргі саяси ғылымда демократиялық емес режимдерден демократиялық режимдерге өтудің көптеген талдаулық моделдері бар. Мұндай модельдердің алуан түрлі болуы көптеген зерттеушілердің ұсынып отырған методологиялық бағыттармен ғана байланысты емес, ол демократизациялық үдерістердің көп вариантты болуымен де байланысты. Мысалы Оңтүстік Еуропа немесе Латын Америкасы, Азия, Африка және КСРО-ның бұрынғы елдерінің демократиялық режимге өтулері әр түрлі. Сондықтан ол үдерістерді бір жүйеге келтірудің өз мәселесі бар. Егер ғылыми әдебиеттердегі ұсынылып отырған кейбір, біз үшін маңызы бар, модельдерді қарастыратын болсақ, онда мұндай модельді жасаудың алғашқыларының қатарында Д. Растоудың тұрғаны белгілі. Оның пікірінше, демократияға өтудің үш фазасы бар:

- «дайындық фазасы», оның өзіндік белгісі плюрализм емес, саяси мүдделердің поляризациясы;
- «шешімдер қабылдау фазасы», бұл фаза демократиялық тәртіптерді жасалып саналы түрде қабылданып келісімшарттар қабылданады;
- «дағдыласу фазасы», демократиялық құндылықтар, саяси процедуралар мен институттар бекітіледі.

Сондықтан демократизациялау үдерісін жүзеге асырудың ең бір маңызды шарты: ол келісім, бір ымыраға келу. Д. Растоу, демократияға өтудің дәйекті кезеңдерін де көрсетті: ол, демократияның бірден-бір негізі ретінде саналатын ұлттық бірліктен, саяси күрес, келісім, дағдылану арқылы демократияға жету деп есептейді<sup>1</sup>.

Демократияға өтудің өзгеше моделін Г. О. Доннел мен Ф. Шмиттер ұсынды. Бұл модел келесі үш кезеңнен тұрады дейді, олар:

1. Либерализация – билік аппаратын өзгертпестен азаматтық бостандықтарды институционализациялау процесі. Мұның нәтижесі «қамқоршы демократияның» жасалуы (басқаша айтқанда, көп жағдайда әскери аппараттың демократиялық институттарға жасайтын қамқорлығы).

2. Демократизация – демократиялық нормалар мен тәртіптерді институционализациялау кезеңі. Оның тиімді нәтижелігі екі шарттан тұрады: а) бұрынғы авторитарлық режимді бөлшектеу және саяси күштердің саналы түрде демократиялық институттар мен процедураларды таңдап алу; б) демократизация үдерісінде саяси күштердің саналы түрде демократиялық саяси жүйенің негізін қалыптастырушы еркін баламалы сайлауға дайындық жасалады.

3. Азаматтарды қайта әлеуметтендіру – жаңа демократиялық құндылықтарды игеру<sup>2</sup>.

Ендігі жерде демократияға өтудің А. Пшеворский жасаған моделін қарастырсақ, онда ол модель екі кезеңнен тұрады:

1) Либерализациялану. Ол өзінің тұрақсыздығымен және жан-жақты бағытталуымен (жоғарыдан немесе төменнен) сипатталады. Оның нәтижесі бұрынғы авторитарлық режимнің қайта орнауының күшеюі немесе демократизацияның бірінші сатысына өту болады. «Авторитарлық режим ықпалынан босатылу» реформалар арасына келісім жасалған жағдайда (авторитарлық блоктың өз ішінде) жеңіл өтеді. Ондай жағдайда демократизациялау процесі келісім сөз арқылы жүзеге асырылады.

2) Демократизациялану. Бұл кезең өзіндік екі сатысына бөлінеді: «авторитарлық режим ықпалынан босатылу» және «демократиялық басқаруды құрастыру»<sup>1</sup>.

Жалпы алғанда, А. Пшеворскийдің моделі дау-дамай мен келісімге

<sup>1</sup> Растоу Д.А. Переходы к демократии : политика динамической модели / Политология : хрестоматия / Сост. проф. М.А. Василик, доц.М.С.Вершинина.. - М.: Гардарики, 1999. - С.659-666.

<sup>2</sup> Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. – Ставрополь . -2006 // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/>

<sup>1</sup> Пшеворский А. Переходы к демократии / Политология: хрестоматия / Сост. проф. М.А. Василик, доц.М.С.Вершинина.. - М.: Гардарики, 1999. - С.676-681.

жетуге қатысушы саяси күштердің қатынастарының ерекше рөлінің сипатына сүйене жасалған.

Осы қарастырылған модельдерді қорытындай келіп, демократизацияның негізгі кезеңдері мен оларды жүзеге асырудың жалпы логикалық дәйектілігін байқауға болады. Ал екінші жағынан барлық жағдайлар мен нұсқаларды қамтыған түбегейлі модельді жасау әлі мүмкін болмай отыр. Бірақ, ондай талпыныс саяси ғылымда әрқашан болады.

Әлеуметтік және саяси модернизация кезінде мемлекеттің рөлі арта түседі. Себебі ол саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін көптеген кедергілерге қауіпті қоғамдық-саяси құрылыстарға мән беріп отырады.

Мемлекет – модернизациялық үдерістің негізгі агенті және ұйымдастырушысы. Мұндай тарихи кезеңдерде өз мүмкіндігіне сәйкес даму мәселелерін тиімді шешуге ұмтылған авторитарлық режимдер кеңінен таралады. Мысалы, кейбір посткеңестік мемлекеттер.

Саяси ғылымда «даму авторитаризмі» немесе «модернизм авторитаризмі» деген түсінік бар. Модернизм авторитаризмі нақтылы саяси режим типіне тән барлық белгілерді сақтайды: мемлекеттік қоғам алдындағы үстемдігі, легальды оппозицияны шектеу немесе тежеу және т.б.

Солай болғанымен ол өзінің кейбір ерекшеліктерімен анықталады:

- Біріншіден, даму үдерісінің белгілі бір кезеңінде авторитаризм көнімді мемлекет түрін иемденеді де өздігінен өзгеру қабілетін көрсетеді. Бұл жағдайдың себебі – дәстүрлі басқарушы таптан тыс ортадан өзінің әлеуметтік тілегін іздестіруге және өзінің көпшіліктік базасын кеңейтуге мәжбүр болуында. Сондықтан, мемлекет тиісті әлеуметтік топтарды таңдауға, тиімді байланысты жасауға қажет етеді. Принцип жөнінде «модернизация авторитаризмі» саяси либерализмнің кейбір элементтерімен сыйымды болады. Мысалы, саяси партиялардың болуына құқықтық нормалардың типі «еркін» ақпарат құралдарының болуына шыдамдылық танытады. Авторитарлық режимнің бірте-бірте көнімдік дәрежесінің көтерілуі оның демократизациялануына (кей жағдайда өз еркімен, ал кей жағдайда мәжбүрлікпен) модернизациялық үдеріске қаншалықты үйлескені туралы маңызды көрсеткіш болады.

- Екіншіден, авторитарлық саяси жүйенің дамушы қоғамның модернизациялану кезеңінде функционалдық көрсеткіші тиімді экономикалық стратегияны, шетте қалушылықтан шығуға, асығуға бағытталған ұлттық интеграцияны, саяси егемендікті қамтамасыз ету. Мұндай мәселелерді шешуде билік түрлі әдістерді, тіпті репрессиялық әдістерді де қолдануы мүмкін.

- Үшіншіден, даму авторитаризмі қоғамда өзінің жоғары дәрежелі консенсусымен де сипатталады. Себебі, нақты шын модернизацияны жасау оның өз нәтижелерін, қалың әлеуметтік базаға сүйенгендіктен көпшілік ортасына таратуды көздейді. Бірақ осы жағдайда авторитаризмнің мұндай формасының тіршілік етуінің қажеттігі байқалады. Бірінші кезеңде режимнің бірінші болған экономикалық саясаттың, қоғамның әлеуметтік құрылымның өзгеруі, күшті орта таптың пайда болуы сияқты нәтижелер ендігі жерде авторитаризмнің өзін мойындаудың негізін туындатады. Басқарушы режимнен игілік көрген тұрғындардың экономикалық жағдайы қатайған жіктері ендігі жерде мемлекеттің шеттен тыс қамқорлығына жүгіне бастап, сол режимнің легитимдігін жою үдерісіне ұмтылады.

Сондықтан өз күшімен өзін-өзі жоюдың алғы себептерін және демократияға өту жолында жасаған модернизация кейбір елдерде авторитаризмнің ғұмырын қысқартқан болатын. Мысалы – Чили, Түркия, Индонезия. Осы аталған елдерде қоғамды модернизациялауда мемлекеттік екі институт шешуші рөл атқарады. Олар президент институты мен әскер болды.

Р. Даль демократияның мына игіліктердің салдарын атап көрсетті:

- тираниядан (қатар басқарудан) құтылу;
- негізгі құқықтар мен бостандықтарды сақтау;
- тұлғаның бостандығы; өзін-өзі анықтау;
- моральдық автономия;
- тұлғаның даму мүмкіндігі, тұлғаның іргелі мүмкіндіктерін қорғау;
- саяси теңдік;
- бейбітшілікке ұмтылу;
- күресіп-өну.<sup>1</sup>

Жалпы алғанда, саяси модернизация үдерісінің контекстінде маңызды болып тұрған демократияның бірнеше жалпы белгілері бар. Оларға мыналарды жатқызамыз деген пікірді осыған дейін айтқанбыз:

- демократияның пайда болу және қалыптасу үдерісі барлық жерде міндетті түрде бірдей болуға тиіс емес;

- демократизация үдерісі жиі кезде сырттан жасаған түрткіден басталады;

- демократия өзінің қалыптасуының алғашқы сатыларында материалдық өсіп-өнуге әрқашанда мүмкіншілік туғыза алмайды;

- демократия қоғам алдында тұрған әлеуметтік мәселелердің бүкіл жиынтығын бірден тез және тиімді шеше алмайды;

- демократияның бірден сәтті болуы сирек кездеседі;

- демократия өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге міндетті<sup>342</sup>.

<sup>1</sup> Даль Р. О демократии / Пер. с англ. – М., 2000.- С.53-61.

<sup>2</sup> Жұмасұлтанова Ф. Ә., Мырзабекова А.Ш. Постсоветтік кеңістіктегі саяси модернизация / Саяси модернизация пәні бойынша электронды оқу құралы - Қарағанды, 2009.- 37-38 б.б.

Қазіргі кезде тарихи тәжірибе көрсеткендей саяси модернизация қандай да болмасын елдерде көп уақытқа созылатын саяси үдеріс болып саналады. Бұл үдерістің барысында қоғам өмірі ерекше күймен сипатталады. Ол күйдің негізгі көрсеткіштері тұрақсыздық пен дағдарыстар болып табылады. Бүгінгі зерттеулерде саяси модернизациямен қоса жүретін дағдарыстардың негізгі бес түрі анықталған. Олар: сәйкестілік, легитимділік, қатысу, ену, үлестіру.

Осы дағдарыстардың жалпы себептеріне қазіргі оқулықтарда келесі жағдайлар енгізіледі:

- қоғамдардың өтпелі кезеңдегі жағдайларына байланысты жана универсалды стандарттардың және ескі дәстүрлі құндылықтардың арасындағы келіспеушіліктердің болуы;

- жаңа демократиялық институттардың бұрынғы институттармен қатар өмір сүруі;

- бұқара арасында қанағатсыздық күйдің өсуі <sup>1</sup>.

Міне осы көрсеткіштердің бәрі ХХ ғасырдың аяғындағы постсоциалистік елдердегі модернизациялану үдерістерден көрініс тапты.

Орталық және Орталық-шығыс Еуропа елдеріндегі, Ресейдегі және ТМД-нің өзге елдеріндегі саяси модернизацияның өз бағыты бар. Олар посттоталитарлық қоғамдағы демократиялық үдерістермен, оның ерекшеліктерімен және қиындықтарымен байланысты. Әр бір осы елдерде саяси модернизацияның өз мазмұны мен алғышарттары бар.

Посттоталитарлық қалып – бұл батыс үлгілерге ұқсайтын демократияларды қалыптастырудың жай ғана өтпелі кезеңі емес, бұл – дамудың ерекше әлеуметтік-саяси және экономикалық моделі, оның ерекше белгісі ретіндегі эклектикалылығы және болжаусыздығы болып табылады. Бұл модельдің шеңберіндегі саяси трансформацияның ішкі мазмұнын сыртқы ортаның өзгерістігіне бейімделудің формасы ғана деп қарау керек. Олар бюрократиялық корпоратизмге тән кландық, жергіліктік, патрон-клиенттік интеракциялық институттардан шыққан патриархалдық саяси қатынастарға қарай жарым-жартылай регрессияны білдіреді. Оны «керісінше трансформация» деп атауға болады. Бұл үдерісті контр- және антимодернизацияның әдеттегі үлгісі деп қарастыруға болады. Ол батыс либерализм идеологиясының орнын басқан әлеуметтік көңіл қалушылық сатысында пайда болды деген пікірді отандық саясаттанушы М. Машан білдіреді <sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. – Ставрополь . -2006 // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/>

<sup>2</sup> Машан М.С. Политическая модернизация на пост советском пространстве: предварительные итоги // Саясат. -февраль-март.- 2000.-С.65



Постсоциалистік елдердегі саяси модернизацияны талқылау үшін осы қоғамдарда XX ғасырдың 80-жылдардың аяғында болған демократияландыру үдерісінің негізгі бағыттарын білу қажет. Бұл жолда 1989 жылғы Шығыс Еуропа елдерінде (Польша, Чехословакия, Шығыс Германия, Румыния, Венгрия, Болгария сияқты мемлекеттерде) ынтымақтастықтың бұзылуы және «социалистік достастықтың құлауы» саяси сахнада өз орнын алды. Оны келесі оқиғалар арқылы қарастыру қажет: аталған мемлекеттерде демократиялық нарықтық реформаларды өткізудің басталуы; ГДР-да 1989 жылғы қазандағы толқулардың болуы; Берлин дуалының құлауы; Германияда бірігу үдерістің басталуы; Венгрияның нарықтық демократияға бейбіт жолымен көшуі; Венгр социалистік революциялық партиясының қалыптасуы мен дамуы; Польшадағы поляк біріккен жұмысшы партиясының эволюциялық көрсеткіші; В. Ярузельскийдің «дөңгелек үстел» жөніндегі рөлі; Л. Валенсаның «ынтымақтастығы» мәселесі; Румыниядағы Е. Чаушеску диктатурасының құлауы және азаматтық қантөгістің болуы; Болгариядағы болгар коммунистік партиясын реформалауы; Югославиядағы ұлттық-жікшілдік қозғалысының нәтижесінде елдің ыдырауы мен әскери іс-қимылдың болуы.

Осы аталған саяси және тарихи өзгерістерге байланысты Шығыс Еуропа елдерінде XX ғасырдың 90-жылдардың аяғында болған «бархаттық» (тыныш) революциялардың нәтижесі ретінде аталмыш елдердің демократия мен нарыққа көше басталуын айтуға болады. Қазіргі күнде Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің модернизациялық жолдарында әр елдің өз даму болашақтығы бар.

Постсоциалистік елдердегі модернизацияны КСРО-ның ыдырау үдерісімен толық сипаттауға болады. Бұл құбылыстардың түп-тамырлары кеңестік дамудың ерекшеліктерінде жатыр. Кеңестік дамуға «қуып жетуші» модернизация тән болған деген пікір баршылық. Оның мәні-басқарушы кеңестік элитаның батыс елдердің даму қарқынынан, әсіресе, әскери салада, қалып қаламыз деп қорқуында болды. Қару-жарақты жаппай шығару және әскери паритетке жету, бір жағынан Кеңес одағының технологиялық дамуының негізгі қайнар бұлағы болған. Ал, екінші жағынан, кеңестік экономиканың әлеуетіне зиян келтірген аса ауыр салмақ болып шықты.

«Әскери басымдылықты орнату Ресей үшін тарихтың көр тышқаны қазған қақпан-шұңқыр болып шықты. Экономикалық жағынан бұл басымдылықты ұстап тұру, Кеңес Одағын жұтауға, жоқшылыққа ұшыратты. Моральдық жағынан басымдылыққа жету дамудың жұмылдырушы (мобилизациондық) моделінің енді жұмыс

істей алмайтынын көрсетті. Меншік билікпен сақталып жүрген дамудың мобилизациялық моделі күннен-күнге бекер жұмыс істеді және жасампаздыққа жұмылдыру мүмкіндігі күннен-күнге азая берді» - деген пікір қалыптасты<sup>1</sup>. Осының нәтижесінде СОКП-ның билікке монополиясының жойылуы басталды. Онымен тоқтамай СОКП-ның идеологиялық монополиясы да құлады. Сөйтіп СОКП-ның таратылу үдерісі болды және коммунизмнің әлеуметтік-саяси қозғалыс және идеология ретіндегі дағдарысы көзге түсті.

«Қуып жетуші» модернизацияның белгілерінің бірі – оның дискреттігі болды. Кейбір салалардағы техникалық жетістіктер басқа салалардағы межеленіп бөлінуі, альтернативті идеологиялық құндылықтардың пайда болуы, бюрократиялық капитализмнің қалыптасуы – бұның бәрі тоталитарлық саяси жүйені әлеуметтік біріктіруші қызметін атқара алмайтынына апарды. Бірақ кеңес одағының құрылуы және посткеңестік кеңестегі тәуелсіз субъектілердің пайда болуы «қуып жетуші» модернизацияның синдромы әлі өзінің күшінде екенін көрсетті. Оның бірден-бір айырмашылығы – посткеңестік дамудың алғашқы сатысында саяси саламен бірге экономика саласын қамту. Ал вестернизация «жоғарыны» да «төменгіні» де өзіне бағындырып қойды. Бұның барлығы да батыс қоғамының саяси және тұтыну құндылықтардың басты айналдырып жіберетін ықпалының салдары болған. Егер Шығыс Еуропа елдерінде ішкі саяси және әлеуметтік-мәдени жағдай бұл құнды бағыттарының жүзеге асырылуына мүмкіншілік туғызып, саяси либерализация мен нарықтық экономиканың институттарын қалыптастыруға апарса, посткеңестік кеңестікте либералдық модернизациялық үдерістер үстірт, сыртқы сипатын білдірді және негізінде жарық болашақты салуға шақыратын бұрынғы ұрандардың орнын басқа жаңа идеологемалардың деңгейінде ғана белгіленді.

Дамудың осындай жан-жаққа бағыттаудың себебі – бұрынғы социалистік блоктың әлеуметтік-мәдени жағынан бөлініп тұрған социумдардан тұруында. Кеңестік шындықта бұл айырмашылықтар индустриализация мен әлеуметтік өмірді унификациялау арқылы теңестіріледі. С. Хантингтон айтқандай, «... модернизация – бұл біртектілікке апаратын үдеріс»<sup>1</sup>.

Посткеңестік кеңестікте дәстүрлі, патриархалдық байланыстардың

<sup>1</sup> Красильщиков В.А. Эволюция теории модернизации // Модернизация: мировой опыт и современный Казахстан. Материалы респ. Научно-теор. – конф. 20-21 апреля 1995г.4.1.- Алматы, 1995.- С.22.

<sup>1</sup> Хантингтон С. Демократиялық процестің болашағы / Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. «Мәдени мұра бағдарламасы»: Т.8 – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2007.

реанимациясы «модернити» идеологиясымен қатар жүрді. Осы себептен псевдодемократияның пайда болуы антимодернизациялық (антидемократиялық) үрдісті тудырды. Саяси және экономикалық салаларда «модернитидің» дискредитациясы көзге түсті. Контрмодернизация тұжырымдамасы пайда болды. Ол үшінші жолды ұсынды: посткеңестік мемлекеттер жергілікті ерекшеліктерді есепке алып өз жолын табу керек болды. Оның басты көрсеткіші саяси саналуандықтың (плюрализмнің) қалыптасуы. Осы саяси өзгерістердің сипатында ТМД елдерінде көппартиялық жүйелер қалыптаса бастады. Бұл да демократиялық жаңарудың белгілі көрсеткіші болады.

Бұрынғы кеңестік мемлекеттерде патерналистік, этатистік саяси мәдениеттің түп-тамырлары күшті болғандықтан, күшті мемлекеттік билік туралы талап қойылды. Зерттеушілердің көбісі А. Мигранянный теориясымен келісті. Ол тоталитаризмнен демократияға қарай жол авторитаризм, немесе «басқарулы демократия» арқылы өту керек деген еді<sup>2</sup>.

Посткеңестік мемлекеттердің саяси дамуын талдап, авторитаризмнен демократияға өтудің синтездік моделін Ресей ғалымы О. Г. Харитоновна ұсынды. Оның моделі төрт негізгі сатыдан құрастырылған:

- азаматтық бостандықтарды институционализациялауды болжайтын, саяси өмірді либерализациялау сатысы;
- бұрынғы саяси жүйенің өміршең емес институттарын бөлшектеп бұзу;
- демократиялық режимнің нормаларын, процедураларымен институттарының орнатылғандығын дәлелдейтін демократизация. Оның негізгі белгісі ретінде еркін сайлаулар мен демократиялық саяси жүйенің бірігіп нығайуы болып саналады;
- азаматтарды жаңа саяси жүйеге қайта әлеуметтендіру.

Бұл моделдің мазмұнына сәйкес О. Г. Харитонованың пікірінше демократияға өтудің екі схемасын анықтауға болады: кооперативтік және бәсекелестік<sup>1</sup>.

Кооперативтік схема, саяси режимді біртіндеп дәйекті түрде либерализациялап, бұрынғы ескі режимнің өміршең емес институттарын бірегейлі тәртіппен бөлшектеп, ал жарамдыларын сақтай отырып жаңа демократиялық институттар мен тұрғындарды қайта әлеуметтендіруді көздейді.

<sup>2</sup> Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. – Ставрополь. - 2006 // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/>

<sup>1</sup> Харитоновна О.Г. Генезис демократии попытки реконструкции логики транзитологических моделей. // Полис. -1996. - №5. - С.71-73.

Бұл моделі саяси күштер келісімінің нәтижесі болғандықтан, ол қонымды деп есептеледі.

Ал, бәсекелестік схема болса, авторитарлық «дертке» шалдыққан. Бұл схема, либерализацияны, жаңа демократиялық институттарды күштеп енгізіп орнатуды, бұрынғы саяси жүйенің ыдырауына, тіпті жоғарыдан да төменнен де жасалған қарсылыққа қарамастан әрекет етуді көздейді. Мұндай модель жедел және үстірт либерализациямен демократиялық сайлауларды өткізуді қолдағандықтан, нәтижесінде ескі элитаны биліктен шеттетеді. Сондықтан, жаңа институттардың әлсіздігінен демократиялық емес режимнің қайта жаңартылуы мүмкін.

Ендігі жерде, нақтырақ қарастыратын бірден бір күрделі мәселе, ол қазіргі замандық авторитарлық режимдерден демократияға өту мәселесі болып табылады.

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер үшін отандық саясаттанушы М. С. Машанның пікірі бойынша: «демократиялық институттардың әлсіздігі немесе жоқтығы тән, либерализм мен демократиялық қоғамдық құрылыстың тәжірибесі жоқ. Бұл жағдайда биліктің дисперсиясының, яғни оны бөліп-бөліп жіберудің ықтималдығы аз. Ол үшін белсенді әлеуметтік-саяси субъектілер болу керек, олар басқаруға өз конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға қабілетті болу керек және сол үшін барлық жағдай болу керек»<sup>2</sup>. Осы себептен посткеңестік мемлекеттер басқарудың президенттік нысанын орнатады, яғни күшті мемлекеттік билікті талап етеді.

Қазіргі таңда көптеген дамып келе жатқан елдердің қатарында, посткеңестік республикалардың тәжірибесі көрсеткендей, либералдық құрылымның элементтерінің мөлшерін көбейту псевдодемократияға апарды. Л. Даймондтың пікірі бойынша, «.....осындай режимдер электоралдық демократияның конституциялық белгілерінің көбісіне ие болады, оларда ресми түрде оппозициялық партиялар жұмыс істейді, бірақ олар демократия үшін міндетті қасиеттен айырылған: бұл – басқарушы партияның қолын биіктен қағып жіберуге қабілетті адам (электоралдық) бақталастық»<sup>3</sup>.

Кеңестік қоғамға жалған қазіргі замандық тән болған. Бұл қоғамда техникалық негізінде, экстенсивтік модернизацияның (индустриализацияның) элементтері тоқталып қалған дәстүрлі қатынастардың арасында шағын арал болып тұратын. Кеңес одағы

<sup>2</sup> Машан М.С. Политическая модернизация на пост советском пространстве: предварительные итоги // Саясат. -февраль-март.- 2000.-С.69

<sup>3</sup> Даймонд Л. Прошла ли «третья волна» демократизации // Полис.- 1999.- №1. - С.15.

құлдырағаннан кейін «жалған қазіргі замандық» демократиялық қазіргі замандықтың имитациясына, яғни еліктеуге, алдамшыға айналды.

Псевдодемократияның көлеңкесі посткеңестік саяси трансформация үдерістерінің аясында анық көрінетін болды. Посткеңестік трансформация «тоталитаризм-демократия» делінген түзу бағыттағы дамудың «прокруст төсегіне сыймады». Сондықтан посттоталитарлық дамудың логикасын посткоммунистік трансформация теориясы мен өзіндік ерекшелік концепциясының негізінде анықтау қажет болды. Ол үшін жүйелі әлеуметтік-экономикалық және саяси эволюция үдерісіне эндогендік (ішінен) және экзогендік (сыртынан) әсер тигізіп тұрған бастауларға үніліп қарау керек болды.

Сөйтіп «сындарлы» модернизация туралы тұжырымдамалар қалыптасты: саяси құрылымның батыс модел дәстүрлерді, саяси тәжірибені және қоғамның әлеуметтік-экономикалық бөлінуін, жергілікті ерекшеліктерін есепке алмай механикалық түрде көшіріп алуға болмайды. Неомодернизация теориясы жергілікті дәстүрдің маңызды модернизациялық мүмкіндіктеріне назар аударды, яғни дәстүрмен қазіргі заманды біріктіруге шақырды.

Қазіргі кезде посткеңестік кеңістікте үшінші жолды таңдау керек деген пікірлер көп. Бұл жолдың негізінде «сындарлы модернизм» жатыр: қазіргі заманды халықтың ұлттық-мәдени сәйкестігімен біріктіру, ұлттық мүмкіншіліктерін саяси элитаның стратегиялық даналығымен қосу. Сонымен қатар, посткеңестік кеңістіктегі өзгерістер «жаңартуды қуып жетуші» басқа көптеген елдер үшін де тән болатын процестермен типологиялық тұрғыдан ұқсас және де жаңарту парадигмасының терминдерімен түсіндірілуі мүмкін деген пікірмен келісуге болады <sup>1</sup>. Бұл жолда, зерттеушілер саяси модернизацияның түрлі тұжырымдамаларын ұсынып әрі жете зерттей келе, оны қазіргі заманғы саяси жүйелерді орнықтыру мен даму үрдісін жүзеге асырудың бірден-бір нағыз тиімді құралы ретінде қарастырады.

Жоғарда айтылғандардың бәрін қорытындылай келетін болсақ, онда мынадай тұжырымды айтпақпыз: қазіргі күндерде посткеңестік мемлекеттердің көпшілігінде саяси жүйелер әлі де өтпелі кезеңді бастан кешіп жатыр, ондағы саяси модернизация қоғамдағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, дағдарыстардың алдын алып, әлеуметтік салада қордаланған сауалдарды шешіп, бүкіл саяси жүйені демократияландыруға ықпал етуде.

<sup>1</sup> Гельман В.Я. Постсоветские политические трансформации: наброски к теории // Полис.- 2001.- №1. - С. 18.

## **2-тарау бойынша студенттерге өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Табиғи модернизация түсінігін анықтаңыз.
2. АҚШ-тағы саяси модернизацияның жалпы сипаттамасы.
3. Франциядағы модернизация кезеңдерін анықтау.
4. Англиядағы саяси модернизацияның алғы шарттарына сипаттама беріңіз.
5. Германиядағы және басқа да дамыған елдердегі модернизация үдерістерінің салдары.
6. Бейтабиғи модернизация түсінігін беріңіз
7. Модернизацияның қытайлық моделі.
8. Авторитарлық жағдайда кең көлемдегі консенсус негізінде модернизациялау (Оңтүстік-Шығыс- Азия елдері).
9. Ресейдегі модернизация тәжірибесін көрсетіңіз.
10. Тоталитарлық саяси жүйе аясындағы модернизациясын сипаттау.
11. КСРО-дағы модернизацияның көріністерін атаңыз.
12. Посткоммунистік трансформацияның түсінігін беріңіз.
13. Посткоммунистік трансформацияның белгілерін атаңыз.
14. «Қуып жетуші» модернизацияның белгелерін анықтаңыз.
15. «Қуып жетуші» модернизацияның және псевдодемократия ұғымдарды салыстырып көріңіз
16. Сындарлы модернизацияның белгілерін көрсетіңіз.
17. Орталық және Орталық-шығыс Европа елдеріндегі саяси модернизацияның мәні.
18. Ресейдегі және ТМД-нің өзге елдеріндегі саяси модернизацияның ерекшеліктері.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасындағы саяси модернизацияның ерекшеліктері**

#### **3.1 Қазақстан қоғамының ұласуының әлеуметтік-экономикалық негіздері**

Посткеңестік мемлекеттердің көпшілігінде саяси жүйелер әлі де өтпелі кезеңді бастан кешіп жатыр, ондағы саяси модернизация қоғамдағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, дағдарыстардың алдын алып, әлеуметтік сала қордаланған сауалдарды шешіп, бүкіл саяси жүйені демократияландыруға ықпал етуде. Қазақстанның әлеуметтік және саяси трансформациялану мәселелеріне арналған И. Тасмағамбетовтың еңбектерінде атап көрсетілген: «Қазіргі кезде Қазақстан қоғамының саяси, экономикалық, әлеуметтік негіздері терең өзгерістер үдерісін басынан кешуде. Қазақстандағы саяси қайта құру ісі КСРО кезеңінде басталғанымен, оның бүгінгі тарихындағы ірі оқиға – бірінші кезекте еліміздің дербес саяси даму бағытын анықтап берген мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткіземіз», - деген пікірімен толық келісуге болады және Қазақстанның мемлекеттік сәйкестілік принципін де айта кетуге болады<sup>1</sup>.

Қазақстанның мемлекеттік сәйкестігі оның дербес тәуелсіз мемлекет болуымен байланысты. «Мемлекеттік сәйкестілік мемлекеттің барлық бөліктерінің тәуелсіз мемлекет белгілеріне сәйкестікті білдіреді», - деп ресми концепцияда тұжырымдалады.<sup>2</sup>

Мемлекеттік сәйкестікке ұмтылу мемлекеттің белгілі моделін таңдаумен және жүзеге асыруымен байланысты. Бұл модель мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси дамуының жағдайына сәйкес келуге тиіс. Бұл ойды былай түсіну керек: мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы (яғни халық) мемлекет лидерінің жүргізген саясатын, идеологиясын, институттарын қолдайды. Мемлекеттік сәйкестіліктің үш өзара байланысты белгілері бар:

1) азаматтық сәйкестілік, яғни азаматтар өздеріне өзі тәуелсіз мемлекеттердегі бірыңғай халықтың бөлігі ретінде баға береді;

2) барлық саяси күштер өзі-өздерін осы мемлекеттің игілігі үшін бірі-бірімен қарым-қатынас жасайтын күштер деп бағалайды;

3) елді тәуелсіз мемлекет деп дүниежүзілік қауымдастық жағынан да, жеке мүшелері жағынан да тану және бағалау.

<sup>1</sup> Тасмағамбетов И.Н. Социальная политика и политическая трансформация. – Алматы, 1997.- С.130.

<sup>2</sup> Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан // Казахстанская правда.- 1996. - 29 мая.

Қазақстанның саяси модернизациясының жолдарын Президент Н. Ә. Назарбаев бірінші сәтте 1992 жылы тұжырымдап берген. Онда ол саяси модернизация саясат саласындағы мынадай стратегияның мақсаттарымен байланысты деп тұжырымдады:

- жас егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытындағы дамуы;

- демократиялық өзгерістерді тереңдететін және көп ұлтты қоғамды топтастыруға жағдай туғызатын жаңа саяси қайраткерлер мен лидерлер ұсынатын көппартиялы жүйе құру;

- басты саяси мақсат ретінде, әсіресе өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

- геосаяси тұрғыдан өзін айқындауды ескере отырып, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көпжақты және әртүрлі нұсқадағы әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау <sup>401</sup>.

Қазақстан Республикасының жалпы жер көлемі 3 млн. шаршы км-ге жуық. Оның мемлекеттік аумағы (Ресей Федерациясын қоспағанда) бұрынғы 13 одақтық республикаларын тұтас алған жер көлемінен әлдеқайда көп.

Республика аумағында Франция, Испания, Швеция, Германия, Финляндия, Италия және Ұлы Британия сияқты Еуропаның жеті ірі мемлекеттерді сиғызуға болар еді. Табиғи ресурстардың қоры жағынан да Қазақстан Республикасы алғашқы орында тұр. Ал халықтың орналасу жиілігіне келетін болсақ, 1 шаршы км-ге орташа 6 адамнан келеді. Бұл басқа мемлекеттерден әлдеқайда төмен. Мысалы, Англиямен салыстырғанда 5 есе.

Қазақстан Республикасының аумағында 120 ұлттың өкілі еңбек етіп, елдің болашақ іргесін қалап жатыр. Жергілікті ұлт өкілі – қазақтар. Қазақстан Республикасының 17 миллионнан тұратын халық санының жартысын қазақтар құрайды (43,2%). Ал қалған қазақстандықтарды орыстар (36,4%), украин (5,2%), неміс (4,1%), өзбек (2,2%), татар (2%) және ұйғыр, корей, әзербайжан ұлтының өкілдері (0,6-1% аралығында) құрайды. Бірақ олар Қазақстан аумағында біркелкі орналаспаған.

Сондықтан осындай алуан түрлі ұлт мүдделерін мемлекет тарапынан үйлестірудің қиындығы, елде ұлттық және азаматтық теңдіктің сенімді кепілдіктерін қалыптастыру, сонымен қатар тарихи тұрғыда қалыптасқан аумақтық тұтастығын сақтау қажеттігі Қазақстан үшін басқарудың президенттік нысанын таңдауға себеп болды.

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы.- Алматы, 1992.- 5-29 бет



Сонымен қатар, қазір біз елімізде әр түрлі әлеуметтік, экономикалық реформалар жүріп жатқанына куәміз. Олар міндетті түрде саяси модернизацияға әкелетіні белгілі.

Қазіргі жағдайдағы саяси модернизация көбіне демократияландыруды білдіреді. Бүгінгі күндерде демократизация үрдісі барлық әлемді қамтып жатыр деп деуге болады. Мысалы, Ресейдегі «Бостандық үйінің» мәліметтеріне қарағанда қазіргі 120-дан астам елдерді демократиялық елдерге жатқызуға болады. Бірақ көптеген мамандардың ойынша, демократияландыру үрдісінің сандық өсуі, белгілі бір қайыршылықтарға да әкелуі мүмкін. Олардың пікірінше, жаңа демократиялық мемлекеттермен қатар классикалық түрде демократия дамыған елдер де өздерінің негізгі институттарын сақтап қалуы үшін көп қиыншылықтарға ұрынады.

Қазіргі кейбір саяси зерттеулерде «демократияның демократизациялануы» туралы мәселелер көп қозғалады. Ал демократия жолына жаңа түскен елдерге демократияның консолидация мәселесі қиынға түсіп отыр. Көп жағдайда бұл мәселе көпке дейін шешілмей, жағымсыз нәтижелерге әкеледі.

Біздің елімізде саяси модернизациясының жаңа кезеңі осы мәселені шешуде жатыр. Демократиялық институттар қазіргі саяси салада үйреншікті бөлікке айналды. Мысалы бүгін біз саяси өмірді парламентсіз, партиялық бәсекелістіксіз, оппозициялық БАҚ-сыз елестете алмаймыз. Әрине, біз әлі классикалық демократияның өлшемдеріне толық сәйкес келмейміз. Белгілі социолог «Нью Суик» басылымының бас редакторы Ф. Закарияның айтуы бойынша: «Жаңа демократияны стандарттарға сәйкестендіріп сипаттауға болмайды. Өйткені бұл стандарттарға Батыс елдерінің көбісі 30 жыл бұрын тіпті сәйкес келмеген»<sup>411</sup>. Бірақ, біздің елімізде бұған қарамастан, біраз өзгерістер болып жатқанына бәріміз куәміз және де Елбасшымыз айтқандай, бұл жолдан таймаймыз.

Н. Назарбаев өзінің 2008 жылыдағы Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі елімізде болып жатқан өзгерістерді былай бейнелеп көрсеткен: «Өткен жыл Қазақстан үшін жан-жақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында тағы бір сенімді ілгері қадам жасаған жыл болды. Қазақстан 2008 жылды жаңа экономикалық жетістіктерімен, жаңарған саяси құрылымымен қарсы алды. Ел Конституциясына енгізілген өзгерістер Парламент пен саяси партиялардың, азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыра түсті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет теңдестірілген негізде парламент сайлауы

<sup>1</sup> Сейсенова Н. Концепт «демократии» в контексте политической модернизации транзитных государств // Саясат. - 2005. - №5.

өткізілді. Сайлауда «Нұр Отан» партиясы айқын басымдықпен жеңіске жетіп, алғаш рет Үкімет жасақтады. Әкімшілік реформа жалғасын тауып, оның аясында мемлекеттік органдар аппараттарының тұрақтылығын нығайтатын жауапты хатшылар институты құрылды»<sup>2</sup>.

Қазіргі уақытта саясатты барлық адамдар түсінеді деген пікір қалыптасуда. Сондықтан экономикалық мәселеге қарағанда, саяси салада «эксперттер» өте көп. Себебі, адамдардың көбісі экономикалық көсеткіштердің өсуі үшін белгілі бір материалдар мен қаржылық және адам ресурстарының қажеттігінің болуын түсінеді. Ал саясатқа келсек, модернизацияға қажет ресурстар есепке алынбайды. Алайда, демократизация бағытындағы саяси модернизация алуан түрлі ресурстарсыз мүмкін еместігін есепке алу қажет. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, саяси модернизацияның мүмкіндіктерін есепке алмаған жағдайларда, орныққан тәртіпті өзгерту демократияға емес, қоғамның тұрақсыздығына әкеліп соғады. Бұл мәселе Н. Назарбаевтың сипаттамаларында да көрініс табады. Оның ойынша, мұндай саясат фальстартқа әкелуі мүмкін. Оның нәтижесінде қоғам дамуы ондаған жылдарға кейін шегерілуі мүмкін.

Саяси ойдың классигі Алексис Де Токвиль ХІХ ғасырдың 30-жылдарында жазған «Демократия в Америке» деген еңбегінде АҚШ пен Франциядағы демократияны салыстыра отырып, демократизациядағы екі жолының нәтижелерін көрсеткені мәлім. Мұнда А. Токвиль Американың моделі сәтті болды деп есептейді, себебі Америкада демократия әртүрлі ассоциацияларға және елдің жалпы ұлттық құндылықтарымен келісетін орта тапқа сүйенген. Ал Францияда бұл ресурстары жоқ болғандықтан, демократияны енгізу әрекеттері қанды соғысқа айналды<sup>1</sup>.

Әлемдік демократизация тарихының нәтижелерін қорыта отырып Ф. Закария мынадай тұжырымға келеді: «тез арада қабылданған шешімдер мен қысқа жолдар демократияға әкелмейді». Мұндай жолдармен демократияны құруға мүмкін еместігі демократияның өз ерекшеліктеріне байланысты. Ол өте күрделі құрылым, сондықтан демократияның орнығуы үшін уақыт және белгілі ресурстар қажет.

Кезінде С. Липсет мынадай тезис құрды: «Егер де ұлттың әлеуметтік жағдайы жоғары болса (яғни бай болса), онда демократияның тұрақталуы мүмкіндіктері де жоғарылай түседі».

<sup>2</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2008 ж., 16 ақпан // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

<sup>1</sup> Токвиль А. Демократия в Америке – М., 1992.

Бұл тезис кейін көптеген зерттеушілермен дәлелденді. Мысалы, А. Пшеворский мен Ф. Лимонь 1950-1990 ж.ж. аралығындағы әлемдік халықтың әлеуметтік жағдайы мен демократияның арақатынасын зерттей келе, мынадай шешімге келеді: «Адам басына шыққанда табыс мөлшері 1500 долларды құрайтын елдерде демократия аз уақыт ішінде сәтсіздікке ұшырады, ал 3000 долларды құраған елдерде демократизация мүмкіндіктері жоғарылай түсті. Ал 6000 долларды құрайтын елдерде демократия толығымен орнықты. 9000 долларды құрайтын елдердің ешқайсысы әлі дағдарысқа ұшыраған емес»<sup>2</sup>. Міне осы мысалдар елдегі экономика салаларының дамуы саяси модернизацияның алдында болу керек екенін көздейді. Өз халқына жоғары өмір деңгейін қамтамасыз ете алмаған елдер орта тап бейнесіндегі тірегінен айрылады.

Демократизацияның тарихы мен оның сәтсіз және сәтті мысалдардың анализі экономикалық факторлармен қатар тұрақты демократияны орнату үшін үлкен мән әлеуметтік капиталда да жатыр. Әлеуметтік капитал – мақсаттарға жетуге байланысты адамдардың қоғамдық ұйымдарға бірігу мүмкіндіктері болып табылады. Демократияға сәйкес әлеуметтік капиталдың құрылуы үшін ұзақ уақыт пен азаматтық қоғам қажет. Ұрпақтардың өмірінде жиналған әлеуметтік капитал бір жағынан демократия дамуының қайнар көзі болса, екінші жағынан оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қоғамда әлеуметтік капиталдың аз болуы тез байқалмайды. Бірақ ол экономикалық фактор сияқты демократияның дамуын шектейді.

Демократия тұрақтылығының келесі бір шарты – азаматтық мәдениеттің болуы. Азаматтық мәдениет жауапты, белсенді адамдарды қалыптастырады және қоғамда компромисті, толеранттылық мінез-құлықтарды тәрбиелейді. Бұл мәдениетті игеру үшін, әрине, ұзақ уақыт қажет.

Сонымен қатар саяси модернизацияның негізгі ресурстарының бірі – мықты саяси билік. Тек қана осындай билік модернизацияның біртіндеп жүруіне қажетті жағдайлар туғызады. Бұның негізінде «плюрализм инфрақұрылымы» дәстүрінің болмаған елдердің өздерінде оны қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі кездегі Шығыс Азиядағы көп демократиялардың саяси тұрақтылығының көрінісі мықты билікпен қамтамасыз етілгені айқын. Бұл елдерде мықты орталықтырылған биліктің сақталуына байланысты біртіндеп жүрген модернизация тұрақты демократияның құрылуына әкелгені көрінеді.

---

<sup>2</sup> Сейсенова Н. Концепт «демократии» в контексте политической модернизации транзитных государств // Саясат. – 2005. - №5.

Саяси модернизация қарқынының өсуіне қойылатын талаптар әртүрлі себептермен түсіндіріледі. Мысалы, кейбір саяси топтардың билікке қызығушылықтарының әсері, геосаяси факторлар және т.б. себептер.

Ал біздің елімізде демократияның даму ресурстарында белгілі бір экономикалық алғышарттарының және саяси тұрақтылықтың бар екенін байқаймыз. Бірақ оған тиісті әлеуметтік капиталды және азаматтық мәдениетті әлі де дамыту қажет. Ол үшін бізде, әрине, уақыт пен шыдамдылық болу керек.

Қазақстанда жаңа мемлекеттілік құрылымды қалыптастыру үшін бір-бірімен іліктес үш негізгі мақсаттарды шешу қажет болды. Олар: кеңес жүйесінің ыдырау үдерістерінің ықпалын жеңу; билікті әр түрлі топтармен өте күрделі қарсыластыққа әкелетін идеялық саяси күрестен алшақтату; қоғамның тұрақтылығын сақтау.

Қазақстанның осы маңызды ерекшелігі саяси модернизацияның «жоғарыдан төменге қарай» жүруін анықтайды. Бұл үдерісте жетекші рөлді Президент және басқарушы элита ойнайды. Саяси элита модернизацияның агентісі ретінде қызмет етеді.

Қазіргі заманда постиндустриялық қоғамда модернизацияның өлшемдері болып төрт негізгі институттар шығады: бәсекелескен (конкуренттік) экономика, өкілетті демократия, әлеуметтік мемлекет және жаппай көпшіліктің тұтынуы. Қазақстандық транзиттік қоғам осы институттарды дамытуға тырысып, батыс елдерді қуып жеткісі келді. Модернизацияның бірінші кезеңінде нарықтық реформалар жүргізілді және қоғамның «жаңа байлар» мен «жаңа кедейлерге» бөлінуі бірден көзге түсті. Көптеген әлеуметтік топтар түбегейлі нарықтық өзгерістерден кейін қайыршылыққа ұшырап қалды. «Жаңа кедейлердің» қатарына интеллигенцияның біршама топтары да қосылды. Сонымен, модернизация үшін төлеген әлеуметтік құн жоғары болды, яғни көпшіліктің азап шеккені ауыр болғаны көрінді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарында модернизация үдерісінде ең бірінші қатарда әлеуметтік сала қирап қалды.

Экономиканың деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым адамдардың көбісі модернизациядан азап шегіп, оның құнын төлейді. Отандық зерттеуші Ф. Жармакинаның айтуынша: «Қазақстандық модернизацияның жетістіктерін тек қана кейін келген ұрпақ пайдаланалады деуге көзіміз әбден жетіп тұр. Егер модернизация курьер поездің жылдамдығымен жүріп келе жатса («шок варианты» бойынша), онда тек қана ең дарынды немесе мәртебелердің тобы осы поездің

төменгі баспалдағына ілініп мініп кетеді, яғни модернизацияланады, ал одан қалып қойғандар бітпес сары уайымға батады»<sup>1</sup>.

2000 ж. бүкіл әлемдік банк Қазақстанды табысы орта деңгейіне жеткен (756-дан 2995 доллар) дамып келе жатқан ел деп таныса да, негізгі әлеуметтік көрсеткіштер әлі төмен деңгейде тұр деп бағалаған. Мысалы, 2002 жылы өмірдің төмен сапасы және кедей жұрттың көбеюі 34,6 пайызға жетті. Ал 2001 жылы жұмыс болмаудың жоғары деңгейі байқалды, жұмыс таппай жүргендердің саны Қазақстанда 780,3 мың адамға жетті, немесе 10,4%<sup>2</sup>.

Осы себептен модернизацияның «шок терапиялық нұсқасы», яғни нарыққа бірден өтудің кемшіліктері көзге түсті. Онжылдықтың ішінде жүргізілген реформалардың нәтижесінде Қазақстанда әлеуметтіліктің әр түрлі типтерінің, экономикалық және технологиялық укладтардың, қоғамдық қатынастардың қырық құрауы қалыптасты.

Қазақстанға егеменді мемлекет ретінде дамуының алғашқы күндерінен бастап модернизациялық оңтайлы модельдерін табу қажет болды. Мұнда негізгі мақсат саяси жүйенің тұрақтылығын сақтау, тиянақты дамудың мүмкіндіктерін қолдану және белгісіздіктің қауіптілігін төмендету сияқты мақсаттар алдыңғы қатарға шықты. Осы міндеттерді шешу үшін мықты президенттік билікті таңдау қажеттілігі пайда болды. Аталған фактор елімізде ХХ ғасырдың соңғы онжылдықта басталған модернизациялық үрдістердің негізіне айналды. Оның дәлелі болып Елбасымыз ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарлама болып табылады. Оны дамудың ұзақ мерзімді басымдықтарды жүзеге асырудың посткеңестік алаңдағы алғашқы бағдарламалардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы саяси модернизацияның жылдағы жолдары Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайын халыққа Жолдауында нақтыланып көрсетіліп отырады. Мұнда «Қазақстан-2030» бағдарламасы ерекше орын алып отыр. Бұл бағдарламада 7 басымдықтары көрсетілген:

- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы;
- шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары

ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу;

- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты;
- энергетика ресурстары;

<sup>1</sup> Жармакина Ф. Социальная цена казахстанской модернизации // Саясат. - 2003. - №8. - С.2.

<sup>2</sup> Классификация стран по уровням дохода и регионам 2000г. Доклад о мировом развитии 2000-2001гг. Наступление на бизнес // Весь мир. Всемирный банк, 2001. - С. 360-361.

- инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс;
- кәсіби мемлекет.

Осылардың ішінде бірінші орында мемлекеттік егеменділікті сақтау үшін ұлттық қауіпсіздік қойылды: «Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстан егеменді мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету».<sup>3</sup>

Саясаттанушы И. Н. Тасмағамбетов республикамыздағы саяси модернизацияның бағытын сипаттауда мынандай қортынды жасаған болатын: «Саяси партиялардың толық кемеліне келмеуіне қарамастан, саяси жүйені өзгертудің демократиялық жолы бар екендігін айтуға болады, ол қазір қоғамдық құрылыстың монистік түрінен плюралистік түріне өтуді қажет етуде. Біздің ойымызша, Қазақстанда саяси дамудың барлық үш жалпы жүйелік қасиеті де толығымен көрініс береді»<sup>1</sup>.

Анығырақ айтқанда, ол саяси дамудың мынадай үш жүйелік қасиетін атап өтеді. Біріншіден, саяси институттар функцияналдық дифференциацияға және мамандануға бет бұрған (биліктің бөлінуі, партиялық-саяси жүйенің жариялылығы); екіншіден, ұлттық сана-сезімнің даму үдерісі, тәуелсіз мемлекеттік құрылымдарды құру ісі жүріп жатыр; үшіншіден, мемлекет пен қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғам арасында келіссөздер жүруде, яғни сайлаушыларды саяси істерге қатыстыруда саяси партиялар мен қозғалыстардың араласуымен жұмылдыру механизмі пайда болуда.

Қорытып айтқанда, Қазақстандағы алғашқы кезеңдегі саяси модернизацияның ерекшеліктері мен негіздері елдің егемендікке жетуінен және президенттік басқару нысанымен байланысты болды. Оның нәтижесінде Қазақстан өз мемлекеттік сәйкестілігіне ие болып тұр, оның саяси режимі – шектеулі авторитаризмді білдіретін либералдық-демократиялық көрінісі бар.

Қазақстанның саяси модернизациясының бірінші кезеңі «қуып жетуші» модернизацияның жолымен жүрсе, қазіргі кезеңі - «сындарлы модернизацияның» белгілерін білдіреді, өйткені саяси мәдениеттің ерекшеліктерін есепке алады. Саяси модернизация «жоғарыдан төменге қарай» жүргізіліп жатыр. Бұл үдерістің агенті – саяси элита.

<sup>3</sup> Назарбаев Н. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.- Алматы. 1998. - 33 бет.

<sup>1</sup> Тасмағамбетов И.Н. Социальная политика и политическая трансформация. - Алматы. 1997. - С.237.

### 3.2 Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің ұластыру ерекшеліктері

Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялап, социалистік жүйеден бас тартқан уақыттан бастап, саяси модернизацияның жолына түскен болатын. Саяси өмірде жүйелік, сапалық өзгерістер қарқынды жүре бастады. Дәстүрлі қоғамнан (социалистік) жаңа жағдайларға бейімделу, өту үдерістері үздіксіз жүргізілді. Мемлекеттік жүйе түбегейлі өзгерді, жеке меншік пайда болды. Өзін-өзі еңбекпен қамтамасыз ете алатын тұрғындардың саны көбейді, нарыққа ерік берілді. Ол қоғам өмірінің либерализация жағдайынан көрініс тапты. Шетелдік инвестицияның келуі, қоғамның саяси санасына да оңды ықпал етті. Осындай жағдайда жаңа саяси жүйе саналуан мүдделердің басын қосып қана қоймай, жаңа әлеуметтік топтардың талаптарының мүддесінен шығып, әлеуметтік жағынан әркелкі қоғамның тұтастығын қатамасыз етуі керек болатын.

Сол бір тарихи кезеңдегі қазақстандықтардың самарқаулығы, посткеңестік болмыс пен мінез, сондай-ақ, кеңестік қазақ элитасының өзін-өзі сақтап қалуға талпынған әрекеттері өзгеше қазақстандық жолды таңдауға мәжбүрлеген еді. Саяси реформаларды төменнен емес, жоғарыдан реттеуге тура келді және ол талпыныс сәтті шықты.

Саяси модернизацияға байланысты Г. Алмонд пен Л. Пайдың классикалық анықтамасына сүйенсек, Қазақстандағы саяси дамудың үздіксіз жетілуінің үлгісі ретінде көруге әбден болады. Оң өзгерістер мемлекеттік ағзаның тұрақтылығы мен тиімділігіне кепіл болып отырды.

Классикалық теория бойынша саяси модернизацияның үш белгісін бөле-жара атауға болады:

1) Саяси жүйе институттарының құрылымдық айырмашылығы және олардың міндет бөлінісі.

Қазақстанда бұл сипат келесі жағдайлардан көрінген болатын:

- мемлекеттік жүйе орнықты, басқарушы орталықтардың міндеттері мен өкілеттіктері айқындалды;

- билік бұтақтары бөлінді, негізгі заңдық базасы жасалынды.

- мемлекеттік басқару түрі анық - күшті президенттік билікке басымдық беретін президенттік республика орнатылды;

2) Саяси жүйенің өмір сүру және топтаса білу қабілетінің өсуі. Қазақстанда бұл мәселені былай анықтауға болады:

- билік 20 жыл ішінде, өзі тап болған түрлі кедергілер мен тәуекелдерге қарамастан, өмір сүру қабілетінің аса жоғары екенін дәлелдеп келеді.

3) Тең құқылыққа, тепе-теңдікке ұмтылыс.

Қазіргі Қазақстанда заңдық тұрғыдан азаматтардың теңдігіне кепілдік берілген, алайда, жемқорлық, жершілдік, заңдардың өз деңгейінде орындалмауы наразылық туғызары анық көрінеді. Сондай-ақ, мемлекеттік идеология заң алдында барлығы тең әрі жауапты деген ұстанымнан ауытқыған емес.

Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизацияның мәселелерін көрсету үшін оның саяси үдерісі барысындағы кезеңдерін білу керек.

Посткеңестік Қазақстанның саяси үдерісі отанымызда белгілі ғалымдардың пікірі бойынша үш кезеңге бөлінеді:

1) 1985ж.-1991ж. аяғы. Ұлттық идеяның басым болу кезеңі;

2) 1992ж.-2002(2005)жж. Мемлекеттік-саяси идеяның басым болу кезеңі;

3) 2002ж.-2005ж. кейін. Әлеуметтік-экономикалық парадигманың үстем болу кезеңі <sup>1</sup>.

Бұл жолда ұлттық идеяның басым болу кезеңі 1985 жылдан бастап 1991жылға дейін созылды. Оның мынадай белгілерін атап көрсетуге болады:

- саяси үдерістің орталығына ұлттық талаптарды ұсыну, ұлттық сана-сезімнің дамуы;

- одақтық орталық пен ұлттық республикалар арасында биліктің қорларын тоқтаусыз қайта бөлу;

- этникалық белгілерді саясаттандыру, «орталық-периферия» арасындағы қатынастарды орыстар мен қазақтардың қатынастарына жатқызу;

- мемлекеттік егемендік мақсатына жетуде ұлттық элиталарды халық пен сезімдерінің бірлігі;

- ұлттық идеяға негізделген саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың (РПК, «Азат», «Алаш», «Лад», Казачества және т.б.) көтеріңкі белсенділігі және партиялық жүйеде (ПНЕК, ПНКК) этноұлттық центризм (орталықтық) феноменнің пайда болуы;

- мемлекеттік сипаты туралы ұлттық және азаматтық Концепцияларды (тұжырымдамаларды) жақтаушылардың бір-біріне қарсы тұруы;

- ұлттың қайта өрлеуі туралы идеяның мемлекеттік тәуелсіздікті алудың шеңберімен шектеу.

1985-1991 жж. ұлттық идея саяси процестің басымды қозғаушысы (мотивациясы) болған. Бірақ оның жаңғырығы 1995 ж. дейін естіліп жатты.

<sup>1</sup> Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана в 2-х томах. 2 том. - Алматы, 2001. – С.120-122



Мысалы: қос азаматтық мәселе жайындағы, орыс тілінің мәртебесі туралы және мемлекеттілік сипатын Конституция жағынан анықтауы туралы жүргізілген саяси күрес түрінде.

Әрине, бұл ұлтты жұмылдырудың (мобилизациялаудың) 1991 ж. кейін пайдаланылмайтындығын белгілемейді. Әшейін ол мемлекеттік саяси парадигмамен артқа қарай ығыстырылып, саяси үдерістің басымды факторынан оның фонына айналды.

Мемлекеттік-саяси идеяның басымды болу кезеңі (1992-2002 жж.) деп Қазақстанның тәуелсіз саяси жүйесінің институтционализация кезеңін айтуға болады. Оның белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- қалыптасқан жағдайға сәйкес басқару нысанымен байланысты мәселелерді шешу және саяси үдерістің орталығына мемлекеттік билік құрылымын реформаландыруды ұсыну;

- билік қорларын (ресурстарын) биліктің тармақтары мен деңгейлердің арасында тоқтаусыз қайта бөлу;

- ең күшті мүдделі топтардың арасында өзінің ықпалына бағындырып қоятын салаларды бөлу әрекетін жасап қарау;

- билік пен халықтың арасындағы үйлеспеуінің асқынып кетуі және соған сәйкес «билік-халық» оппозиция құрылымының қалыптасуы;

- ұлттық идеяға негізделген саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің әлсіреуі және жойылуы, радикалдардан бастап («Алаш», «Азат», «Лад», РПК, Казачества) центристерге дейін (ПНЕК, ПНКК);

- Президент пен саяси режимді қолдау идеяға сүйеніп қалыптасқан мобилизацияланатын типтегі партияның («Отан») үстем болуы;

- саяси тап ұйымының мемлекеттік емес, партиялық нысандардың перифериялық орны.

Белгілі отандық саясаттанушы М. Машанның 2000 жылдың басында болжамдар жасай отырып, 2005 жылдан кейін әлеуметтік-экономикалық парадигманың басым болу кезеңінде мынадай белгілер пайда болады деген еді:

- саяси үдерістің орталығына әлеуметтік және экономикалық талаптар ұсынылады;

- халық пен биліктің арасында дәнекерлердің пайда болуы белсендетіле түседі. Олар – партиялар, қозғалыстар және лидерлер түрінде өздерін білдіреді;

- халықтық (публикалық) саясаттың қайта өрлеуі электоралды және мемлекет аппараттық саясатшылардың ықпал етуін қайта бөлу;

- «билік-халық» оппозиция құрылымының схемасын өзгерту, басқарушы элитаның солшыл және оңшыл жақтарына бөлінуі;

- солшыл контрэлитаның институционализациясы;

- шынайы экономикалық және әлеуметтік мүдделерге негізделген саяси партиялардың үстем болуы (азаматтық, коммунистік партиялардың), жаңа партиялар да қалыптасуы мүмкін <sup>1</sup>.

Саяси модернизацияның үшінші кезеңі әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға бағытталған мүдделі топтардың үстем болуын білдіреді. Дәл осы екінші және үшінші кезеңдердің аралығындағы өту кезеңі Қазақстанның саяси модернизациясының тарихында маңызды рөлді атқарды және саяси үдерістің басты субъектісін алмастыру, бюрократиялық аппараттың орнына мүдделі топтардың келуі, реформалардың сәтті болуына ықпал етті деп айтуға болады. Осыдан саяси модернизацияның үшінші кезеңі, яғни 2005 ж. кейінгі уақытта, әлеуметтік модернизациямен тығыз байланысты болатынын көзге анық көрініп тұр.

Жалпы алғанда, үшінші кезең саяси модернизация «жоғардан төменге қарай» және де «төменнен жоғары қарай жүреді».

Сонымен, бірінші кезеңде модернизацияның негізгі субъектісі ұлт болса, екінші кезеңде - бюрократиялық аппарат болды, үшінші кезеңде - мүдделі топтар алға шығуы мүмкін деген болжамдар қазіргі сәттерде елімізде көрініс табуға деп пайымдауға болады.

Тәуелсіздік алған алғашқы кезден бастап, елде болып жатқан өзгерістерді талдау арқылы Қазақстан басшысы өзінің назарын болашақтың бағытын айқындауға аударды. Атап айтқанда, Елбасы Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы жарық көрген «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде жаңа тарихи жағдайға байланысты еліміздің егемен мемлекет болуының стратегиялық міндеттерін көрсетіп берді. Онда айтылған кейбір маңызды қағидалар мен тұжырымдар тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясында көрініс тапты.

Бұдан кейін мемлекет алдында бой көтерген жаңа тактикалық мақсаттардың іске асу шаралары белгіленді. Оны Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің 1993 жылы жазған «Қазақстанның болашағы – қоғамдық-идеялық бірлігінде» деген еңбегінде ашып берді. Мұнда Президент тәуелсіз еліміздің одан әрі күшейіп, нығаюында қоғамдық ынтымақтастық пен жарастықты іске асырудың жолдарын анықтады <sup>2</sup>.

1996 жылы жарық көрген «Ғасырлар тоғысында», одан кейін 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» атты аса күрделі еңбектерінде Н. Ә. Назарбаев қазақ халқының өткені мен кеткенін, оның бүкіл тарихын

<sup>1</sup> Машан М. Роль субъекта в политической модернизации // Евразийское сообщество.- 2000. -№4 (32). - С. 21-22.

<sup>2</sup> Назарбаев Н. Қазақстанның болашағы - қоғамдық-идеялық бірлігінде. – Алматы, 1993.

ой елегінен өткізіп, өз болжамдарын ашық көрсетеді. Бұл еңбектерінде ол қазақтардың арғы төркіні мен шығу тегін, даму жолдарын әлемдік құрылыстар шеңберінде, солармен тығыз байланысты қарау керектігін ғылыми тұрғыда тұжырымдайды.

Сөйтіп тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалаушы, Елбасы алғашқы күннен-ақ елдің алдына нақты да қарапайым мақсат қойған еді. Ол – либералды құқықтық мемлекет құру, оның жаңа саяси жүйесін дамыту. Сол мақсатты орындау жолында дамыған әлемдегі озық дәстүрлерді ұстанудың қажеттілігі туындады. Бұл даму жолдың стратегиясын мемлекетіміздің алғашқы Президенті өзінің жылдағы отандық халыққа арналған жолдауларында бекітіп отырды. Оған дәлел болатын 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», 2009 жылдағы «Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында»<sup>1</sup>, сондай-ақ, биылғы 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының бағыты» атты жолдауларды атауға болады<sup>2</sup>. Осындай стратегиялық құжаттардың ішінде, сөз жоқ, аса маңыздысы – 1997 жылы қабылданған «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы. Мұнда Елбасы барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы үшін 7 негізгі ұзақ мерзімдегі басымдықтарды атайды<sup>3</sup>. Оларды біз жоғарыда көрсеттік.

Қазіргі уақытта біздің елімізде саяси модернизацияның жаңа кезеңі басталып отырғанын байқауға болады. Бұл жөнінде ҚР Президенті Н. Назарбаев соңғы жылдардағы Қазақстан халқына арналған жолдауларында өз пікірлерін білдірген. Мысалы, 2006 жылғы жолдауында ол жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын жариялап, «тәуелсіздіктің он бесінші жылында Қазақстан да дамудың жаңа кезеңіне аяқ басып отыр» деп тұжырымдады<sup>4</sup>.

Ал, 2007 жылдың 28 ақпандағы Президенттің жолдауы Отанымызда толық саяси модернизация мәселелерін жетілдіруге арналған болатын. Бұл жолдау «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталады. Қазақстан халқына осы мәселе жөнінде Н. Назарбаев өз ойларын жеткізе білді. Оның айтуынша, жаңа Қазақстан өзінің дербес даму жолын таңдап,

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2009 ж., 6 наурыз // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz);

<sup>2</sup> Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының бағыты / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2012ж., 27 қаңтар // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

<sup>3</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997.

<sup>4</sup> Назарбаев Н. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы / ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.- 2006, 2 наурыз.

жылдан жылға әлемдік қоғамдастықта барған сайын зор құрмет пен беделге қол жеткізе отырып, алға қарай нық сеніммен ілгеріліп келеді.

Сонымен қатар, Республика Президенті Қазақстандық дамудың жаңа кезеңін талдауда, оның жан-жақты жаңғыртуды жеделдетуін талап етеді. Осыған сәйкес, ол өз жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттері мен мақсаттарын анықтады. «Қазіргі кездегі өзгерістердің біз үшін басты мақсаты - дейді ел басшысы, - биліктің бір мезгілде елде саяси тұрақтылықты сақтап, біздің азаматтардың барлық Конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қатамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатын осы заманғы демократиялық пішініне қарай қадам басу болып табылады»<sup>1</sup>. Бұл мәселені шешу үшін Президент Үкіметке 2030 Стратегиясының негізгі қағидаларын жаңа кезеңде дамытатын біраз міндеттерді дәйектілікпен шешуді тапсырды және аса маңызды 30 бағытты атап өтті. Олардың ішінде, ерекше орын алатын, жаңа кезеңнің талабына қарай саяси және әкімшілік жүйесін дамыту қажеттілігін қарастырылады.

Аталған Жолдауда Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің ұластыруына байланысты билікті орталықсыздандыру принципін дамыту идеясы жарияланған. Н. Назарбаевтің пікірі бойынша, билікті орталықсыздандыру және өкілдікті өз объектілерімен тікелей байланыс жұмыс істеуді төмендеу деңгейлерге берудің айқындылығы сөзсіз көзге түсіп тұр. Сондықтан орталық және басқа мемлекеттік органдар енді әрқашанда іс жүзінде өздерінің керектігін және пайда тигізе алатындығын дәлелдеуге мәжбүр болады және де орталықсыздандыру орталықтан шеткі аймақтарға қарай, мемлекеттен жеке секторға қарай жүру керек, сонымен бірге тікелей министрліктердің ішінде де болуға тиіс деп тұжырымдалған жолдауда<sup>2</sup>.

Әрине, бұл мәселеге Н. Назарбаев бұрыннан бастап назар аударғаны белгілі. Мысалы, елбасы экономиканы жедел түрде дамытуда, Қазақстанның саяси және әлеуметтік модернизациясы жолында ойластырылған қадамдар қажеттігі жөнінде айтады. Мұнда транзиттік қоғамның демократияландыру мақсатымен, мемлекеттік басқару жүйесінің модернизациясы ерекшелінеді. Ол мемлекеттік биліктің тармақталуы және де органың билік функцияларын жергілікті орындарға табыстауды білдіреді. Әкімдерді сайлауды ең алдымен

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.- 2007, 1 наурыз.

<sup>2</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997.- 79 б.

ауылды жерлерден бастап, кейін аймақтың және облыстың деңгейлеріне тарату қажеттілігін ұсынады.

Жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын анықтаған кезде оның негізіне бір тұтастық принципі қаланған, өйткені Қазақстан Республикасы бір тұтас мемлекет болып табылады. Бұл – мемлекеттік егеменділігінің белгісі. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1- бабына сәйкес облыстың, ауданның және қаланың аумағындағы өкілді орган – маслихаттар. Маслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркіндігін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың орындалысын бақылайды.

Конституцияның 87 б., 4т. өзгертулерді енгізу жергілікті мемлекеттік басқарудың реформаландыруын әрі қарай жалғастыруға ниетті екенін білдіреді. Егер бұрын барлық әкімдердің тағайындалуы бір мағынада ұғынып жүргізілсе, енді облыс әкімдерінен бастап және аудандық әкімдері мен аяқтап кәзіргі уақытта кейбір әкімдердің сайлау мүмкіндігі белгіленеді. Облыстардың, Республикалық дәрежедегі қалалардың және астана әкімдерін бұрынғыдай Президент Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша тағайындайды. Конституцияның 87 б., 4т. сәйкес олар «Қазақстан Республикасы Президенті белгіленген тәртіп бойынша қызмет орнына тағайындалады немесе сайланады» дейді. 2001 жылы 23-қаңтарда қабылданған «Жергілікті басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан-2030» деген Президентінің Қазақстан халқына Жолдауындағы және Конституцияға енгізілген өзгертулердегі идеяларды топтап қорытты.<sup>1</sup>

Заң жергілікті өкілді органдардың өкілеттігін күшейтті: маслихаттардың құзіретіне олардың қарамағындағы аймақтың дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарларын, жобаларын жергілікті бюджетпен оларды орындау туралы есепті бекіту, сонымен бірге оларды орындауын бақылау жатады. (Заңның 6 б. 9т. 1тт. Енді маслихат сессиясының шешімі арқылы әкім ұсынған әкімшіаттың персоналдық құрамын келістіреді.)

Жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңның 25 б. сәйкес Маслихат пен оның органдарының әрекетін ұйымдық, құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыздандыру үшін, депутаттарға өз өкілеттігін жүзеге асыруға жәрдем беру үшін маслихаттың аппараты қалыптасады.

<sup>1</sup> Закон Республики Казахстан «О местном государственном управлении» от 23 января 2001г. / <http://online.zakon.kz>

Бұл аппарат жергілікті бюджет есебінен қамтамасыздандырылатын мемлекеттік мекеме түрінде қалыптасады.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың әрекетіне мәнді өзгертулер енгізілді. Заң «Әкімиат» деген жаңа ұғымды енгізді. Әкімиат-коллегиалды атқарушы орган, оны облыстың, ауданның әкімі басқарады, ол өзінің құзыретінің шеңберінде өз қарамығындағы аймақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүргізеді. Әкімиаттың да, маслихаттың да заңды тұлға ретінде құқықтары жоқ. Облыстық және аудандық әкімиаттар ажыратылады.

Жергілікті басқаруды дамытуға және басқаруды орталықсыздандыруға негізгі қадам болып, Амандықова С. К. пікірі бойынша аудандық әкімдердің (облыстық деңгейдегі қалаларда, Астанада) сайлау мүмкіндігі туралы заңының қағидасы шықты. Ауданның әкімдері (облыстық деңгейдегі қалаларда) Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын тәртіпке сәйкес (32-бап) қызмет орнына тағайындалады немесе сайланады, қызмет орнына босатылады, өздерінің өкілеттігін тоқтатады. Бірақ бұл қағида облыс, Астана және республикалық деңгейдегі қалалардың әкімдеріне таралмайды.

2001ж. 23-маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), поселкелердің әкімдерін сайлау туралы» Жарлықты қабылдады. Осы Жарлықпен Президент «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың) поселкелердің әкімдерін сайлау ережелерін» бекітті. Амандықова С. К. пікірі бойынша, эксперимент ретінде ерекше әкімшілік-аймақтық бірліктерге әкімдердің сайланатындығын енгізу әкімдердің сайланатындығы туралы конституциялық норманы жүзеге асырудан басталады. Бұл сайлауды эксперимент ретінде енгізу арқылы мемлекет атқарушы органдарды қалыптастырудың осындай тәсілінің пайдалылығын, тиімділігін тексеріп, оған сенгісі келеді. <sup>1</sup>

Әкімдер жанама сайлау жолымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Ауылдық (селолық) округтың, ауылдың (селоның), поселкенің әкімі 2 жылға сайланады.

1993 жылы Конституция жергілікті өзін-өзі басқару институтын тағайындаған жоқ. Сондықтан ауылдық пен қалалық қауымдастықтардан жұрттың құқықтық субъектілігін шектеді. Олар жергілікті маңызы бар мәселелері өздік түрде шеше алмайтын, өйткені ондай құқығы болған жоқ. Конституция бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті

<sup>1</sup> Амандықова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане. - Караганда, 2002.- С.409.

маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады. Бұл жерде мемлекет тарапынан халыққа жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру еркіндігі беріліп отыр. Алайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының негіздері мен құзіреті шеңбері Парламенттің шығарған заңдарымен реттелінеді деп белгіленген. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» соңғы заң жобасының 4-бабында «Жергілікті қоғамдастықтың үлгі жарғысын Үкімет бекітеді» делінген. Яғни, жергілікті өзін-өзі басқару институтының құзіреті өзіндік және мемлекетпен берілген болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында да жергілікті басқарудың демократиялық енгізуге үлкен зейін қойылып, оның азаматтық қоғам қалыптасуының негізгі құралы мен демократиялық дамуының кепілі деп атап өтіледі. Қазіргі кезде Қазақстанда, саяси жүйесінің либерализациясы, соның ішінде азаматтық қоғам дамуының негізгі құралы болып табылатын жергілікті мемлекеттік басқарудың модернизациясына зейін қойылады. Әкімдердің сайланбалығы жөніндегі мәселе 1998 жылдан бастап қозғалды. Ең алғашқы рет бұл идеяны Елбасы 1998 жылғы халық жолдауында көтерді.

Ең алғашқы рет тәжірибелік қадамдар Алматы Чемолган селосында 2001 жылы болған. Бұл эксперимент 28 ауылды округтерді қамтыды.

Сонымен қатар, 2004 жылы Республикандық «Отан» саяси партиясының VII съезінде Президент Республикада масштабты демократияның өзгерістер идеясын атап өтті. Бұл демократиялық модернизация бағытының ең басты мәселесі - биліктің децентрализациясы, әкімдер сайланбалылығы мен жергілікті басқару институтының енгізуі болып табылатындығын айтуымыз керек. Осы жөнінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 89 тарауында былай бекітіледі: «Жергілікті басқаруды, халық сайлау үдерісі арқылы және де басқа да жергілікті сайлау органдарымен жүзеге асырылады»<sup>2</sup>.

Бұл ойлардың жариялану барысымен саяси модернизацияның динамикасы тез өсті. Уақыттың аздығына қарамастан, алдағы саяси модернизациямен жаңа демократиялық өзгерістерді реттейтін құқықтық ережелер мен заң жобалары дайындалды. Осыған байланысты мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай дамыту үшін, әр түрлі деңгейдегі басқару мен децентрализация мәселелерін айқындайтын заң жобаларына түзетулер жасалды.

---

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы, 1995, 41 бет.

2004 жылы қараша айында «Мемлекеттің басқару деңгейлері өкілеттілігінің бөлінуі мен бюджеттік қатынастар жөніндегі Қазақстан Республикасы кейбір заң жобалары мен актілеріне өзгерістерді енгізу туралы» заң қабылданды. Үкіметпенен де, өз ретінде Парламент Мәжілісіне 120 заң актілеріне өзгерістер енгізілуі жөнінде Заң жобасы ұсынылды. Осы жылдың басында «Мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттілігінің бөлінуі» туралы Заң жобасын дайындауға жұмысшы топ құрылды.

Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет салаларын жаңартуға бағытталған белгілі бір қадамдар жасалды. Бұл саяси модернизация дамытуын негізгі шарттарының бірі. Өтпелі қоғам жағдайында мемлекет пен оның аппараты реформаларды дамытудың құралы болып табылады. Тек қана тиімді мемлекеттік басқару демократиялық өзгерістердің нәтижелі болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттің басқару жүйесін қазіргі кездегі стандарттарға жақындататын, азаматтар мен ұйымдарды мемлекеттік қызметтерге сапалы және жылдам жақындататын «Электрондық үкімет» туралы Жарлық шықты.

«Электронды Үкімет» құрудың негізгі тиімділігі, Интернетке жолдың ашықтығы, ақпараттық коммуникация сапасының білім деңгейінің артуы – мемлекеттік басқару жүйесінің демократиялық модернизациясы. Бұл жолдағы атқарылатын жұмыстар, мемлекеттің басқару құрылымының белгілі бір модельді құруымен, ерекшеленеді. Ол өз ретінде жергілікті басқарудың демократиясына жаңа көшуді жеңілдетеді. Мұндағы басты басымдық – унитарлы мемлекет статусы мен тұтастығын сақтап қалып орталық билігінің әлсіреуіне жол бермеу.

Сонымен, мемлекеттің басқару жүйесінің децентрализациясы мен реформалануы Қазақстанда басталды. Бұл жолдағы нақты қадам – ауыл, село және район әкімдерінің сайланбалығын біртіндеп енгізу. Бұл бағыттағы заң жобаларын Елбасы қабылдады. Мысалы, «Ауыл округтері мен ауылдарда әкімдерді сайлау» туралы, «Экспериментті түрде Қазақстан Республикасы кейбір райондарында сайлау өткізу» туралы заң жобалары. Осы жобаларда, әлемдік тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік басқару жүйесінің децентрализациясы мен реформалануы кезең-кезеңмен жүргізілуі тиістігі анықталды. Этапты ауыл және ауылды аудандарының әкім сайлауы 2005 жылы күзінен 2007 жылға дейін созылды. Одан басқа сайлау Астана мен Алматыда өтпек болатын.

Мәжіліс депутатының Т.Асановтың ойынша қазіргі саяси модернизация жолында ең негізгі мақсат – халық алдында билікті



тиімді, нәтижелі және жауапты ету. Биліктік децентрализациясы азаматтық қоғам мен саяси жүйесін реформалануының негізі болып табылады деген халық өкілі <sup>1</sup>.

Уақыт талабы жергілікті органдық жауапкершілігі мен тәуелсіздігі басқарудың нәтижелігін көтеру, және қызметкерлердің жұмыс сапалығын жоғарылату болып табылады. Бұл әрине елдің экономикасына тиімді әсер етеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда жергілікті жердің өзін-өзі басқару институттарының қызметін реттеу мен жетілдіру қажет. Бұл өз кезегінде азаматтардың ортақ жауапкершілігін арттыратын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару институттарының жұмысын жолға қою, ең алдымен, басты мәселенің шешімін табуға септігін тигізуі керек. Ол – жемқорлық. Жергілікті басқару органдары мен қоғамның өзін-өзі басқаруына мүмкіндіктер туғызу жемқорлық әрекеттердің азаюына алғы шарт болады.

Саяси реформа да, жаңару мен жетілу де мемлекет басшысының бастамаларын науқанға айналдыру деген сөз емес. Президент стратегиялық бағытты таңдап, бекітіп береді, бақылау жасайды. Оны мемлекеттің болашағы мен халықтың игілігі жолында іске асыру, орындау – команданың міндеті. Команданың іс-қимылы Есілдің сол жағасынан ғана көрінетін, қысқа мерзімді, әшекей жобалармен түгесілмегені абзал. Барлық қоғамды жұмылдыратын, елді топтастыратын, үмітін оятып, сенімін орнықтыратын адал еңбек болуы тиіс.

Жалпы саяси модернизация жаңа кезеңінің негізгі мазмұны ол – сайланбалы институттардың көбесінің және билік пен қоғам арасындағы қашықтықты азайту. Мұның мақсаты еліміздегі биліктің жауапкершілігін жоғарылатады және мемлекеттік органдар қызметінің ашық түрде дамуына әкеледі. Сонымен қатар, алдымыздағы уақытта мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарушылықтың өкілеттіліктерін шектеу қажеттілігі маңызды мәселеге айналады да, оны шешу үшін қажетті құқықтық-заңдылық негіздерді енгізу талап етіледі.

Мемлекеттік басқару жүйесінің орталықсыздандыруына байланысты, алдағы дайындық ол - орталық биліктің кейбір өкілеттіліктерін жергілікті деңгейлерге тапсыру үшін қажетті заңдарды өңдеу жұмыстарын енгізеді. Мұның бәрі еліміздегі азаматтық қоғам институттарының қалыптасуына ықпал етеді және саяси модернизация жағдайындағы демократияландыру үдерістерінің ұлғаюымен тереңдетуіне әкелу мүмкін.

<sup>1</sup> Асанов Т. Новый этап политической модернизации в Казахстане // Саясат.- 2005.- № 5.- 76бет.

Саяси модернизацияның қазіргі проблемалары саяси үдерістің екінші кезеңдегі ерекшеліктерімен байланысты. Бұл ерекшеліктер осы кезеңнің субъектісі - бюрократиялық аппарат немесе неонеоменклатуралық элитаның мүдделерін білдіреді. Қазіргі саяси модернизацияның негізгі мәселелері – мемлекеттік биліктің орталықсыздандырылуы, жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзі-өзін басқаруды дамыту. Бұлардың бәрі Қазақстанда демократияны жүзеге асырудың түрлері.

Бүгінгі күнде еліміздегі саяси модернизацияның көрсеткіштерінің бірі ретінде демократиялық саяси жүйенің жаңа институттары қалыптасуын айтуға болады. Оның ішінде: Парламенттік, Президенттік және жаңа жергілікті өзін-өзі басқару институттары.

Қазіргі Қазақстанда олардың ерекшеліктері бар. Мысалы, атқарушы биліктің өкілдік биліктен басым болып шығуы. Екіпалаталы Парламенттің өз артықшылықтары бар. Депутаттар қызметінің құқықтық негіздері Конституция арқылы көрініс табады. Парламенттік қызмет және парламенттік бақылаудың көрсеткіштері да баршылық.

Ал, болжамдарға келгенде, онда 2014 жылға дейін Қазақстанның алдында мынадай мәселелер шығып, өздерін шешуге шақыруы мүмкін деген пікірмен келісуге болатын сияқты. Оған зерттеушілер келесі мәселелерді енгізеді:

- қоғамның бөлшектенуінің (фрагментарлануының) тереңдетіле түсуі;

- саяси элитаның ішінен бөлінуі;

- отандық капиталдың маңайында күрестің шиеленісуі, әртүрлі корпоративтік топтардың мүдделері қатаң қақтығысуы мүмкін;

- ұлттық интеллектуалдық элитаның тіл жағынан бөлінуі: «таза қазақ» элитасына және «орыстанып кеткен» элитасына;

- мемлекеттік басқарудың реформаландыруы жүргізілсе де, ол әлі қажетті тиімділік деңгейіне жете алмады, яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамымай құруы;

- Қазақстан қоғамының батыс демократия құндылықтарынан көңілі қалуы; халықтың кейбір топтарында ұлттық құндылықтырды, тіл мен ұлттық мәдениетті жоғалтуы;

- адамдық әлеуеттің төмендетіліп кетуінің мүмкіндігі, яғни «еркін-нарық» қоғамның «көлеңкесіндегі» атрибуттардың кеңінен таралуы;

- қазіргі Қазақстандық тұрғынның санасының екіге бөлінуі, әлеуметтік жалғыздықтың пайда болуы;

- Қазақстанның ғылым әлеуетінің төмендеп кетуі.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Ашимбаева М., Нысанбаев А., Шаманов А. Независимый Казахстан: новые вызовы, новые перспективы // Саясат. - 2002. - №11. - С. 12-13.

Бұл мәселелерді шешудің жолы – әлеуметтік саясатты күшейту, яғни әлеуметтік модернизацияны жүргізу. Ол үшін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру керек, орта және жоғары білім беру жүйесін, ғылым жүйесін, денсаулық сақтау жүйесін қазіргі күннің талаптарына сәйкес реформаландырып жетілдіру керек. Мұның бәрі тек қана тұрақты саяси жүйенің шеңберінде жүзеге асу мүмкін.

### **3.3 Қазақстанда саяси плюрализмнің дамуы және оның жұртшылық санасына әсер етуі**

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы батыстың плюралистік демократиясын таңдады. Себебі, плюралистік демократия жағдайында саяси жүйенің ең озық және неғұрлым әділетті формалары қалаптасатын еді. Плюралистік демократия қағидасы ел Конституциясында, БАҚ туралы заңда, Саяси партиялар туралы заңда және т.б. заңды актілерде көрініс тапқан.

Плюралистік демократия халықтың қарапайым топтарын билікке тартуды және қатыстыруды мақсат тұтты. Өнеркәсіпті және шаруашылықтың басқа да салаларын басқаруға еңбекші бұқара тікелей араласуға тиісті. Демократия мәні аз санды билеуші топпен бизнес элитаның емес бұқара халықтың әлеуметтік және саяси құқықтарын қорғауда деп есептеді американ саясаттанушылары Э. Хейвуд және Р. А. Даль. Олардың пікірінше, биліктің бір қолда шоғырлануы қауіпті. Сол себепті жергілікті жерлерде өздерінің мәселелерін шешуге қабілетті билік болуы керек. Территориялық биліктің дұрыс қызмет етуін кәсіподақтар мен саяси партиялар ойдағыдай бақылай алады. Билік шеттен тыс шоғырланбай түрлі ұйымдық құрылымға бөлінгені жақсы. Сонда ғана елдегі түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері қорғалады. Плюралистік демократия демократия ұйымдарының институционализациялануына әкеледі. Сонда ғана демократия толыққанды саяси жүйе ретінде жұмыс жасайды деген пікірді білдіреді батыс ғалымдары <sup>1</sup>.

Қазақстандағы шектеулі демократия мен авторитарлық билік радикалистік, сепаратистік, ұлтшыл бағыттағы саяси партиялардың күш алып, ықпалының артуына жол берген жоқ. Бұлай болуын позитивті жетістік ретінде бағалаған жөн. Себебі, енді перманентті билікке таласуға әкелетін «түрлі-түсті революцияларға» жол берілген жоқ.

<sup>1</sup> Хейвуд Э. Политология: учебник: пер. с англ/ Под ред.: Г.Г. Водолазова, В. Ю. Бельского. - 2-е изд.. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, 2005.

Қазақстандағы оппозициялық партиялардың лидерлері мемлекеттік биліктен кеткен бұрынғы чиновниктер мен мемлекеттік функционерлер болғандықтан, олар «түрлі-түсті революциялардың» қауіптілігін және зияндылығын түсінді. «Түрлі-түсті революциялар» жасауды негізгі міндет қылған саяси партиялар белең ала алмады.

Құқықтық мемлекет жағдайындағы демократияны Батыстың ірі саяси партиялары түгел дерлік қолдайды. Себебі, ашық қоғам орнатуға, ақпараттық алмасуға, демократиялық жаңаруға, әр азаматтың өзінің адами және кәсіптік сапаларын ашуына құқықтық мемлекет жағдай туғызады.

Саяси партиялар қызметін құқықтық мемлекет заңмен шектейді. Сонымен қатар құқықтық мемлекет саяси партияларды қорғайды, оның заң шеңберінде өмір сүруіне және қызмет етуіне кепілдік береді. Құқықтық мемлекет жағдайындағы демократияда ешқандай саяси абсолютизмге жол бермейді. Белгілі бір саяси тәртіптің шексіз билікке қол жеткізуі болмайды. Сонымен бірге, мүдделі топтардың билік жолындағы әрекеттері мен күресі перманентті құбылысқа айналады. Сайлаушылардың басым көпшілігінің сеніміне, даусына ие болған саяси партия өкілдері мемлекеттік билікті басқаруға қол жеткізеді. Сондықтан қазақстандық саяси партиялар құқықтық мемлекет жағдайындағы демократия идеясын толық қуаттайды және басшылыққа алады.

Бұл жолда Қазақстанда саяси плюрализмнің даму салдарының бірі – еліміздегі парламентаризм институты.

Қазақстан парламентаризмі тарихының басталуын сөз еткенде әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Біреулер оны патшалық Ресей Думасына қазақ даласының өкілдері сайлануы оқиғасынан бастаса, екіншілері кеңестік дәуірдегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрылуымен байланыстырады.

Қазіргі кәсіби қос палаталы Қазақстан Республикасының Парламенті – еліміздің тәуелсіздігінің жемісі. Қысқа тарихи кезең ішінде еліміздегі өкілді билік тармағы Халық депутаттары Кеңесінен кәсіби қос палаталы Парламентке дейінгі бірнеше онжылдықтарға татитын зор мағыналы жолды жүріп өтті.

XII және XIII шақырылған Жоғарғы Кеңес Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы тарихында ерекше рөл атқарды. Еліміздің мемлекеттік құрылымы мен тәуелсіздігінің негізін белгілейтін бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданып, жас мемлекеттің егемен және тәуелсіз дамуының заңнамалық базасы жасалды. 1993 жылғы 28 қаңтарда он екінші шақырылған Жоғарғы Кеңес кеңестік дәуірден кейінгі Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады.

Сол арқылы республикада ұлттық тәуелсіздікті, азаматтық құқықтар мен бостандықты қамтамасыз етудің, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың жаңа кезеңі басталды. XIII шақырылған Жоғарғы Кеңес депутаттар тұрақты негізде жұмыс істеген алғашқы кәсіби Парламент болды. Осы кезеңде көппартиялылықтың қалыптасуына жағдай жасалды.

Бұл Конституцияға сәйкес Жоғарғы Кеңес аса кең өкілеттіктерге ие болды, бұл билікті бөлісу принципін жүзеге асыруды, тежемелік және теңгермелік жүйесін құруды қиындатты. Бұл өкілді орган Үкіметтің қызметіне көп араласып, тіпті оны алмастыруға да барды.

1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, бұрынғы мемлекеттік құрылыстың кемшіліктері жойылды, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билік бөлінісі принципін жариялады. Онда тежемелік пен теңгермеліктің нақты жүйесі бекітілді.

Қазақстандағы парламентаризм институтының әрі қарай эволюциясы президенттік басқару жүйесінің қалыптасуы аясында өтті. Бұл Қазақстан үшін өзін-өзі ақтаған бірден-бір дұрыс мемлекеттік құрылыс моделі болып шықты. Уақыт пен жағдай ерекшелігі талап еткен күшті билік экономикалық қиындықтардан абыроймен шығуға, батыл түбегейлі реформалар жүргізуге және қысқа ғана мерзім ішінде сәтті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2007 жылғы 16 мамырда Парламент Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде Президентіміз Н. Назарбаев тәуелсіз еліміздің қысқаша тарихын үш кезеңге бөліп, егжей-тегжейлі баяндай келе, еліміздің бүгінгі таңда жаңа шындықпен бетпе-бет келіп отырғанын, саяси жүйені ырықтандырудың қолайлы уақыты келіп жеткенін, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін кәсіби Үкімет пен кәсіби Парламент құрудың да маңызы зор екендігін атап көрсетті <sup>1</sup>.

Президент өзі құрып, жұмысын өзі басқарған Қазақстан Республикасында Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия үлкен жұмыс атқарып, саяси жаңартудың негізгі бағыттары бойынша практикалық ұсыныстар әзірледі. Осы комиссияның жұмысына жоғары баға беруде Елбасымыз республиканың моделін президенттіктен президенттік-парламенттік модельге көшіруді ұсынды. Бұл жөнінде Президенттің келесі сөздеріне назар аудару қажет: «Ал бүгінде елді жаңғырту үдерісінің аса маңызды

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті Парламент Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі. 2007ж. 16 мамыр // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

барша өлшемдері белгіленген кезде және біз оның кері кетпейтінін түсінеміз, кейбір міндеттер мен жауапкершіліктерді Президент пен Парламенттің арасында қайта бөлген жөн болады. Конституцияға республика президенттік болып қалатын, бірақ Парламенттің өкілеттіктері елеулі түрде кеңейетін осындай өзгерістер енгізу жолымен жүруді ұсынамын»<sup>2</sup>.

Мемлекеттік комиссия депутаттардың жартысын мажоритарлық, екінші жартысын - пропорционалдық жүйе бойынша сайлауды ұсынған болатын. Алайда Президент өзінің саяси еркімен одан да әрі қарай барып, Мәжіліс депутаттарын біздің өзіндік ерекшеліктерімізді ескеретін, репрезентативтілікті қамтамасыз ететін пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша сайлауға көшуді ұсынды. Сайлаудың бұл түрі саяси партиялардың дамуына, олардың рөлінің артып, халықтың шынайы ерік-жігерін қамтамасыз етуге жағдай жасай алады.

Елбасының көпшілік тарапынан қолдауға ие болған дұрыс та, терең ойластырылған тағы бір ұсынысы - саны 107 депутатқа дейін ұлғайтылған Мәжілістің 9 депутатын заңға сәйкес Қазақстан халықтары Ассамблеясының сайлауы арқылы болады. Сондай-ақ, Парламенттің жоғары палатасындағы президенттік квотаның саны 7-ден 15-ке дейін ұлғайтылды. Олардың бір бөлігін Қазақстан халықтары Ассамблеясы тиісті консультациялардан кейін тағайындайды. Мұның барлығы әр түрлі этностардың мүдделерін көбірек ескеруге, қоғамның одан әрі бірігуіне, сондай-ақ Қазақстанда тұратын әр түрлі ұлттардың жауапкершіліктерін арттыруға жағдай жасайтын болады. Әрине, сонымен қатар сөзсіз парламенттің де беделі арта түседі.

Н. Ә. Назарбаевтың Парламенттің пайдасына жасаған тағы да бірқатар ұсыныстары жоғары өкілді органның өкілеттігін арттырып, оның рөлі мен беделін көтеруге бағытталған. Олар, атап айтқанда, еліміздің бірқатар орталық атқару органдарын жасақтауға, олардың жұмыстарын бақылауға парламент палаталарының қатысуы, парламенттегі партиялық фракциялар рөлінің күшеюі, Мәжіліс жоқ кезде Сенаттың өзіне заң қабылдау өкілеттілігінің берілуі және т.б.

Тек парламентаризм мәселесімен ғана шектелмей, Елбасымыз ұсынған жалпы саяси жаңғыру шаралары, салмақты да сындарлы саясатпен, байыппен жүргізілетін демократиялық өзгерістер туралы айтар болсақ, ол сөз жоқ, Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына енгізу стратегиясын жүзеге асыру жолындағы нақты қадамдар болып табылады

<sup>2</sup> Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. // Егемен Қазақстан.-2007.-1наурыз

Оның ішінде Қазақстанда саяси плюрализмнің дамуы және оның жұртшылық санасына әсер етуі көп жағынан саяси партияларға байланысты болады.

Саяси жүйе институттарының біріне жататын саяси партиялар саяси мәдениет жеткілікті дамыған кезде пайда болады. Саяси партия «пікірлестердің ұйымдасқан тобы, ол халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, оған мемлекеттік билікке келу немесе оны жүзеге асыруға қатысу арқылы қол жеткізуді мақсат етеді» деп белгіленеді қазіргі оқулықтарда <sup>1</sup>.

Демократиялық қоғамда партияның рөлі ерекше, оларсыз демократиялық саяси жүйенің өмір сүруі мүмкін емес. Бүгінде Шығыстың саяси мәдениетінің Батыстың саяси мәдениетінен артықшылықтары туралы пікірлер кең таралған. Шығыстың саяси мәдениеті дегенде алдымен Қытай, Үнді, Жапония мемлекеттерін атап айтуға болады. Аталған елдердегі саяси мәдениеттің өзгешелігі бірпартиялық жүйеде болса керек. Үндістанда, мысалы, Ұлттық конгресс партиясы жалпы 50-60 жылдан бері билікте. Ал осы елдердің экономикасы бүгінгі қаржы дағдарысына жан-жақты дайын болып шықты. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл жайт Қазақстанға да қатысты.

Қазақстанның саяси жүйесі көппартиялы болғанымен, бүгінгі күні «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы ғана көпшіліктің қолдауына ие болып, ел дамуында жетекші рөлді атқарып отыр.

Демократияның отаны саналатын Батыс тәжірибесіне қарайтын болсақ, АҚШ-тың саяси өмірінде билікке алма-кезек келіп отыратын екі партиялық жүйе қалыптасқан. Олар саясат шегінен шығып, экономикалық, әлеуметтік, отбасылық және басқа да салалардағы көкейкесті мәселелермен де айналысады. Бірақ сыртқы саясатта, адамзат қауымдастығы мүдделері мен мәдени құндылықтары аясында бұл екі партия бірін-бірі ешқашан жоққа шығармайды. Қазақстанда да бүгінгі таңда «Нұр Отан» партиясының жетекшілік рөлінің артып отыруы осы дүниежүзілік үдерістерге тікелей байланысты.

«Нұр Отан» партиясының жетекші саяси күш деңгейіне көтерілуі, еліміздегі саяси, экономикалық қатынастардың тереңдеуіне ықпалы, атқарушы биліктің қызметін бақылаушы органға айнала бастауы, коррупцияға қарсы күресте пәрменді күш екендігін танытуы, бұқара халықпен ашық қарым-қатынас жасауы, өзге де саяси партиялардың бәсекеге қабілетті мүмкіндігін ашып жолбасшы болуы оның, яғни, «Нұр

---

<sup>1</sup> Әбсаттаров Р. Саясаттану және оның проблемалары. Оқу құралы. – Алматы, 2007.

Отанның» кемелденуге бет алған саяси құрылым екендігін аңғартады. Бұл партия басқа бір елге немесе бір жүйеге ұқсауға тырыспай, өзінің айқын бағытынан айнымай, орнықты даму жолынан табылуда.

Бүгінде түрлі үрдістер мен оқиғалардан тұратын республиканың саяси өмірі тек қана ірі саяси партиялардың ғана емес, сонымен қатар, көптеген Үкіметтік емес ұйымдардың құрылуымен де сипатталады. Олар жылдан жылға саяси үдерістерге белсенді түрде ат салысуда: қоғамдық сарапшылар тобын құру бойынша жұмыс істеуде, сонымен қатар, тұрғындардың арасында ағартушылық және әлеуметтік қорғау мәселелерімен айналысуда.

Мысалы, қазіргі зерттеулерде берілген мәлеметтер бойынша Жамбыл облысында әр түрлі бағыттағы 585 үкіметтік емес ұйым жұмыс істеуде, оның ішінде 150-і кейінгі жылдарда тіркелген екен<sup>1</sup>.

Бүгінде саяси партиялар тұрғындардың үлкен тобының мүдделері мен үміттерін білдіруге назар аударуда. Азаматтық қоғамның маңызды институты бола тұрып, олар заңды өкілдікке және халық атынан билік жасауға талаптануда.

Аймақ тұрғындарының жоғары саяси мәдениеті оған тұңғыш тәжірибе ретінде әкімдерді сайлауға белсенді қатысуына мүмкіншілік берді. 2001 жылы табысты өткізілген ауылдық әкімдердің сайлауы өткен жылы Жамбыл, Қордай және Талас аудандарында өткізілген аудандық әкімдерді демократиялық жолмен сайлаудың негізін қалады. Бүгінде әкімдер сайлаушылар алдындағы жауапкершіліктерін жете түсіне отырып, өзекті мәселелерді шешуде өздерінің іс-қимылдарын халықтың ұсыныстарымен салыстыруда.

Бұл үдерістердің заңды жалғасы Мәслихаттардың өкілеттігін кеңейтуге байланысты Конституцияға енгізілген іргелі өзгерістер болып отыр. Алдағы уақыттарда Мәслихаттар еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің өкілетті органының негізі болмақ, оларға жергілікті халықтың талап-тілектерін орындау міндеттері жүктелмек.

Елімізде азаматтық қоғамның белгілеріне қоғамда қалыптасқан әр түрлі формалды емес қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер жатады. Азаматтық қоғамның өз құқықтық негіздері болады. Өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеу, азаматтардың еркін бастамалары және олардың бірлестіктерінің бастамалары принциптерінің өзгергені да байқалады. Республикада үкіметтік емес ұйымдарды дамытудың көптеген проблемалары бар. Соған байланысты Қазақстанда қоғамдық құрылымдардың жеткіліксіз дамуы да көзге түседі.



Демек, оларға қарамастан Қазақстанда саяси модернизация жүргізіліп жатыр деп айтуға болады. Біз енді оны қайтсек жетілдіреміз деген әңгімені қозғауымыз керек. Өйткені, жоғарыда айтқандай, қоғамдық ой мен пікірге төрелік етіп отырғандардың сан түрлі пікір-долбарлары кереғар, қайшылықты. Олардың жаңа саяси модернизациясы мемлекеттік құрылымды өзгертуге алып келуі де мүмкіндік бар.

### 3.4 Қазақстанда саяси мәдениеттің қалыптасуы

Қазіргі саяси ғылым модернизация үдерісін зерттегенде, ол әрбір қоғамның мәдени ерекшеліктеріне сәйкес келу керек деген көзқарасқа сүйенеді. Бұл мәселені зерттеуші Р. Инглегарт былай деп ескертеді: «Мәдени факторларды иелемейтін модельдердің кемістігі айқын көзге түседі».<sup>2</sup> Осы кемістік Қазақстандағы модернизация теориясының алғашқы нұсқалары шеңберінде байқалатын.

Соңғы жылдары Қазақстанда қоғамдық дамудың заңдылықтарын, құбылыстарын, тенденцияларын терең және жүйелі түрде зерттеп қараған еңбектер пайда болды. Л. Байдельдинов, Н. Нысанбаев, Р. Қадыржанов, Е. Іңкәрбаев, М. Машан, Ж. Мурзалин, А. Түлеғұлов, А. Мұсырман және басқа да қазақстандық қоғамтанушылар Қазақстан Республикасындағы модернизациялық үдерістерінің ерекшеліктерін түсінуге зор үлес қосты. Мысалы: Р. Қадыржановтың зерттеулері бойынша, қазіргі кезде Қазақстан жұртының саяси мәдениеті тоталитарлық және автолитарлық өтпелі моделдердің арасындағы қалыпты білдіреді деп тұжырымдалған<sup>1</sup>.

Бүгінгі күні «Саяси мәдениет» терминінің әлеуметтік мазмұны күрделеніп барады. «Саяси мәдениет» деген терминді бірінші болып Американың Г. Алмонд деген саясаттанушы ғалымы айналымға енгізген еді. Алмондқа жүгінсек, тарихи тәжірибе, әлеуметтік қоғамның жадысы мен саясат алаңындағы адам мен оның саяси өмірге ықпалы, саяси әрекеттерге қатысты ұстанған бағыты саяси мәдениет деген ұғымды білдіреді. Саяси мәдениетті адамдардың саяси объектіге психологиялық қатынасының жиынтығы дей келе, саяси мәдениет түрлерін патриархтық, бодандық және қатысу саяси мәдениеті деп бөледі<sup>2</sup>. Ал Ресейдің танымал саясаттанушысы А. С. Панарин

<sup>2</sup> Инглегарт Р. Культурный сдвиг в зрелом индустриальном обществе // Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология. -М.: Академия.-. С.250.

<sup>1</sup> Қадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. –Алматы, 1999.- 137-150 бет.

<sup>2</sup> Алмонд Г. Азаматтық мәдениет // Әлемдік саясаттану антологиясы. Т.7. - Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2007. – 142 б.

америкалық саясаттанушылар Г. Алмонд пен С. Верба ұсынған саяси мәдениет түрлерін бүгінгі күн талабына сай емес деп есептейді. Себебі, ол дүниежүзілік мәдениеттерді өзіне тартып отырған қазіргі заманғы әлем шындығын елемейді және алдын-ала болжауға көнбейтін болашақ қоғамның талаптарына лайықты баға бермейді деп санайды. Осыған орай, А. С. Панарин саяси мәдениеттердің әмбебап, қазіргі заманғы бүкіл адамзатты, құрлықтар мен елдерді қамтитын жаңаша түрлерін ұсынады. Олар – экономикацентристік, социоцентристік және этноцентристік. Осылайша, А. С. Панарин жаңа саяси мәдениеттің басты ұстанымы: «әлеуметтік жеке іс-әрекетке, төмендегілердің саяси шығармашылығына негізделетін әлеуметтік қорғаудың азаматтық идеясы» болуы тиіс деп жазады<sup>3</sup>.

Міне, осындай мақсатқа жетуде тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан қоғамының санасындағы өзгерістер тарихи тағдыр тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен құндылықтарды қайта жаңғыртумен сипатталады. Ол бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді шешуді жүктейді.

Сонымен қатар, тәуелсіздік алған жылдардан кейін еліміздің алдындағы өзекті мәселелердің бірі – жаңа заман талабына жауап бере алатын мемлекеттің ұлттық идеясын жасау мәселесімен қатар, қазіргі модернизациялану жағдайында қоғам өміріндегі ұлттық идеяның алатын орнын анықтап, рухани жетілу, адамгершілікті дамыту, идеологиялық біріктіру қызметтерін кеңейту мүмкіндіктерін іздестіру қажеттілігі туды.

Отандық жас зерттеушілердің пікірлері бойынша қазақстандық көпұлтты қоғамның қазіргі ұлттық даму сатысындағы өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол – «әртүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқан сан-алуан әлеуметтік-мәдени құрылымдардың қатар өмір сүруі және олардың әрқайсысына сәйкес қоғамдық сана мен мінез-құлық үлгісінің пайда болуы.

<sup>3</sup> Панарин А.С. Политология.- М.: «Прспект», 1999. – 276-277 б.б.

Сонымен қатар, бұрынғы концепциялар қайта қаралып, тарихта ұмытылған немесе тоталитарлы кезеңде тыйым салынған құбылыстарды қайта жаңғырту үрдісі байқалуда» деп айтады Г. Жұматаева<sup>1</sup>.

Осылайша, қазіргі қоғамдық өмірдің реформалануы мен демократиялануы жағдайында, Қазақстан Республикасы мен ТМД-да болып жатқан түбегейлі өзгерістер тұсында ұлттық идеяны қалыптастыру – тарихи қажеттілік әрі уақыт талабы болып табылады.

Бұл тұжырымдардан көретініміз, халыққа ортақ бағыт-бағдар беретін ұлттық идеяны қалыптастыру көпұлтты қоғамды біріктірудің маңызды шарты болып табылады. Себебі, өз дамуының белгілі бір шарықтау шыңына жетіп, дамудың түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған кезде кез келген ел өзінің ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді.

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қазақстандық қоғамда да мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс деген пікірталастар қалыптасып отырғандығын аңғаруға болады.

Сонымен бірге, елімізде анағұрлым кең интеграцияны білдіретін «еуразияшылдық» идеясы да кеңінен талқыланды. Сондай-ақ, қоғамның идеялық шоғырлануына септігін тигізетін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы «Қазақстан – 2030» стратегиясы, «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» идеялары да соңғы кездері ресми билік тарапынан да, бейресми ұйымдар тарапынан да пікірталастарды тудырып отыр.

Қазақстан ұлттық идеясында да халықтың түпкі мақсат-мүдделері көрініс табатын болғандықтан, ол жалпы түрде қалыптасқан идея болмауы керек. Оны қалыптастырғанда елдің өзіндік ерекшеліктер мен тарихи тағдыры ескерілуі қажет. Қазақстанның ұлттық идеясы мен оның даму ерекшеліктерін өзіндік ұлттық деңгейде, сонымен қатар, жалпыұлттық және жалпы өркениеттік деңгейде қарастыру керек деген пікірдеміз.

Осылайтылғандарға орай, бүгінгі таңда мемлекетімізге құндылықтық бағдар болатын, болашақтың жарқын жолын анықтайтын ұлттық идея қажет екеніне күмән келтіруге болмайды.

<sup>1</sup> Жұматаева Г. Ұлттық идеяны қалыптастыру мәселелері // Ақиқат.– 2012.– 8 ақпан- / <http://akikatkaz.kz>

Қазақстанның ұлттық идеясы көпұлтты мемлекетіміздің азаматтары мен алыс және жақын шет елдердегі қандастарымыздың жүрегіне жететін, жарқын болашаққа жетелейтін бағдар, рухани деңгейде әрқайсысына демеу болатын қасиетке ие көшбасшы ой-тұжырым болуы керек.

Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында тарих пен мәдениет, әлеуметтік тәжірибелердің маңызы зор. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға сүйену.

Модернизацияның басты өлшемі ретінде әлеуметтік қамтамасыз етудің дамуы шығады. Сондықтан, модернизация табысты болу үшін, оның барысында құндылықтыр мен ресурстарды (қорларды) үйлестіре білу керек. Осы мәселемен байланысты Қазақстанда өз егеменділігіне қол жеткізген алғашқы жылдардан бастап саяси мәдениеттің модернизацияға тигізетін әсері туралы проблемалар қойылатын болды. Бұл кездерде жұрттың саяси мәдениетінің Қазақстандағы саяси тұрақтылығына тигізетін әсері өзінің ерекшеліктерін білдірді. Біріншіден, жұрттың азаматтық саяси мәдениетінің деңгейі әлі төмен болды. Ол – бұрынғы тоталитарлық қоғамның мұрасының нәтижесі және демократиялық мәдениеті тәжірибесінің болмауының жемісі ретінде көрінді. Жұрт саясат саласынан алшақтап, материалдық және жеке мәселелерімен айналысып жүрді. Осындай жағдайда демократияның когнитивтік дағдыларын қалыптастыру қиынға түсті. Жұрттың саясаттан хабар болса да, белсенді түрде саясатқа қатысқысы келмеді. Кейбір адамдар сайлау кезінде саяси абсентеизмді білдірді, сайлауға қатыспады. Бұл жағдай бүгінгі күнде де кездеседі.

Бірақ соның өзінде де, Қазақстандық қоғамның тұрақтылығының саяси-мәдени негіздерінің мүмкіншіліктері мол. Тұрақтылықты сақтауға және саяси модернизацияның жүргізуге жұрттың өлшемді саяси белсенділігі және Қазақстанға тән ұлттық толеранттықтың жоғары деңгейі ерекше әсерін тигізеді.

Модернизация жағдайында демократияны дамыту - бұл демократиялық тәртіпті қоғамдық құрылымда орнықтыру, қоғам мүшелерінің бойына демократиялық саяси мәдениеттің құндылықтары мен ережелерін сіңіру, демократияның негізгі заң талаптарымен үйлесімді жүргізілуі, нарықтық экономиканы дамыту, меншік

қатынастарын реформалау деген сөз. Біздің Елбасымыз айтқандай: «Біз демократия мен сөз бостандығы мәдениетін үйренуге тиіспіз, бұл ұғымдарды орынды-орынсыз пайдалана бермеуге, балаң демократияның келбетіне көлеңке түсірмеуге тиіспіз»<sup>1</sup>.

Нақты демократияның да бірнеше қарапайым ұстанымдары бар. Бұлар - дамыған орта таптың, заңнамалық базаның, нақты азаматтық қоғамның болуы, халықтың саяси мәдениеті, тарихи дәстүрлер мен тиісті геосаяси орта. Мұны ескермейінше, кез келген демократиялық жаңартулар демократияға емес, охлократияға, яғни қарапайым тілмен айтсақ, бейбастық пен жүгенсіздікке, ақыр соңында қақтығыстар мен ыдырауға әкеп тірейді. Өткен ғасырдың басында Ресейдегі Патша билігі осындай күйге түскені белгілі ғой. 1991 жылы Кеңес Одағы да сол кейіпті киді. Тарихтың мұндай тағылымдарын ұмытпау қажет деген пікірмен келісуге де болады <sup>2</sup>.

Осымен байланысты Қазақстандық қоғам демократиялық үрдістерді орнықтыру ісін де өзге елдердің демократиялық құндылықтары мен саяси үрдістерін еш өзгеріссіз қабылдай алмайды. Себебі еліміздің саяси мәдениеті мен дәстүріне негізделген Қазақстандық демократияның өзіне тән ұлттық-мемлекеттік ерекшелігі болатыны сөзсіз. Сәйкесінше, «демократиялық дәстүрлерге елдің бірте-бірте бейімделгенін де құнттаған дұрыс екенін, көршімізден көргеніміздің бәрін сол күйінде көшіре салуға әуестік түбі жақсылыққа апармайтынын ескермесе болмайды», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев ескерткендей, Қазақстандық қоғамға демократиялық саяси жүйені қалыптастырып, дамытуда бүгінгі күнгі ең соңғы үлгілерге көзді жұмып, еліктей бермей, оған шығармашылықпен қарап, тек қолайлы тәжірибелерді қолданудың оң нәтиже беретіні анық. Соған орай, еліміз өткен тарихи кезеңдердің сабақтарын, қазіргі жағдайдың басты мәселелерін және болашағымыздың болжамдарын ескере отырып, қоғамға демократиялық нышандарды орнықтырумен айналысқан жөн.

Ал тұтастай алғанда, Батыс өркениеті болсын, әлде басқалар болсын, өткен кездегідей өздерінің ортақ құндылықтарын күштеп енгізе алмайды. Олар өзге халықтардың саяси-мәдени өзгешеліктері мен санаса отырып қана өз үрдістерін дамытуды ұсына алады. Өз кезегінде Қазақстандық қоғамның даму үлгісі Шығыстың бай мәдени-саяси

<sup>1</sup> Назарбаев Н.Ә. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі - еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту // Егемен Қазақстан. - 2007. - № 128.

<sup>2</sup> Рысбеков Т.З. Президенттік басқару нысаны: әлемдік және отандық тәжірибе / Тарихтағы тұлғаның ролі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Ғыл. Ред. М.Б.Қасымбеков, .Ш.Аязбекова. – Астана:ҚР ТПМ, 2007.-280 б

үрдістерін игеру мен Батыс мәдениеті биігіне көтерілу арқылы біртұтас әлемдік өркениеттің тәжірибесіне негізделуі қажет. Яғни өркениеттер арасында ортақ келісім орнауы тиіс.

Бүгінгі таңда еліміз демократиялық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты деп толық айта аламыз. Бұл күнді ел билігіндегі азаматтар ғана емес, жалпы халық біраздан бері күтіп жүргені рас. Өйткені елдің алыс болашаққа саяси бағыт-бағдарын айқындап, мемлекеттік басқару ісінің нақты тетіктерін өзгертетін құжатты қабылдауға дайындық бірнеше жылдан бері жүргізілді. Біздің Елбасшымыз мамандардың ұзақ уақыт бойында әлемнің ең дамыған елдерінің мемлекеттік басқару үлгісін мұқият зерттеп болып, ұсыныс дайындауына мүмкіндік берді. Президент біздің қандай да бір мемлекеттің қалыбын көшіре салмайтынымызды, бұл үлгі Қазақстанның болмысы тұтастай қатерге алына отырып жасалған өзіндік үлгі екенін, «саяси реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасын» іске асырудың нәтижесі іспетті бұл заң жобасы еліміздің саяси тарихының жаңа да жарқын бетін ашатынын айрықша атап өтті.

Тәуелсіздік жылдарында жаңа азаматтық қоғам қалыптастыру барысында еліміздің саяси жүйесі де тұтастай өзгеріске ұшырады. Жалпы саясаттың өзі де үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс екені белгілі. Саяси жүйенің, халықтың саяси тұтастығының белгісі - мемлекет толыққанды өмір сүріп, қоғам игілігіне қызмет етуі қоғамның тұрақты дамуына байланысты. Ал қоғамның тұрақтылығы мен оның дамуы ең алдымен мемлекеттегі билік жүйелерін реттейтін саяси жүйеге, саяси мәдениетке негізделеді.

Саяси мәдениетте табысты және табыссыз мемлекеттер деген ұғым бар. Қазақстан табысты мемлекеттердің қатарына енді. Бірақ осы үрдісті ары қарай дамыту үшін ұрпақтар сабақтастығымен бірге Елбасымыз ерекше мән беріп айтатын «ұлттық бірлік, ұлттық келісім керек». Қоғамдық келісімді нығайту ел дамуына серпін беріп, мемлекет алдындағы биік міндеттерді ойдағыдай орындаудың негізі болып табылады. ҚР Президенті «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деген 2007 жылғы Жолдауында саяси жүйені дамытуға баса назар аудара отырып, былай деп атап көрсетті: «Жаңа кезеңдегі негізгі міндет - жалпыға танылған демократиялық құндылықтар мен өзіміздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негіздерін одан әрі нығайта беру». Бұл тұрғыда саяси партиялардың рөлін арттыру,

азаматтық қоғам институттарын дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу қажет<sup>1</sup>.

Сонымен, қорытындылай келе, саяси мәдениетті дамыту демократияны орнату жолындағы табысқа жетудің басты кілті болып табылады деген тұжырымға келеміз. Ол үшін қоғам мүшелерінің саясатқа белсенді қатынасуын қамтамасыз ету маңызды. Саясатқа араласу дегеніміз әрбір азаматты саясатшыға айналдыру деген сөз емес. Ол қоғамның әр мүшесі мемлекет өмірінде өзіне тиесілі міндеттерін атқаруы тиіс екенін түсінуіне мүмкіндік беру дегенді білдіреді.

### **3-тарау бойынша студенттерге өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизацияның алғышарттары мен факторлары.
2. Қазақстандағы мемлекеттік сәйкестіліктің өзара байланысты белгілері.
3. Қазақстандағы саяси модернизацияның ерекшеліктері.
4. Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизацияның нәтижелері.
5. Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизация аясындағы саяси мәдениеттің ерекшеліктері.

---

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. / ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.- 2007, 1 наурыз.

## 4-тарау. Пән бойынша оқу-әдістемелік материалдар

### 4.1 Семинар сабақтарының жоспарлары

Кіріспе семинар

*Сұрақтар:*

1. «Саяси даму» және «саяси модернизация» ұғымдары ұқсастығы мен айырмашылығы.

2. Модернизацияны зерттеудегі көзқарастар: тарихи көзқарас, саяси көзқарасы, экономикалық көзқарас.

*Тапсырмалар:*

1. Саяси модернизация пәнінде пайдаланатын ұғымдармен танысу.

2. Модернизацияны зерттеудегі көзқарастарды салыстыру арқылы келесі кестені толтыру:

| Көзқарастар түрі      | Өкілдері | Көзқарастар мазмұны |
|-----------------------|----------|---------------------|
| Тарихи көзқарас       |          |                     |
| Саяси көзқарас        |          |                     |
| Экономикалық көзқарас |          |                     |

**Тақырып: Саяси даму пішіні түріндегі саяси модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. Модернизация теориялары және оның эволюциясы.

2. Модернизация үдерісінің сипаттамалары және жүзеге асырудың мәні.

3. Модернизация модельдері мен типтері.

*Тапсырмалар:*

1. Модернизацияны жүзеге асырудың мәні мен басты бағыттарын қарастыру және саяси ғылымдағы келесі көзқарастарды талдау:

- С. Хантингтонның әлеуметтік институттардың өзгеріске ұшырауы туралы көзқарасы;

- С. Верба, Л. Пайдың қоғамдық психологияның өзгеріске ұшырауы туралы көзқарасы;

- У. Мур, А. Экстайнның қоғамның индустрияландырылуы туралы көзқарасы.

2. Модернизация теориялардың эволюциясына сәйкес келесі кестені толтыру:

| Теорияның даму кезеңдері | Теория өкілдері | Теория мазмұны |
|--------------------------|-----------------|----------------|
| 50-60 ж.ж.               |                 |                |
| 60-70 ж.ж.               |                 |                |



|            |  |  |
|------------|--|--|
| 70-80 ж.ж. |  |  |
| 80-90 ж.ж. |  |  |

**Тақырып: Интеллектуалдық элита және саяси модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. Интеллектуалдық және саяси элиталардың саяси модернизациядағы рөлі.

2. Қазіргі қоғамдағы саяси элитаның әлеуметтік өкілдігі.

*Тапсырмалар:*

1. Интеллигенцияның қазіргі саяси концепцияларын жіктеу

2. Саяси және интеллектуалдық элитаның ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауда келесі кестені толтыру:

|              | Саяси элита | Интеллектуалдық элита |
|--------------|-------------|-----------------------|
| Ұқсастығы    |             |                       |
| Айырмашылығы |             |                       |

**Тақырып: Қоғамдағы саяси модернизациялаудың тарихи қажеттілігі.**

*Сұрақтар:*

1. Модернизациялық үдерістердің алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық, саяси мәдени-идеологиялық факторлар.

2. Дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға көшудің қажеттілігі.

3. Модернизация және өркениет.

*Тапсырмалар:*

1. Қазіргі қоғамдарда саяси басшылықтың, мемлекеттің билік құрылымы мен мазмұнының өзгеруі туралы мәлімет жинау, мысалдар келтіру.

2. Модернизация процесіндегі демократизация, оның ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтарын талдау (таңдау бойынша бір мемлекетті мысалға алу).

3. Дәстүрлі қоғам мен қазіргі қоғам арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін келесі кестені толтыру:

| Сұрақтар                      | Дәстүрлі | Қазіргі |
|-------------------------------|----------|---------|
| Әлеуметтік құрылымның деңгейі |          |         |
| Статустың негіздері           |          |         |
| Рекруттеудің өлшемі           |          |         |

|                   |  |  |
|-------------------|--|--|
| Бағалаудың өлшемі |  |  |
| Эмоциялардың рөлі |  |  |

### **Тақырып: Табиғи модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. АҚШ-тағы табиғи модернизация.
2. Англиядағы табиғи модернизация.
3. Франциядағы табиғи модернизация.
4. «Постмодернизм» және «вестернизация» процесстері.

*Тапсырмалар:*

1. АҚШ-ғы саяси модернизацияның ерекшеліктерін атап, Рузвельттің «жаңа бағыты» реформалары экономиканы мемлекеттік реттеудегі либералдық моделін талдау.
2. АҚШ-тағы кейінгі индустриалдық модернизацияның мысалдарын бейнелеу, презентация арқылы көрсету.
3. Англиядағы консерваторлардың «Дұрыс көзқарас» бағдарламасын талдау.
4. М. Тэтчердің үш консервативтік үкіметі бойынша слайд жасау (1979-1990 ж.ж.).
5. Франциядағы Монненің өнеркәсіпті модернизациялау және жаңғырту жоспарын жазбаша талдау.
6. Де Гольдің күшті президенттік билігі жөнінде мәлемет жинап, талдау.

### **Тақырып: Бейтабиғи модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. Авторитарлық жағдайындағы модернизация.
2. Дамушы елдердегі саяси модернизация жағдайындағы мемлекеттің рөлі.
2. Орталық Америка елдеріндегі модернизация нұсқасы.
3. Заирдегі тоқырау диктатурасы.
4. Модернизацияның Индонезиялық моделі.
5. Чилидегі XX ғасырдың 70 жылдарына дейінгі этикалық модернизация моделі.
- 6.Түрік қоғамдағы модернизациялау үдерістегі әскерилер рөлі.
7. Модернизацияның қытайлық моделі.

*Тапсырмалар:*

1. Саяси модернизацияның авторитарлық-прагматтық теориясымен танысу.

2. Жалған модернизациялау және олигархиялық модернизация ұғымдарды талқылау, сөздікке енгізу.

3. Чили, Туркия және Индонезиядағы саяси модернизация үдерісіне салыстырмалы талдау жасап, кесте құру.

4. Осы елдерде болған модернизациялық тәжірибесінің Қазақстан үшін пайдалығын анықтау.

5. Аталған мемлекеттердегі модернизациялық үдерістерді бейнелейтін тұсаукесерлер жасау.

### **Тақырып: Тоталитарлық саяси жүйе аясындағы модернизация ерекшеліктері.**

*Сұрақтар:*

1. Тоталитаризмнің әлеуметтік – саяси табиғаты мен негіздері.

2. КСРО-дағы тоталитарлық режим және модернизация саяси үдеріс ретінде.

3. КСРО-дағы өркендетудің жаңа тұрпатын іздеу, орталықтадырылған экономиканы жоспарлау және басқару.

*Тапсырмалар:*

1. КСРО-дағы XX ғасырдың басындағы КСРО-да болған өнеркәсіптік модернизацияның көрсеткіштерін бейнелеу (индустриаландыру және ұжымдастыру).

2. КСРО-ның 1936 жылғы конституциясындағы мемлекеттік құрылысты талдау.

### **Тақырып: КСРО -дағы модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. Тоталитарлық саяси жүйеден демократияға көшудің тарихи қажеттілігі.

2. КСРО-дағы әкімшіл-әміршіл жүйенің жандануы.

3. Кеңес одағындағы тоқыраудың жаңа кезеңі.

*Тапсырмалар:*

1. КСРО-дағы Кеңестік үкімет билігі кезіндегі модернизацияның оң және теріс жақтарын жан-жақты сипаттау және келесі кестені толтыру:

| <b>КСРО-дағы модернизациялық іс-әрекеттері</b> | <b>Оң жақтары</b> | <b>Теріс жақтары</b> |
|--|-------------------|----------------------|
| 1.   |                   |                      |
| 2.   |                   |                      |
| 3.   |                   |                      |
| ...  |                   |                      |

2. М. Горбачевтің басқарушылық тұсындағы халықаралық саясаттағы жаңаша ойлау жүйесін сараптау. Оны жазбаша түрде дәлелдеу.

**Тақырып: Постсоциалистік елдердегі саяси модернизация.**

*Сұрақтар:*

1. Постсоциалистік трансформацияның түсінігі мен белгілері.
2. Демократизацияландырудың 3-ші толқынның басталуы. Орталық және Орталық-шығыс Европа елдеріндегі демократиялық процестер.
3. Коммунизмнің әлеуметтік-саяси қозғалыс және идеология ретіндегі дағдарысы.
4. Орталық және Орталық-шығыс Европа елдеріндегі, Ресейдегі және ТМД-нің өзге елдеріндегі саяси модернизацияның ерекшеліктері мен қиындықтары.

*Тапсырмалар:*

1. Қоғамды демократияландыру үдерісінің негізгі бағыттарын көрсету.
2. Демократияға өтуі кезеңдерін У. Ростоудың «Переходы к демократии» атты еңбегі бойынша конспект жасау арқылы талдау.
3. «Қуып жетуші» модернизацияның және псевдodemократия ұғымдарды салыстырып көріңіз.

**Тақырып: Қазақстанда саяси плюрализмнің дамуы және оның жұртшылық санасына әсер етуі.**

*Сұрақтар:*

1. ҚР социумның ұласу жағдайындағы партиялық жүйенің қалыптасуы және оның плюралистік көрсеткіші.
2. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың идеологиялық бағдарламалары.
3. Қазақстан саяси жүйесіндегі Парламенттің орны және қалыптасу жолдары.

*Тапсырмалар:*

1. ҚР-да көппартиялық жүйенің қалыптасу факторларын анықтау және қалыптасу ерекшеліктерін көрсету.
2. Қазақстанда 1995 жылғы конституциялық реформаға сәйкес екі палаталық Парламенттің қалыптасу себептерін анықтау.
3. Қазіргі Қазақстандағы партиялардың басты бағыттары мен бағдарламалық ерекшеліктерін анықтау.

## Қорытынды семинар

### Сұрақтар:

1. Демократизацияның саяси модернизациямен арақатынасы.
2. Қазіргі кездегі әлемдегі саяси модернизация үдерістерінің ерекшеліктері.

### Тапсырмалар:

1. Саяси модернизацияның анықтамасы мен қазіргі мазмұнын жазбаша түрде ашып көрсету.
2. Қазіргі саяси әдебиеттерде модернизацияның қолданылатын механизміне байланысты түрлері бойынша жіктеу барысында келесі кестені толтыру:

| Саяси модернизацияның түрлері | Модернизацияның жалпы мазмұны | Модернизацияның сипатты белгілері |
|-------------------------------|-------------------------------|-----------------------------------|
|                               |                               |                                   |
|                               |                               |                                   |
|                               |                               |                                   |

## 4.2 Пән бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары

### Бақылау жұмыстардың тақырыптары:

1. А.Токвиль бойынша демократия.
2. Интеллектуалды элита мен саяси элита ұғымдарының айырмашылығы.
3. Саяси ғылымдағы биліктің бөліну туралы идеялар.
4. Қазіргі әлеуметтік демократияның идеялық негіздері.
5. 20-ғасырдағы батыстың саяси ғылымындағы «билеуші тап» және «орта тап» концепцияларының дамуы.
6. М. Тэтчердің үш консервативтік үкіметі.
7. Постиндустриалды информациялық қоғам концепциялар.
8. Қазіргі саяси ғылымдағы әлеуметтік мемлекет туралы концепциялар.
9. К. Поппердің ашық қоғамы.
10. Қазіргі әлемдегі парламенттік институттар құрылымы.
11. Табиғи және бейтабиғи модернизацияның ерекшеліктері.
12. Модернизацияның агенттері.
13. Дәстүрдің модернизацияға тигізетін әсері.
14. Модернизацияның түрлері.
15. Модернизацияның экономикалық негіздері.
16. Модернизацияның әлеуметтік негіздері.

*Рефераттар тақырыптары:*

1. Қазіргі ғылымдағы даму теориялар.
2. Г. Алмонд пен Б. Пауэллдің салыстырмалы саясаттанудағы даму тұрғысынан көзқарас.
3. Дж. Леви «Модернизация және қоғамның құрылымы» жөніндегі көзқарас.
4. «Дәстүр» мен «модернизацияның» арақатынасы туралы дискуссия.
5. Саяси модернизациялау теориясының қалыптасуы және оның негізгі бағыттары.
6. Саяси модернизация теориясының даму кезеңдері.
7. Саяси модернизацияның жаңа концепциясы.
8. Саяси модернизацияның сатылары мен факторлары.
9. Қазіргі Батыс елдеріндегі қоғамның индустрияландырылуы туралы концепциялары.
10. Батыс елдердегі президенттік институтының заңнамалық негіздері.
11. Қазіргі қоғамдардағы интеллектуалдық және саяси элиталардың саяси модернизациядағы рөлі.
12. Саяси және интеллектуалдық элитаның ұқсастығы мен айырмашылығы.
13. Интеллегенция мен биліктің өзара әрекеттесуі.
14. Жаңарту ісін талап ететін әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени идеологиялық факторлар.
15. Қазіргі заманғы мемлекет және оның ерекше белгілері.
16. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет идеясының генезисі және эволюциясы.
17. Модернизация процесіндегі ерекшеліктер мен қарамақайшылықтар.
18. АҚШ-тың мемлекеттік құрылысының қалыптасуы.
19. АҚШ-та екіпартиялық жүйенің қалыптасуы.
20. Рузвельттің «жаңа бағыты» реформалары экономиканы мемлекеттік реттеудегі либералдық моделі ретінде.
21. АҚШ-тағы кейінгі индустриалдық модернизация.
22. Франциядағы Монненің өнеркәсіпті модернизациялау және жаңғырту жоспары.
23. Саяси модернизацияның авторитарлық-прагматтық теориясы.
24. Олигархиялық модернизация: Орталық Америка нұсқасы (Гватемала, Сальвадор, Никарагуа).
25. Чилидегі XX ғасырдың 70-жылдарына дейінгі этикалық модернизация моделі.

26. Қытайдағы модернизация.
27. Үндістандағы модернизация
28. Ресейдегі модернизация тәжірибесі.
29. 1917 жылғы орыс революциясы.
30. XX ғасыр тоталитаризмнің тарихи шарттары, әлеуметтік негіздері.
31. КСРО-дағы тоталитарлық режим және модернизация саяси процесс ретінде.
32. Тоталитарлық жүйеден демократияға көшудің тарихи қажеттілік.
33. Қоғамды демократияландыру және саяси жаңару.
34. Демократия қазіргі мемлекеттік құрылымның бір түрі ретінде.
35. Демократияға көшу жолдары.
36. Демократия сабақтары.
37. «Қуып жетуші» модернизация және псевдodemократия.
38. Қазіргі Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінің даму перспективалары.
39. ТМД елдерінде көппартиялық жүйесінің қалыптасуы.
40. Посткоммунистік трансформацияның түсінігі мен белгілері.
41. Қазақстан қоғамының дамуының қазіргі кезеңінің ағымдары ауқымындағы саяси жаңғыртулардың ерекшеліктері.
42. Қазіргі Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің модернизациясы аясындағы сыртқы саясат бағыттарының дамуы.
43. Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік саясаттағы басты мәселелер.
44. Саяси модернизацияның Қазақстандағы қазіргі мәселелері және оларды шешу жолдары.
45. Демократияның қазақстандық үлгісін қалыптастырудың мәселелері.

*Курстық жұмыстар тақырыптары:*

1. Саяси модернизацияның қазіргі замандық мазмұны мен негізгі факторлары.
2. Саяси модернизация және демократизация.
3. Саяси элита саяси модернизацияның агенті ретінде.
4. Қазақстан Республикасындағы саяси модернизацияның ерекшеліктері.
4. ҚР-ғы саяси модернизацияның әлеуметтік-мәдени алғышарттары.
5. Реформа және революция саяси дамудың түрі ретінде.

6. Қазақстанда саяси плюрализмнің дамуы.
7. Қазақстандағы интеллектуалдық элитаның саяси модернизациядағы рөлі.
8. Посттоталитарлық қоғамдағы демократиялық үдерістер.
9. Қоғамды демократияландыру үдерісінің негізгі бағыттары.
10. Коммунизмнің әлеуметтік-саяси қозғалыс және идеология ретіндегі дағдарысы.
11. Қазақстанда билік бөлу жүйесіндегі президенттік институт.
12. Қазақстанда билік бөлу жүйесіндегі парламенттік институт.
13. Қазіргі Қазақстандағы көптармақты саясат.
14. ҚР-ның өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу мен даму ерекшеліктері.

### **4.3 Пән бойынша емтихан сұрақтары**

1. Модернизация және саяси модернизация ұғымдары мен мазмұны.
2. Модернизацияны зерттеудегі көзқарастар.
3. «Дәстүрлік қоғам» және «қазіргі қоғам», «Батыс» және «Батыс емес» ұғымдары.
4. «Саяси даму» ұғымы мен негізгі түрлері.
5. Даму теориялар: Г. Алмонд, Б. Пауэлл, А. Органский, К. Дойч, К. Калман, М. Леви
6. Саяси даму мен саяси модернизация ұғымдарының ұқсастығы мен айырмашылығы.
7. М. Вебердің модернизациялық идеялары.
8. Саяси дамудың дағдарыстары және жаңа модельдері.
9. Реформа және революция: ұғымдары мен түрлері.
10. Модернизация процесінің сипаттамалары, вестернизация мәселесі.
11. Саяси модернизация теориясы, оның эволюциясы.
12. Саяси модернизация процесінің белгілері.
13. С. Хантингтонның әлеуметтік институттардың өзгеріске ұшырауы туралы пікірлері.
14. С. Верба, Л. Пайдың қоғамдық психологияның өзгеріске ұшырауы туралы пікірлері.
15. У. Мур, А. Экстайнның қоғамның индустрияландырылуы туралы пікірлері.
16. Демократизация саяси модернизацияның қазіргі кезеңдегі негізгі сипаты ретінде.



17. Модернизация түрлері мен модельдері.
18. Табиғи (органикалық) және бейтабиғи (бейорганикалық) модернизация.
19. Модернизацияның тарихи кезеңдері.
20. Саяси жүйенің институтталу мен дәстүрлі қоғамның қазіргі қоғамға көшу проблемаларының өзара байланыстылығы.
21. Қазіргі Қазақстандағы демократия жағдайындағы президенттік институты.
22. Ілеспе модернизация елдеріндегі президенттік институттың ерекшеліктері.
23. «Интеллигенция», «интеллектуалдық элита» және «саяси элита» ұғымдары және модернизация процесіндегі ролі.
24. Саяси және интеллектуалдық элитаның ұқсастығы мен айырмашылығы.
25. Қазіргі қоғамдағы саяси элитаның әлеуметтік өкілдігі, құрылуы, қоғамдағы орны.
26. Саяси лидерлер, олардың модернизация процестеріндегі саяси қызметтері.
27. Қоғамдағы саяси модернизациялаудың тарихи қажеттілігі.
28. Авторитаризм және саяси модернизация.
29. АҚШ-тағы табиғи модернизация.
30. Франциядағы, Англиядағы, Германиядағы және басқа да батыс елдердегі модернизация.
31. Дамушы елдердегі саяси модернизацияның ерекшеліктері.
32. Авторитаризм жағдайда шектеулі консенсус негізінде модернизациялау (Чили, Индонезия, Түркия және т.б.).
33. Модернизацияның қытайлық моделі.
34. Ресейлік модернизация толқындары.
35. Тоталитарлық саяси жүйе аясындағы модернизация.
36. Орталық және Орталық-шығыс Еуропа елдеріндегі саяси модернизация.
37. Посткеңестік кеңістіктегі саяси модернизация.
38. Қазақстанның саяси жүйесін модернизациялау факторы ретіндегі президенттік институт.
39. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің ұластыру ерекшеліктері.
40. Қазақстан Республикасында партиялық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері мен проблемалары.

## 1.4 Студенттерге өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмаларының үлгілері:

1. Демократияның бір бағыттық деңгейде кеңейуі моделі:
  - A) Диалектикалық
  - B) Циклдық
  - C) Үзбелі
  - D) СЫЗЫҚТЫҚ
  - E) Өзгермелі
2. Саяси салада иерархиялық құрылысы және ұйымдасқан белгісі мен басқарушы аппараты болады:
  - A) Саяси институттарда
  - B) Саяси мәдениетте
  - C) Саяси қатынастарда
  - D) Саяси құбылыстарда
  - E) Саяси шеңберде
3. Қазіргі өркениеттік саяси жүйелердің негізгі міндеті:
  - A) Саяси білімдерді қабылдау процесі
  - B) Жүйенің құрылымын бұзатын әрекеттер
  - C) Жүйені қолдауға бағытталған кезгелкен іс-әрекет
  - D) Контрреформалық түрде іс-әрекет жасау
  - E) Әрдайым үздіксіз күресте болу
4. Барлық елдер басынан кешіретін экономикалық өсудің бес универсалды кезеңін ұсынған ғалым.
  - A) Д. Белл
  - B) Э. Тоффлер
  - C) У. Растоу
  - D) М. Маклюэн
  - E) С. Эйзенштадт
5. Н. Назарбаев Қазақстандағы саяси модернизациялық процессті қалай анықтайды:
  - A) Секірмелі модернизация
  - B) Озушылық модернизация
  - C) Қуып жетуші модернизация
  - D) Бейімделуші модернизация
  - E) Прогресстік модернизация
6. С. Хантингтонның айтуы бойынша демократизацияның:
  - A) 6 толқыны болды
  - B) 5 толқыны болды
  - C) 7 толқыны болды

D) 2 толқыны болды

E) 3 толқыны болды

7. Саяси трансформацияның негізгі көрсеткіші:

A) Саяси жүйе түрінің өзгермеуі

B) Саяси элита бақылауының қатайуы.

C) Саяси жүйе түрінің өзгеруі

D) Қоғам өмірінің өзгермеуі.

E) Саясатқа адамдарды тарту.

8. Төрт модернизациялық саясаты қандай мемлекетке тән:

A) Қытайға

B) АҚШқа

C) Солтүстік Кореяға

D) Чилиге

E) Үндістанға

9. Авторитарлық қоғамды ашатын тыйымдардың сипаты:

A) Барынша жариялылық

B) Биліктің бұйрығымен ғана рұқсат етілген

C) Саясатқа қатысы бар нәрсе ғана рұқсат етілген

D) Билік ауысуынан басқасының бәрі рұқсат етілген

E) Заңмен тыйым салынғаннан басқаның бәрі рұқсат

10. Референдум азаматтардың билігін іс жүзіне асырудың қандай түріне жатады:

A) Жабық

B) Өкілдік

C) Плебисцитарлық

D) Либералдық

E) Плюралистік

11. Модернизацияны дәстүрлі институттардың жаңа функцияларға икемделуі ретінде қарастырған ғалым:

A) С. Блэк

B) М. Леви

C) У. Ростоу

D) Д. Белл

E) Т. Парсонс

12. О. Тоффлердің пікірінше билік ресурстарының қандай түрлері қазіргі кезде әлемде ерекше маңызға ие бола бастады:

A) Экономикалық

B) Әлеуметтік

C) Білім мен ақпарат

D) Мәжбүрлеу

- Е) Нормативтік
13. М. Левидің пікірінше модернизация - ол:
- А) Білім мен ақпараттың жедел дамуы
  - В) Тек қана құрылымдық өзгеріс
  - С) Дәстүрлі институттардың жаңа функцияларға икемделу үдерісі
  - Д) Дәстүрлі емес қоғамның түрі
  - Е) Қоғамның өзін қозғамайтын жалпы әлеуметтік төңкеріс
14. Дәстүрлі қоғам мен қазіргі заманды зерттеуде М. Вебер және Т. Парсонс қандай ғылыми әдісті қолданады:
- А) Диалектикалық
  - В) Бихевиористік
  - С) Тарихи
  - Д) Салыстырмалы
  - Е) Өзгермелі
15. Модернизация ұғымын анықтаудағы С. Эйзенштадтың көзқарасы:
- А) Тарихи
  - В) Циклдық
  - С) Релятивистік
  - Д) Бихевиористік
  - Е) Өзгермелі
16. Сынау бостандығы және оппозицияның болуы келесі саяси жүйе үлгісінің көрсеткіші:
- А) Авторитарлық
  - В) Тоталитарлық
  - С) Демократиялық
  - Д) Дәстүрлі
  - Е) Патриархалдық
17. Д. Белл индустриялыққа дейінгі, индустриалдық және постиндустриалдық қоғамдардың болуын неге байланыстырады:
- А) Демократиялық толқындардың болуына
  - В) Қоғамдарда интеллектуалдық элитаның іс әрекетіне байланысты
  - С) Саяси трансформациялық өзгерістерге байланысты
  - Д) Байланыс құралдарының, коммуникация түрлерінің ауысуына байланысты
  - Е) Өнеркәсіптік технологиялардың өзгермелілігіне байланысты
18. Э. Тоффлердің пікірінше, өркенниет тарихында үш технологиялық толқын қандай қоғамдардың пайда болуына себепкер болады:

- А) Аграрлық индустриалдық және ақпараттық  
 В) Индустриалдыққа дейінгі, индустриалдық және постиндустриалдық  
 С) Ашық және жабық  
 D) Өзгермелі  
 E) Азаматтық және құқықтық
19. Чилидегі модернизацияның саясаты:  
 А) 4 модернизация саясаты  
 В) 3 модернизация саясаты  
 С) 5 модернизация саясаты  
 D) 7 модернизация саясаты  
 E) Модернизация саясаты болған жоқ
20. Бір саяси режимнен екінші саяси режимге ауысу процесі:  
 А) Саяси трансформация  
 В) Саяси социализация  
 С) Саяси идентификация  
 D) Саяси стратификация  
 E) Саяси реформация

Ұсынылған тесттердің кілттері:

| Сұрақтың нөмірі | Дұрыс жауаптары | Сұрақтың нөмірі | Дұрыс жауаптары |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| 1               | Д               | 11              | А               |
| 2               | А               | 12              | С               |
| 3               | С               | 13              | Е               |
| 4               | С               | 14              | Д               |
| 5               | Д               | 15              | А               |
| 6               | Е               | 16              | С               |
| 7               | С               | 17              | Е               |
| 8               | А               | 18              | А               |
| 9               | Д               | 19              | Д               |
| 10              | С               | 20              | А               |

## Қорытынды

Қазіргі заманның ерекше көрсеткіштерінің бірі әлемдегі көп мемлекеттердің саяси жүйелері тоқтаусыз даму және жаңару үдерісте болуы. Дж Джермани айтқандай «Модернизация үдерісі – бұл перманенттік революция». <sup>1</sup>

Бұл үдерістің ерекше динамикалық сипаты қоғамды қайта жаңарту, модернизациялау жағдайында көзге түседі. Қазіргі кезде модернизацияланып келе жатқан қоғамға батыс стандарттар мен құндылықтарды зорлап міндеттеуде қажеті жоқ екені айқын көрініп тұр. Қайта, әр халық өзінің әлеуметтік-мәдени дәстүрлеріне және өздерінің ниеттеріне сәйкес саяси дамудың жолын таңдап, сол жолмен жүрсе, бұл ең оптималды шешім болып танылады. Бұл әр елдің ерекшеліктеріне байланысты және өте күрделі үрдіс.

Мысалы, Қазақстан Республикасындағы саяси модернизация авторитарлық саяси мәдениетпен және ұлттық сананың архетиптерімен байланысты ерекшеліктерді білдіреді. Посттоталитарлық қоғам, демократиялық даму жолына түсіп, өзінің саяси мәдениетінің мына белгілерін жеңіп шығу керек: конформизімді, саяси енжарлықты (апатияны) және құқықтық нигилизмді, патернализмді, саясаттан жаппай (тоталды) жатсынуды және т.б.

Қоғамдағы саяси мәдениет дамуында мына қасиетті белгілерге бағыттау керек: плюрализм, шыдамдылыққа, ынта мен жауапкершілікке, оппозицияны легитимацияландыруға, әлеуметтік және экзистенциалды белсенділікке. «Бейімделген (адаптацияланған) модернизация» идеясын ұсынып, Н. Ә. Назарбаев мына мәселені ескеріп айтты: «Демократиялық фасадты (көзге көрініп тұрған алғы жақты) салу жеңіл, бірақ авторитарлық саяси мәдениетті: бұқаралық «темір қолға», тәртіпке ностальгиясын, саяси элиталардың күштеуіне, волонтаристік шешімдерге бейімділігін, бағынуға жататын адамдардың пассивтігін – жеңіп шығу одан гөрі айтарлықтай қиындау. Дүниені өзгерту үшін, біз өзімізді өзгертуіміз керек». <sup>2</sup>

Сонымен, жалпы «Саяси модернизация» пәніне байланысты ғылыми және тәжірибелік мәселелерінің зерттелу нәтижелерін былай қорытуға болады:

- Модернизация теориясы ХХ ғ. 50-60 жж. қалыптаса бастап үш кезеңнен өтті: 50-60 жж., 60-70 жж., 80-90 жж. Әр кезеңде модернизация

<sup>1</sup> Джермани Дж. Основные характеристики процесса модернизации // Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия. – М., 1998.

<sup>2</sup> Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. - Алматы. 1996. – С.157.

теориясының өзіне сәйкес ерекшеліктері қалыптасты.

- Модернизация дәстүрлері қоғамнан қазіргі замандық қоғамға қарай даму үдерісі ретінде ұғымды білдіреді.

- Модернизацияға қарсы контрмодернизация, яғни оған қарсы белсенді үдеріс пайда болу мүмкін.

- XXғ. екінші жартысында саяси модернизация келесі факторлармен байланысты болды:

- 1) қазіргі мемлекеттіліктің қалыптасуы;
- 2) саяси партиялардың рөлінің күшейуі,
- 3) қоғам мен саясаттың демократизациясы;
- 4) консенсустың қалыптасуы;
- 5) автономдығы көбірек болған тұлғаны көтермелеу;
- 6) қоғамның бейімделу қабілетінің қалыптасуы мен дамуы;
- 7) білім беру мен ғылымның дамуы.

- «Органикалық емес», «қалыстық», «куып жетуші» модернизация ұғымдардың негізінде еуроцентризм жатыр.

- «Дәстүр» мен «модернизацияның» арақатынасы туралы пікірталастың нәтижесінде «постмодернизация» ұғымының мазмұны анықталады. Бұл жолда «дәстүр» мен «модернизацияның» бірлігі мүмкін болуы, яғни дәстүрлердің кейбір жақтары өзгеруі мүмкін.

Жалпы алғанда, тарихи тәжірибе көрсеткендей қазіргі әлемдегі саяси үдерістердің көбісі демократияландыру арқылы түсіндіріледі. Және де зерттеушілердің айтуынша, ол қазіргі саяси модернизацияның ең негізгі белгісі болып отыр.

Ал, қазіргі постсоциалистік елдердегі демократизация саяси модернизацияның ең маңызды, мәнді сипаттамасы болып табылады. Саяси модернизация үдерісінің контекстінде демократияның маңызды болып тұрған бірнеше жалпы белгілері мынау:

- демократияның пайда болуы және қалыптасу үдерісі барлық жерде бірдей болмайды;

- демократизация жиі кезде сырттан жасаған түрткіден басталады;

- демократия алғашқы сатыларда материалдық өсіп-өнуге мүмкіншілік туғыза алады;

- демократия әлеуметтік мәселелерді бірден автоматтық түрде, тез және тиімді шеше алмайды;

- демократияның бірден сәтті болуы сирек кездеседі;

демократия өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті.

Сонымен қатар, постсоциалистік трансформация барысында посткеңестік мемлекеттер «куып жетуші» модернизациядан «сындарлы» модернизацияға көшті деп айтуға болады. Оның себебі

осы мемлекеттердің саяси мәдениетінің дамуында жатыр. Батыстық стандарттары посткеңестік мемлекеттерде бірден орын тапқан жоқ, өйткені халықтың бұрын қалыптасқан психологиясы, құндылықтары болды. Кейбір посткеңестік республикаларда демократиялық режим орнатылмады. Соларды есепке алып, ғалымдар «сындарлы модернизация» идеясын ұсынды.

Әрине, посткеңестік мемлекеттер үшін демократиялық институттардың әлсіздігі немесе жоқтығы тән екендігі және либерализм мен демократиялық қоғамдық құрылыс тәжірибесінің жоқтығы байқалады. Бұл жолда саяси элита саяси модернизацияның агентісі болып шығады, өйткені қоғамның белсенді азшылығы ретінде қоғамды реформаландыру үдерісін жоспарлап, оны жүргізуді қадағалайды.

Кез келген модернизация үдерісінің екі константасы әрқашанда болатындығын қарастыруға да қажет. Оларға қоғамдағы әлеуметтік-саяси мобилизация және экономикалық даму көрсеткіштер жатады.

Ал, қазіргі Қазақстандағы саяси модернизацияның ерекшеліктері «сындарлы модернизация» жолына көшумен байланысты деп тұжырымдауға болады. Бұл жолда Қазақстанның саяси мәдениетінің бұрыннан келе жатқан дәстүрлерін есепке алу қажеттілігі көрініс табады.

Қазақстандағы саяси модернизацияның ерекшеліктері елдің егемендікке жетуінен және президенттік басқару нысанымен байланысты. Қазақстан өз мемлекеттік сәйкестілікке ие болып тұр, оның саяси режимі – шектеулі авторитаризмді білдіретін либералдық-демократиялық.

Қазақстанның саяси модернизацияның бірінші кезеңі «қуып жетуші» модернизацияның жолымен жүрсе, қазіргі кезеңі – «сындарлы модернизацияның» белгілерін білдіреді, өйткені саяси мәдениеттің ерекшеліктерін есепке алады. Саяси модернизация «жоғарыдан төменге қарай» жүргізіліп жатыр. Бұл үдерістің агентісі – саяси элита. Бірақ, бұл жолда еліміздегі саяси мәдениет ерекшелігіне қарай саяси элита арасындағы патронаттық-клиентарлық қатынасты сақтап қалуының себептерінен дәстүршіліктің қоғамдық-саяси жағынан модернизациялау ісіне ықпалы баршылық. Сайып келгенде, жоғарыда айтылғандардың бәрі Қазақстан дамуының жаңа кезеңі үшін еліміздің үйлесімді саяси және мемлекеттік құрылымның оңтайлы үлгісін таңдауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі саяси модернизацияның барлық мәселелері әлеуметтік саладағы модернизацияға байланысты. Бірақ оны жетілдіру үшін саяси жүйені дамытуға көңіл бөлу қажет.



Сондықтан, ҚР Президентінің айтуы бойынша, жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі - ол жалпыға танылған демократиялық құндылықтар мен өзіміздің көпұлтты және көпконфессиялды қоғамымыздың дәстүрлері үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негіздерін одан әрі нығайта беру қажет<sup>1</sup>. Себебі бұл саяси модернизация үдерістің жүзеге асуының басты шарты болып табылады.

---

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.- 2007, 1 наурыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

*Оқулықтар мен оқу құралдары:*

1. Абдулаттаев С. И. Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2008.
2. Аяған Б. Ғ. Қазіргі Қазақстан тарихы: жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2010.
3. Әлэкбаров Н. Саяси ілімнің тарихы және методологиясы: оқулық. – Баку, 2005.
4. Әбсатаров Р. Саясаттану және оның проблемалары. – А.: «Тоғанай Т» баспасы, 2007.
5. Әбсатаров Р. Саясаттану негіздері (екі томдық оқу құралы). – Алматы: Қарасай, 2011.
6. Жамбылов Д. А. Саясаттану. Оқулық. Өзгеріссіз. 4 басылым. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008.
7. Жексембекова В. А. Саяси модернизация процесі және қазіргі кезең. Оқу құралы. – Алматы, 2006.
8. Жоламан Қ. Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. – Алматы, 2005.
9. Жұмасұлтанова Ғ. Ә., Мырзабекова А. Ш. Постсоветтік кеңістіктегі саяси модернизация. Оқу құралы. – Қарағанды, 2007.
10. Жұмасұлтанова Ғ. Ә., Мамирова К. Т. Саясаттану пәні бойынша кестелер мен сызбалар. – Қарағанды, 2009.
11. Қазбеков Н. А. Саяси процестер: Оқу құралы. – Қарағанды, 2004
12. Қазбеков Н. А. Геосаясаттың теориялық негіздері. – Қарағанды, 2007.
13. Қазбеков Н. А. Саяси жүйелер мен режимдер. – Қарағанды, 2010
14. Қуандық Е. С. Саясаттану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Дәуір», 2005
15. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 176 б.
16. Мұхамедов М., Сатершинов А. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. – Алматы, 2002.
17. Мырзабекова А. Ш., Жұмасұлтанова Ғ. Ә. Демократияның тарихы мен теориясы: Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005.
18. Мырзабекова А. Ш. Саяси элитология. – Қарағанды, 2004
19. Рахметов Қ. Ж. Саясаттану. Оқу құралы. – Алматы: Өлке, 2009.
20. Политология. Учебник / под редакцией А. Ю. Мельвиля. – М., 2007.

21. Политология. Курс лекций / под редакцией М. Марченко. - М., 2009

22. Хейвуд Э. Политология: учебник: пер. с англ/ Под ред.: Г. Г. Водолазова, В. Ю. Бельского. – 2-е изд.. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, 2005.

23. Рахымбаева А. С. Саясаттану: дәрістер жинағы: оқу құралы. 2-ші басылым. – Астана: Фолиант, 2010.

24. Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. – Ставрополь. - 2006 // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/>

25. Политическая наука в России: интеллектуальный поиск и реальность: Хрестоматия / Отв. ред.-сост. А. Д. Воскресенский. – М.: МОНФ», 2000. // <http://www.mgimo.ru/files>

*Ғылыми – теориялық әдебиеттер:*

1. Алмонд Г. Сравнительная политология сегодня - М., 2002

2. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2005, 2006, 2007.

Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество: Опыт социального прогнозирования / Пер. с англ. – М.: Academia, 1999.

3. Вебер М. Протестанттық этика және капитализм рухы / Әлемдік әлеуметтану антологиясы: 10 томдық. «Мәдени мұра бағдарламасы» Т.3 – Алматы: ЖШС «Қазақстан баспа үйі», 2007

4. Гидденс Э. Последствия модернити. - М., 1999

5. Даль Р. О демократии / Пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 2000..

6. Дәрімбет Б. Демократия мен автократия: Саяси өмір шежіресі – А., 2004

7. Дюверже М. Политические партии – М., 2000

8. Қасымбеков М. Институт президентства как инструмент политической модернизации.- Астана.-2002..

9.Қазақстан Республикасы: саяси жаңғыру / ред.:А.С.Сағынғали, Б. М. Каипова. – Алматы: Таймас, 2008.

10. Мусырман А. Ш. Казахстан в условиях модернизации. XX-начало XXI в. – Петропавловск, 2007.- 269 с.

11. Назарбаев Н. А. На пороге XXI века. - Алматы. 1996.

Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003.

12. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007.

13.Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана в 2-х томах. - Алматы, 2001.

14. Нгуен Ф. Ч. Вьетнам жаңару әлемінде. – Астана: Полиграф-Мир, 2012.

15. Лейпхарт А. Многосоставные общества и демократические режимы – М. 1997.

16. Парсонс Т. Система современных обществ – М. 1998 .

17. Поппер К.Р. Ашық қоғам және оның жаулары. / Ауд. Т.Жандаулетов – А., 2004.

18. Руссо Ж-Ж. Қоғамдық келісімшарт туралы немесе саяси құқық принциптері / ауд. Б.Ж.Смағамбет. – Алматы, 2004.

Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004.

19. Токвиль А. Демократия в Америке. В 4-х томах. Т. 4, кн. 2. - М., 1992.

Тойнби А. Постигание истории. – М.: Изд-во «Прогресс», 1991

Хантингтон С. Модернизация и вестернизация // Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия / Сост. Б.С. Ерасов.- М., 1998.-

20. Хантингтон С. Демократиялық процестің болашағы / Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. «Мәдени мұра бағдарламасы»: Т.8 – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2007.

21. Хантингтон С. Третья волна. Демократия на исходе века. - М., 2003.

22. Шумпеттер Й. Капитализм, социализм және демократия / Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. «Мәдени мұра бағдарламасы»: Т.6. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2007. – 536 б.

23. Эйзенштадт Ш. Новая парадигма модернизации // Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия – / Сост. Б.С. Ерасов. - М., 1998

24. Эйзенштадт. Революция и преобразования в обществе. - М., 1999.

25. Эйндрейн Ч. Сравнительный анализ политических систем. - М. 2001.

26. Ясперс К.Смысл и назначение истории: Пер. с нем. – М.: Политиздат, 1991

#### *Нормативтік база және саяси құжаттар:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (7қазан 1998ж. және 21 мамыр 2007ж. өзгерістер және толықтырулармен) – Алматы: «Юрист», 2007.

2. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 19 шілде, 2002 ж.

3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың

гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997.

4. Назарбаев Н. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы / ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. 2006 ж., 2 наурыз. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

5. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2007ж.1 наурыз // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2008 ж., 16 ақпан // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2009 ж., 6 наурыз // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

8. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2010 ж., 29 қаңтар // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

9. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының бағыты / ҚР Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 2012ж., 27 қаңтар // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

*Анықтамалық әдебиеттер:*

1. Казахстанская политическая энциклопедия.- Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.

2. Мәдени философиялық энциклопедиялық сөздік / Құрастырғандар Т.Ғабитов, А.Құлсариев – Алматы, 2004.

3. Политическая энциклопедия. В 2-х т. Т.1 / Нац. обществ.- научн. фонд. – М.: Мысль, 2001.

4. Саяси түсіндірме сөздік / Құрастырғандар Е.Саиров, Б.Әбдіғали, Т.Жабелова және т.б. – Алматы, 2007.

5. Саяси түсіндірме сөздік: анықтамалық басылым /ред. М. Әшімбаев. - Алматы: Жүйелі зерттеулер ин-ты, 2007.

6. Оксфорд қысқаша сөздігі: Саясаттану. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001.

7. Философиялық сөздік / Бас. Ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қаз. энцикл., 1996.

8. Элита Казахстана. Власть. Бизнес. Общество /рук. проекта Е. Сейтимов. - 3-е изд. - Алматы: - Т.1. - 2010. - 373 с.

*Мерзімдік басылымдар:*

1. Әлмұратов Б. Демократиялық элитизм мен неоэлиталық көзқарастың теориялық-методологиялық негіздері // Евразийское сообщество.-2009.-№2 (66).
2. Әбсатаров Р. Саяси ғылым тарихы // Хабаршы, 2006, №1.
3. Жексембекова В.А.Саяси жаңарту: теориялық көзқарастар // Ізденіс - Поиск . - 2007. - №1.
4. Жексембекова В.А. Саяси жаңарту теориясының қазіргі мағынасы // Адам әлемі. - 2007. - 7 мамыр. -№2 (32).-
5. Жексембекова В.А. Партиялық жүйені реформалау - саяси жаңартудың басты бағыты //Ізденіс – Поиск.- 2007. - №3 (1).
6. Жексембекова В.А. Саяси жаңартудың қазақстандық үлгісінің ерекшеліктері // Эль-Фараби. 2007. - №4 (20).
7. Жексембекова В.А.Саяси жаңарту: теория мәселелері және Қазақстан тәжірибесі // Саясат.- 2007. - №10.
8. Жексембекова В.А. Саяси жаңарту: теориялық методологиялық-ізденістер // Ізденіс-Поиск, Сер. гуманитарных наук. 2008. - №1 (1).
9. Жексембекова В.А. Қоғамды саяси тұрғыдан модернизациялаудың практикалық үлгілері: батыс елдерінің тәжірибесі // Вестник Евразийского гуманитарного института. - 2008. - №3.
10. Жексембекова В.А. Демократиялық жаңғырудың саяси алғышарттары // Еуразия гуманитарлық Хабаршысы. - 2008. - №4.
11. Жексембекова В.А. Демократиялық жаңғыру үрдісінің даму ерекшеліктері //Ақиқат. - 2009. - №1
12. Жұмасұлтанова Ғ.Ә. Құқықтық мемлекет туралы идеялар және оның қазіргі Қазақстанда қалыптасуының алғы шарттары // Қарағанды ун-тінің хабаршысы. Тарих, философия, құқық сер. - 2009. - № 2. - 244-251 б.
13. Жұмасұлтанова Ғ.Ә. Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизацияның негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары // Междунар. конф. «Казахстан и Евразийское пространство в социогуманитарном измерении». - Караганда, 2006.
14. Иманбекова Б. «Индустриялық қоғам; Саяси-тарихи зертеу // Ізденіс-Поиск, Сер. гуманитарных наук. - 2008. - №1.
15. Инглехарт Р. Постмодерн: меняющиеся ценности и изменяющиеся общества. //Полис – 1997. - №4.
16. Ипполитова Т.В. Теории модернизации и социальные трансформации общества // Евразийское сообщество.- 2009.-№3(67).- С.80-85.

17. Қалиев Н. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі: сапалық өзгерістер // Ақиқат. - 2011. - №12. - 28-34 б.

18. Кошербаев Д.Б. Интеллектуалды элита әлеуметтік- саяси құбылыс ретінде // Қазақстан жоғары мектебі. – 2008. – №4 – 209-215 б.

19. Кошербаев Д.Б. Қазақстан интеллектуалды элитасының қалыптасуының ерекшеліктері // Қоғам және дәуір. – 2008. – №3. – 49-56 б.

20. Лоумулин М. Проблемы модернизации Казахстана и внешний фактор // Саясат.- 2008. -№ 4.

21. Нұрымбетова Г. Саяси ғылымның салмағы зор // Ақиқат.-2009.-№3.-22-26 б.

22. Растоу У. Переходы к демократии // Полис. -1996.- №5.

23. Сәрсенбаева Ж. Қазақстанды түбегейлі демократияландырудың теориялық негіздері // Ақиқат. - 2010. - №8. - 18-21 б.

*Ғаламтор көздері:*

1. Вебер М. Политика как призвание и профессия. [Электронный ресурс]: <http://www.gumer.info/bibliotekBuks/Sociolog/vebizbr/08.php>

2. Даль Р. Полиархия, плюрализм и пространство. [Электронный ресурс]: [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Polit/dal/pol\\_pl.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/dal/pol_pl.php)

3. Дархан Калетаев. Саяси модернизация жасау емес, оны жетілдіру жайы сөз болуы тиіс // <http://abai.kz/content/darkhan-kaletaev>.

4. Қазақстан Интернет-сайты: <http://www.inform.kz/> Материалы за 2005-2008

5. Тоффлер Элвин. Третья волна. [Электронный ресурс]: [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Culture/Toffler/\\_06.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Culture/Toffler/_06.php)

6. Фукуяма Ф. Конец истории? [Электронный ресурс]: [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/History/Article/\\_Fuk\\_EndIst.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/History/Article/_Fuk_EndIst.php)

7. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. [Электронный ресурс]: <http://www.gumer.info/bibliotekBuks/Polit/Hant/index.php>

# **САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ**

*Оқулық*

Басуға 28.12.2012 ж. қол қойылды. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «Times».  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылым. Баспа табағы 8,5.  
Таралымы 1250 дана. Тапсырыс 7660.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.